а) Омонимдік қатар түзген сөздердің екі сынары да түркі сөздері болады. Сөздердің семантикалық дамуы нәтижесінде мағыналары бір-бірінен алшақтап, басқа-басқа мағынада тұрақтаған сөздер жатады. Яғни мұндай омонимдер лексикалық тәсіл арқылы жасалған. Мысалы:

I. **At** (ат) «ат, есім», *Töräniñ atimen...* (54-қап., 67 б). - *Төренің атымен...* (54-бап, 562 б);

II. **At** (ат) «ат, жылқы», *Egär kimesäniñ ati teli bolsa, çaysi ayaçi bilä urmaç, da tişlämäç bilä, çiliçi bilä naçis etkäy, ol çaxta eyäsi ol atniñ, naçis etkän kişini at, ziyaniñ, çardžin da hakimlikin tölämäç keräk. Egär aqlattı esä atiniñ ziyanlı çiliçin, ol çaxta yarim ziyaniñ tölämäç keräk törä yanına. Ne ki bu boyruçniñ uçuna aytiliyyir, aqlaniyyir, egär anıñkibik kişi ermeni, ayb atına yamanliç üçün bertägäy* (32-қап., 102 б). – *Егер біреудің құтырған аты болса, кісіні тепкілеп немесе таптап, басқа қылығымен мүгедек етсе, ол кезде сол аттың иесі, ат мүгедек еткен кісіге зиянын, емдеуге шыққан шығынын төлеу керек. Егер атының жаман мінезі туралы ескерткен болса, онда төре бойынша зиянның жартысын төлеу керек. Бұл бұйрықтың соңында айтылғанды былай түсіну қажет: егер ондай кісі армян болса, аттың келтірген зиянына ақы төлемеу керек* (32-бап, 673 б).

I. **Vaç** (бах) - «бап»;

II. **Vaç** (бах) - «қара, бақыла, анықта», *anıñkibik işlar igi sezilmäç keräk dä baçmaç keräk anıñkibik iş bilä...* (4-қап., 85 б). - *Ондай істерді жақсылап зерттеу керек, өлтіргенді қарау керек...* (4-бап, 667 б);

I. **Burun** (бурун) – «мұрын»; *burnına su vermek* (бурнына су вирмек) «мұрнына су беру»;

II. **Burun** (бурун) – «бұрын» септеулігі шығыс септігіндегі

сөздермен тіркеседі: *barča ištän burun keräk ħardašlar* (89-қап., 139 б). - (*барча иштән бұрун хардашлар*) «барша істен бұрын керек бауырлар» (89-бап, 689 б);

I. **Sač** (сач) – «шаш», (адамның шашы); *yüz sač* (үз сач) «жүз шаш»;

II. **Sač** (сач) – «шашу»; *su sačmaħ* (су сачмақ) «су шашу»;

I. **Iti** (ити) - «қылыш, семсер», *iti kötür* (семсерді кезену, қарулы шабуыл жасау);

II. **Iti** (ити) – «қатаң», *iti boғuħ* (қатаң талап (бұйрық));

I. **yüz** (йүз) – «жүз, бет», *jüzdä* (йүздә) *бетне бет*; *jüz kör* (йүз көр) *бетке қарау*, *біреуге тартушылық*; *jüz körmäñiz* (йүз көрмәңіз) *әділетсіз, бір жақты болмаңдар*; *jüz körmäs* (йүз көрмәс) *ол әділетсіз емес, бетке қарамайды*; *jüz körmējjin* (йүз көрмейжин) *бет-жүзге қарамай*.

II. **yüz** (йүз) – «жүз (есептік сан есім)»;

I. **Yük** (йүк) – «жүк, ауыртпалық», *yüktän tart* (ауыртпалықтан босату);

II. **Yük** (йүк) – «кепілдік», *yük izdä* (кепілдік талап ету), *yük kir* (кепіл болу), *yük tibinä* (кепілдікте болу);

I. **Nišan** (нышан) – «белгі, нышан, көрініс», *nišanı küčününj* *barča törälärninj* (барлық заңдардың белгілі күші); *nišini oғurluħ-nij* (ұрлықтың белгісі, нышаны, дәлелі);

II. **Nišan** (нышан) – «құда түсу, неке қию», *nišan et* (құдалыққа түсу);

I. **Xan** (хан) – «хан, патша, король», *ħanға alma buruħundan töräsinij ermeninij* (армян сотынан ханға шағым арыз беру); *ħannij boғuħi bilä* (ханның бұйрығымен, рұқсатымен); *ħannij komaraları* (ханның кедені); *ħannij stoluna kimsä olturmagay ašħa* (ханның дастарханына ауқаттануға ешкімнің отыруына болмайды); *ħannij tärbası* (хан сарайы, ханның маңындағылар);

II. **Xan** (қан) – «қан (кровь)», *Igitlärgä övränciktir, ki öctän ayir nemä kötürmägä, da maħtanmaga, da ayir nemä yürütmägä, da anijki ayir nemä kötürmäxtän egär ki ħaysi aralarından naħis bolgay, ħaysi ki ašħa ħoydı, öč kirdi, da säbäp boldi bu işkä, anij naħisliħina, ges dzurumnü tölämäħ keräk, nečik ħanlı iş ücün, da anij ħatına ol naħis bolganga ziyanin, ħardžin tölämäħ keräk, hakimlikin* (7-қап., 87 б). - *Жастарда (жігіттерде) бәске ауыр нәрсе көтеретін, ауырды сүйретін мақтанатын үйреншік бар, ал егер ауыр нәрсені көтергеннен олардың біреуі мерткісе, кім ақша тікті, бәстесті, және бұл іске кім себеп болды, оның мерткікені үшін қанды қылық сияқты жарты айыпты төлеуге міндетті, және одан бөлек мерткікеннен келген зиянын, емделу*

шығынын және бағасын төлеуі керек (7-бап, 667 б).

I. **Хой** (хой) «кой», *Egär ki ögüz öldürsä inäkni, ya özgä tuvar çaranı münizlü, albo хойнi, da eyäsi bilmägäy tuvarinij çiliçin, ol çaxta keräk tölägäy öldürgän tuvarinij bahasin* (31-кап., 101 б). – *Егер өзгиз сиырды немесе мүйізді қара малды немесе қойды өлтірсе, иесі малының жаман мінезін білмеген жағдайда өлген малдың жарты бағасын төлесін* (31-бап, 673 б).

II. **Хой** (хой) «кой (етістік)», *çayda ki taçil bar anij ya özgä хоуган болгау,..* (11-кап., 89 б). - *Басқа біреудің астық сақтау үшін салып қойған шұңқырын ашса,..* (11-бап, 668 б);

Бұл сөздердің арасынан қазіргі тіл тұрғысынан әрине семантикалық байланыс табу қиын. Алайда кейбіреулері қазіргі қазақ тілінде де омоним сөздер болып саналады (*от, шаш*). *Мұрын* сөзі де көне түркі тілінде *бурун* түрінде айтылған және қазіргі оңтүстік батыс тілдерінде де солай. Ал *йап* сөзінің бірінші мағынасы (*жабу*) қазіргі көпшілік түркі тілдеріне ортақ болса, екінші мағынасы түрік тілінде белсенді қолданылады. Яғни бұл омонимдік қатарлар сөздердің лексикалық даму нәтижесінде пайда болғандығы даусыз.

**Синоним сөздер.** Синоним сөздер мағынасы мен тұлғасы жағынан омонимдерге қарама-қарсы лексика-семантикалық құбылыстар екендігі белгілі [5, 108 б]. Яғни мағынасы бірдей немесе бір-біріне жақын, алайда әртүрлі дыбысталатын сөздер синонимдік қатар түзеді. Омонимдер ұғымы басқа, дыбысталуы бірдей бірнеше сөз тобын білдірсе, синонимдер керісінше, ұғымы бір, әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобын қамтиды. Синонимдер бір ұғымды білдіретіндіктен, олар тек қана бір сөз табына қатысты болады.

Синонимдер мынадай белгілеріне қарай топтастырылады:

1. Сөздің дыбысталуына аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет. 2. Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет. 3. Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс. Бұл үш белгі – сөздерді синоним деп танудағы басты шарт. Сонымен қатар бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келіп, контекстте бірін-бірі алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы синонимдердің қосымша белгісі болып табылады. Дыбысталуы әр басқа болғанымен, мағынасы жақын сөздер синонимдер делінеді.

Ескерткіш тілінде омонимдерге қарағанда синонимдік қатар жасайтын сөздер өте жиі кездеседі. Олардың жасалу жолдары мен құрамы да әртүрлі болып келеді.

а) Синонимдік қатар бірыңғай түркі сөздерінен тұрады:



**ayaç – terük (ағач – терәк) «ағаш»; », da'yin egär yemişli terükni tusnaqta bolganda kessälär ya çetänlärin küydürgaylar,.. (41-кап., 110 б). - Егер жеміс ағашын кепілде болғанда кессе немесе қоршамда жандырса,.. (41-бап, 677 б);**

**başça – özgä (бауша – өзге) «басқа»; çayda ki taхil bar aniy ya özgä çoydan bolgay (11-кап., 89 б); басқа біреудің астық сақтау үшін салып қойған шұңқырын ашса,..) (11-бап, 668 б);**

**buуruх//boуruх – yarlüy (бүйрух//бойрух – йарлыз) «бұйрық – жарлық»; buуruх ber (бұйрық беру), buуruх берip ayt (бұйырын айту), buуruх et (бұйрық ету); yarlüy et (жарлық ету);**

Сондай-ақ ескерткіш тіліндегі түркілік синонимдердің көбінің бір сынары оғыз, ал бір сынары қыпшақ элементі болып келеді: Мысалы:

**Aхillі – uslu (ахыллы – услу) «ақылды», egär uslu da bolsa,.. (81-кап., 133 б). - Егер ақылды болса,.. (81-бап, 687 б);**

**Yaхşі – игі (йахшы – игі ) «жақсы», yaхşі çilix (жақсы мінез); игі alätlär (жақсы кісілер), игі kişilär (жақсы кісілер);**

**Yarlı – miskin (йарлы – мискін) «жарлы, кедей», Kim ki borçka alsa ya ötünçka, yarlilansa, yarlilanmaq üçün belgili küninä tölämä bolmasa,.. (40-кап., 108 б). - борышқа немесе уақытша алған кедейленсе, кедейленгендіктен белгіленген күнінде төлей алмаса,.. (40-бап, 676 б); misingä yarlüya (кедейді мүсіркеу), mi-skinni Teңri sövär (Тәңри жарлыны жаратады);**

**Kendi/kensi – öz (кенди/кенси – өз) «өз», egär çasta kişi klätäsä kendiniñ hakimlikiniñ işitmä sözün da aniykibik çasta ölgäy, hakim anda egri tigül (99-кап., 145 б). - Егер науқас өзі дәрігердің сөзін тыңдамаса және сондай науқас өлсе, дәрігер оған кінәлі емес (99-бап, 692 б), här nesneniñ kölegesi өз çadarinza (әр нәрсенің көлеңкесі өз деңгейіндей);**

**Şähär – kermän (шәһәр – кермән) «қала», şähäriñ sotі (қаланың соты), kermänniñ çivräsin al (қаланы қоршауға алу), kermän töräsinä nemeskiy (қаланың неміс (Магдебург) сотында), kermän töräsi (қала соты) т.б.**

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Ескерткіш тілінде синоним сөздер аз кездеседі.

**Антоним сөздер.** Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоюдан шығады. Ескерткіш тілінде бір-бірінен алшақ, қарама-қарсы мәндегі антоним сөздер мол кездеседі. Олар тұлғасы жағынан және шығу төркіні жағынан әртүрлі. Алайда ескерткіш тіліндегі антоним

сөздер әртүрлі сөз табынан жасалады. Әсіресе етістік пен сын есімдерге тән қарама-қарсы мәндегі сөздер жиі ұшырасады.

**а) сын есімдерге тән антоним сөздер:**

**yaǵşı – yaman (йахшы – йаман) «жақсы – жаман»;** *anıñ yaǵşı erkinädir* (45-қап., 112 б). - Оның **жақсы** ықыластығы (*epki*) (45-бап, 678 б); *A egär ki bilgäy edi tuvariniñ yaman ħiliñin, ki ziyan etüci edi, da ketärmägäy kendiniñ ħatından, keräk tügäl baħa tölägäy öldürgän ögüzniñ, törä alay buyurıyır* (31-қап., 101 б). - Егер малының **жаман** мінезін, оның зиян келтіретінін білсе, бірақ одан өзі құтылмаса, өлген өгіздің түгел бағасын төлесін, - төре осылай деп бұйырады (31-бап, 673 б).

**Arı – kir (ары – кир) «таза – кір»;** *arı köñül birlä (ары көңүл бирле) «таза көңілмен»;* *arıtıyaу yüregini kirden (арытғай йүрегини кирден) « жүрегін арындырсын кирден»;*

**Artıx – eksik (артых – ексик) «артық – кем»;** *öldürgän oylan 12 yaşından artıx bolgay, keräk başın tölägäylär* (3-қап., 85 б). - Өлтірген бала 12 жастан **артық** болса (*acca*), басына кәмелетке келген адамның құнын төлесін (3-қап., 666 б); *a egär ki ol öldürgän oylanıñ yaşı 12-dän eksik bolsa, bolgay 10 ya 11, ol ħaħta anıñ başiniñ yarimı tölänmäħ keräk* (3-қап., 85 б). - Ал егер өлтірген баланың жасы 12-ден **кем** болса, 10 немесе 11 болса, онда адамның жарты құны төленуі керек (3-бап, 666 б);

**Ayır – yeñil (ағыр – йеңіл) «ауыр – жеңіл»;** *ayır bolıan (ауыр болған), ayır ayaħlı ħatın (аяғы ауыр әйел), yeñil tut (жеңіл қарау);*

**Ulu – kiçi (улу – кичи) «үлкен – кіші»;** *ki añlamaħ keräk ulu töräni dä, kiçi töräni dä* (52-қап., 118 б). - Себебі төрелер айтқандай **үлкен** құқық және **кіші** құқық бар екенін түсіну керек (52-бап, 680 б);

**Yañı – eski (яңы – ескі) «жаңа – ескі»;** *Anıñkibikni Eski Törä körgüziyir taşlama, da Yañı Törä oħşatıyır, neçik atasın-anasın tövgaу,..* (59-қап.,122 б). - **Ескі** Төре бойынша оған тас лақтыру керек, **Жаңа** Төре оны өз атасын, анасын сабаумен теңестіреді,.. (59-бап, 682 б);

**Barlı – yarlı (барлы – йарлы) «бай – кедей»;** *Kim ki borçka alsa ya ötünçka, yarlılansa, yarlılanmaħ ücün belgili küninä tölämä bolmasa,..* (40-қап., 108 б). - борышқа немесе уақытша алған **кедейленсе, кедейленгендіктен** белгіленген күнінде төлей алмаса,.. (40-бап, 676 б);

**Oñ – soñ (оң – соң) «оң – сол»;** *ol boуruħından töräniñ 2 yaп da ne oñ yaпına, ne soñ yaпına ħıħta bolmas* (55-қап., 120 б). - Төренің ол бұйрығынан екі жағы да не оң жаққа, не сол жаққа

бұлтаруына болмайды (55-бап, 681 б);

**Köp – az (көп – аз) «көп – аз», köplär bilä (көппен бірге), köptän az yazır хоу (хатты аз жазып қою),** дегендерде жағымсыздық пен ұнамдылықтың, жақсылық пен жаманшылықтың, үлкен мен кішінің кереғар ұғымдары бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтылып тұр. Екі жағының салмақ-мөлшері бірі артық, бірі кем емес, тепе-тең. Сонда антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер болып шығады. Антонимдер өзара алшақ қарама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың әр сөз табына қатысы нақ бірдей емес, ала-кұла деген сөз.

**ә) Зат есімдерге тән антонимдер:**

**yer – kök (йер – көк) «жер – көк», Teñri adam tarbiyatın erikli yaratıptır da etiptir, ale keräklidirlär biylärinä kendiniñ xullar xuluxka, yer u suv üçün (2-қап., 84 б).** - Тәңри адам баласын ерікті етіп жаратқан, бірақ жер және су үшін құлдар өз билеріне қызмет істеуге мұқтаж (2-бап, 666 б); köktägi теңи tirlik (көктегі мәңгі тірлік);

**dost – duşman (дост – дұшман) «дос – дұшпан», Egär kimesä dostundan sayit ötünčkä alsa barča türlü da anıñkibik sayit-ni ya sindirgay, ya tas etkay,.. (39-қап., 107 б).** - Егер біреу өзінің досынан қандай да болсын сайман сұрап алса, алған сайманды сындырса немесе жоғалтса... (39-қап, 676 б); Kendiniñ duşmanın övdägi anda tarup, öldürgay köñlü bilä (97-қап, 144 б). - Өзінің үйдегі дұшпанын сонда кездестіріп қасақана өлтіруі (97-қап, 691 б).

**Xiş – yaz (хыш – йаз) «қыс – жаз», egär kimesäniñ tuvarı kirgäy sačovga xişniñ ya ävälbaharıniñ,.. (95-қап., 141 б).** - Егер біреудің малы қыста немесе көктемде егістікке кірсе,.. (95-бап, 690 б);

**Yağşılıy – yamanlıy (йахшылыз – йаманлыз) «жақсылық – жамандық»; yağşılıyni xilin (жақсылық (мейірімділік жасау)), yamanlıx xilingan (жамандық жасалған);**

**Ескерткіш тілінде кездесетін антонимдер тобы етістіктерге тән:**

**Aç – yap (ач – йап) «ашу – жабу»; al – ver (ал – вер) «ал – вер», yat – oltur (йат – олтур) «жат – отыр», çix – kir (чых – кир) «шығу – кіру», kirgän – çixkan, т.б.**

**Үстеулерге қатысты антонимдер:**

**Kündüz – kiçä (күндүз – кичә) «күндүз – түн», da alay törädір оғрулар üçin хоуылган keçäniñ da күндүзнüñ, egär ki kimäsä keçä vaхtına övdä dä күндүз оғруну licasi bilä belgili tutkiy edi,.. (34-қап., 103 б).** - Түнгі және күндізгі ұрылар жөніндегі төре



languages. The findings allow to reveal some historical contacts of the Teleuts with other Turkic nations in ancient time.

KEY WORDS: Intonation, historical contacts, Teleut, Turkic.

**Телеутский язык** – язык немногочисленного тюркоязычного этноса телеутов (самоназвание: тадар киж, телецит ~ телецит ~ телецит~ телецит киж).

Самая многочисленная группа телеутов в настоящее время проживает в Беловском районе Кемеровской области, по рекам Большой и Малый Бачат (пп. Беково (Челухово), Заречное, Верховская, Шанда, Черта, Каменка, Улус). В научной литературе она известна под названием «бачатские телеуты» (самоназвание: пайат киж). Другая небольшая по численности группа телеутов проживает совместно с шорцами в п. Телеуты Заводского района г. Новокузнецка Кемеровской области. Около 200 человек живут компактно на территории Алтайского края. В настоящее время в Республике Алтай сколько-нибудь значительные группы телеутов отсутствуют. Название «телеутский язык» традиционно относится к языку, на котором говорят телеуты, проживающие на территории Кемеровской области по рекам Большой и Малый Бачат. По данным переписи 2010 года, говорит на телеутском языке 1 892 чел. из общего числа телеутов в 2650 чел. [Уртегешев 2009].

Телеутский язык, до недавнего времени считавшийся, как и теленгитский, диалектом алтайского языка, в настоящее время признан самостоятельным языком. Была выдвинута гипотеза о том, что по интонации телеутские высказывания отличаются от других тюркских, интонация которых описана: теленгитских [Герцог 1986, 1989], хакасских [Бичелдей 2001], татарских [Байчур 1962] и якутских [Алексеев 1982], и обладают качественным своеобразием в соответствии с теорией В.М. Надеяева об артикуляционно-акустической базе (ААБ) этноса [Надеяев 1986]. ААБ предполагает проявление в языке субстратных черт в качестве отличительных признаков на фоне общих, принадлежащих родственным языкам.

В настоящее время тюркские языки, выделяясь в отдельную группу, обладают многими схожими чертами. Н.А. Баскаков объясняет это их общим происхождением [Баскаков 1998]. Согласно фонетической классификации тюркских языков по историческому принципу – телеутский и татарский относятся к новейшим языкам, то есть сохраняют минимальное количество тех характеристик сегментных единиц, которые встречаются

в некоторых других тюркских языках, а также зафиксированы в памятниках, поэтому квалифицируются как обще- или древнетюркские [Малов 1952]. Из языков Южной Сибири к хорошо сохранившим древние черты относятся якутский и хакасский [Малов 1952]. С целью выявить общие черты (то есть более древние в телеутском согласно концепции С.Е. Малова), сравним интонационные системы данных языков.

И.Е. Алексеев описывает только мелодику вопросительных высказываний якутского языка [Алексеев 1982]. Нами кроме мелодики подробно изучается такой интонационный параметр, как интенсивность голоса, а также соотношение пиков частоты основного тона (ЧОТ) и интенсивности в высказывании. У.Ш. Байчура, К.Н. Бичелдей и О.Ф. Герцог помимо мелодики и интенсивности включают в исследование длительность произнесения гласных. В связи с последним обстоятельством не все данные являются в равной мере сопоставимыми.

Результаты исследования ЧОТ и интенсивности высказываний телеутского языка позволяют говорить о системных проявлениях интонационных черт.

1. Восходяще-нисходящий рисунок частоты основного тона в утвердительном высказывании и специальном вопросе и восходяще-нисходяще-восходящий рисунок ЧОТ в общем вопросе, что можно объяснить проявлением лингвистической универсалии. Во многих исследованных языках в завершённых повествовательных высказываниях, произнесенных изолированно, реализуется деклинация (понижение ЧОТ), а в вопросительных – инклинация (повышение ЧОТ) [Chen A. 2005], [Hirst D., Cristo A. di. 1998].

2. Большая вариативность контура ЧОТ в специальном вопросе и восходяще-нисходяще-восходящий рисунок ЧОТ (а не восходящий контур ЧОТ, согласно теории об интонационных универсалиях) в общем вопросе, что, возможно, является акцентной чертой телеутского языка.

3. Локальные изменения мелодики в произнесении многих дикторов, находящиеся на общем контуре ЧОТ и в целом не меняющие представления об интонационном рисунке данного высказывания. Эти изменения, вероятно, не имеют фонологической значимости, так как появляются в речи разных дикторов в случайном порядке, на разных слогах, в различных высказываниях.

4. Частотное отношение обратной пропорциональности пиков интенсивности и ЧОТ объединяет многие исследо-

ванные тюркские языки: телеутский, хакасский [Бичелдей 2001], теленгитский диалект алтайского [Герцог 1986, 1989] в Южной Сибири и татарский, горно-башкирский, чувашский языки, причем У.Ш. Байчура отмечает, что данная особенность встречается в периферийных областях и, возможно, связана с южно-тюркским влиянием на язык-предшественник современного татарского литературного языка в определенном диахроническом срезе [Байчура 1962].

5. Увеличение длительности гласного – не одновременно с интенсивностью перед мелодическим центром, как в теленгитском и хакасском, а в финальной частице па некоторых общих вопросах, подобно конечному гласному глагола в вопросах без вопросительного слова и вопросительной частицы якутского языка и последнему гласному в высказываниях татарского языка [Шестера 2014].

Согласно полученным данным, исторически интонация телеутского имеет сходство с интонацией татарского (особенно в периферийных областях языкового ареала) [Байчура 1962], теленгитского [Герцог 1986, 1989] и хакасского языков [Бичелдей 2001].

Таким образом, языковое сходство проявляется в большей степени в зоне исторических контактов народов Алтая и Хакасии, включая ...южно-тюркское влияние на язык-предшественник современного литературного татарского языка [Байчура 1962].

#### ЛИТЕРАТУРА

- Уртегешев Н.С. Телеутский язык // Сибирская историческая энциклопедия. Т. III. Новосибирск, 2009.
- Герцог О.Ф. Ритмомелодика собственно-повествовательных предложений теленгитского диалекта алтайского языка. // Фонетические структуры в сибирских языках. Новосибирск, 1986.
- Герцог О.Ф. Ритмомелодика некоторых коммуникативных видов вопросов в теленгитском диалекте алтайского языка // Звуковые системы сибирских языков. Новосибирск, 1989.
- Бичелдей К.Н. Лексико-грамматические и ритмомелодические средства выражения вопросительности в хакасском языке. М., 2001.
- Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка в связи с некоторыми другими тюркскими и финно-угорскими языками: Автореф. дис. ... докт. филол. наук. М., 1962.
- Алексеев И.Е. Вопросительное предложение в якутском языке. Якутск, 1982.
- Наделяев В.М. К типологии артикуляционно-акустических баз (ААБ) // Фонетические структуры в сибирских языках. Новосибирск, 1986.
- Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. М.,



1988.

Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. Т. XI. Вып. 2. М., 1952.

Chen A. Universal and language-specific perception of paralinguistic intonational meaning.

URL: <http://www.lotpublications.nl/publish/articles/001170/bookpart.pdf> (дата обращения: 27.03.2013).

Hirst D., Cristo A. di. Intonation Systems: A Survey of Twenty Languages. Cambridge, 1998.

Шестера Е.А. Интонация вопросительных высказываний телеутского языка (в сопоставительном аспекте) // Сибирский филологический журнал. № 1. Новосибирск, 2014.

## ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ КОМПОНЕНТ ТЕКСТА В ПЕРЕВОДЕ

Токсанбаева Шолпан Амреновна\*

### **Ethno-cultural component of the text in translation**

#### ABSTRACT:

The article deals with the semantic and stylistic originality of Kazakh language, based on ethnic characteristics, and the possibility of transferring it into Russian language. These features in Kazakh language fully characterized «sheshendyk sozder» - eloquent words specific to the speech of biy - speakers. Complex abstract nouns such as sana – sezym have peculiar ethnosemantic feature. When translating these features requires the selection of certain grammatical forms, the use of a number of features synonymous.

KEY WORDS: Ethno-cultural component, eloquent words, oratory, improvisation.

Материалом исследования явилась персональная энциклопедия «Казыбек би» в переводе на русский язык. Данная энциклопедия посвящена великому сыну казахского народа Казыбеку Келдибекулы, прозванному в народе Каз даусты Казыбек. Язык произведения Казыбек бия – образец ораторского мастерства. Яркой особенностью его речей является использование шешендік сөздер – ораторских красноречивых слов, в которых находят отражение этнокультурные особенности казахского языка, передающие ментальные представления казахского народа. Традиционно этнические представления чаще всего передаются в языке через пословицы, поговорки,

\* Кандидат филологических наук, доцент кафедры Классической и русской филологии, КарГУ им. Е.А.Букетова, E-mail: Syzdykova310880@mail.ru

фразеологизмы. Однако бывают и специфические формы выражения ментальных представлений. Таковыми в казахском языке являются шешендік сөздер – красноречивые ораторские слова.

Казахский язык в целом отличает яркая образность, метафоричность, наиболее полное выражение это свойство языка находит в ораторских словах. Безусловно, ораторское искусство известно с античных времен и представлено образцами политического и судебного красноречия – как искусство владения словом, зависит во многом от индивида, от способностей и мастерства отдельных личностей. Но должна быть среда, которая взрастила эту личность, которая внимала бы его словам. В традиционной казахской культуре значение слова, уважение к слову, восхищение словом, почитание тех, кто владеет словом, имело огромное значение. В казахском языке есть выражение «сөзге тоқтау» (букв. остановиться перед словом), которое имеет значение: прекращение спора – раздора в связи с весом сказанным словом устами авторитетного человека. Особенно ярко проявлялось такое отношение к слову, сказанному биями. Би – судья, разбиравший спорные вопросы по обычному праву. Как отмечают составители и авторы энциклопедии «Қаз дауысты Қазыбек би», би – это «структурный элемент в казахской культуре, идущий с давних времен, прошедший все ступени длительного развития и превратившийся в институт. В казахском обществе место, занимаемое биями, было огромно». В числе основных требований, предъявляемых к человеку, претендующему на должность бия, было: «знание традиций и обычаев народа, сведения из родословных, умеющего сказать магическое слово, он оратор, острый на язык, могущий извлечь из множества слов главную суть, он умеющий сказать веско (есть выражение «То, что говорит би, может сказать и раб, однако он не может сказать веско, т.е. не обладает магией»), он может в двух словах вынести решение» [Қаз дауысты Қазыбек би, 2011: 224]. Как видим, одно из основных требований, предъявляемых к бию, это владение словом, его ораторское мастерство. Ораторское мастерство биев, таким образом, надо характеризовать как относящееся к судебному красноречию. Но это было бы чисто условно, так как функции биев в казахском обществе намного шире традиционного европейского: это и советник хана, это и жырау (поэт), это и батыр при необходимости. В каждом случае, и вне судебных обстоятельств, слово его значимо, весомо.

Итак, в содержательном отношении слова биев отличаются

образностью, афористичностью в сжатой форме передаются глубокие мысли, не случайно многие слова биев, дошедшие до нашего времени в основном в устной форме, сохранились в памяти народа в виде афоризмов, пословиц, поговорок. М.О.Ауэзов оценивает слова биев как факт литературы, а С.Сейфуллин рассматривает их как особый жанр. Такая спаянность содержания и формы, усиление смысловой значимости через использование зачастую стихотворной формы со всеми ее характерными особенностями: повторением однокоренных слов с разными аффиксами, что позволяет заострить внимание на содержании этих слов, как правило, в дополнение к этому используется аллитерация. Если слова биев передаются в прозаической форме, то это обычно рифмованная проза. Дар импровизации очень ярко проявляется в речи биев-ораторов, современные айтысы - это своего рода отголоски айтысов биев. Конечно, все эти этноспецифические особенности смысловой, стилистической организации ораторской речи представляют, с одной стороны, интерес, а, с другой стороны, трудность при переводе. Приведем пример: в известном споре, обращенном к калмыкскому хану, Каз даусты Казыбек би говорит:

...Қазақ, қалмақ баласы  
Табысқалы келгенмін.  
Табысуға келмесең  
Тұрысатын жерінді айт.  
Сен қабылан, мен арыстан,  
Алысқалы келгенмін.

Перевод:

...Сын казаха, калмыка,  
Пришел помириться.  
Если не хочешь мириться,  
Укажи место, где будем биться.  
Ты кабылан, а я лев,  
Пришел с тобою драться.

Особый, отрывистый ритм отражает содержательную особенность: в данном случае – не дать опомниться врагу, напор и натиск. Нам представляется наиболее подходящей грамматической формой, передающей в определенной степени авторский замысел, является использование неопределенной формы глаголов взаимно-возвратного значения: инфинитив в полной мере выражает значение глагола, а взаимно-возвратный залог говорит о включенности в действие обоих субъектов.

На первый взгляд, не обладают особым семантическим

своеобразием шежире – родословные, знание которых, как мы отметили ранее, необходимо претендующему на звание бия. Однако они обладают особой ценностной характеристикой, это своего рода ценностные ориентиры в истории народа, поскольку казахи всегда исходили из того, что историю делают личности, поэтому шежире – это не просто перечисление имен предков, это события, эпоха:

Төрт арыс – Орта жүздің шын баласы,  
Арқаның толған елге сары даласы.  
Қарақожа бабамнан Арғын туып,  
Дәулетке сонда толған айналасы.

*Мейрам сопының балалары бесеу болғандықтан, Бес Мейрам аталады.*

Онан соң Мейрам сопы бабам өткен,  
Қуандық, Сүйіндік, Бөгендік, Шегендікпен.  
Бес бала Мейрам сопыдан туған екен,  
Қаракесек – анасы басқа тектен.  
(со слов Батгал аксакала).

Перевод:

Четыре опоры – настоящие сыны Среднего жуза,  
Широкая степь, что зовется Аркой наполнена народом:  
От предка нашего Каракожи родился Арғын,  
Вот тогда наполнилась счастьем степь.

*Поскольку у Мейрам суфия было пять детей, то их звали Пять Мейрамов.*

После них прошел мой предок Мейрам суфий,  
А с ним Куандык, Суйиндик, Бегендик, Шегендик.  
Пять детей родилось от Мейрама суфия,  
Мать Каракесека из другого рода.

Таким образом, шежире – это историческая память народа, уважение к людям, которые создавали историю, культуру, оно само – памятник культуры. Бии прекрасно знали шежире, не только свою родословную, а хранили в памяти имена батыров, их подвиги, т.е. в широком смысле они знали родословную народа.

Названные нами ценностные ориентиры казахского народа: слова биев, шежире, исходя из иерархии культурных ценностей, предложенных Молчановой Г.Г., [Молчанова, 2011: 13] можно отнести к культурно – специфическим, т.е. принадлежащим только конкретной культуре – культуре казахского народа. Собственно перевод имен в шежире, которое передается прозой, иногда в стихотворной форме, иногда идет совмещение, не представляет

трудности, но чтобы понять смысл того, что скрывается за именами, необходим определенный лингвокультурологический комментарий, так как осознание ее культурной ценности остается вне понимания для представителя другой культуры: у него не возникает ценностных ассоциаций, связанных с тем или иным именем предка – батыра, бия, акына и т.д.

Импровизация – неотъемлемый дар биев. В статье, посвященной Бухар жырау, приведен пример испытания Каз даусты Казыбек бия Бухар жырауом: «Расскажи мне о значении чисел от одного до десяти», на что Казыбек би тут же ответил таким образом:

Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніміз – төскейге шығып алмаған кәрілік жаман.

Бес дегеніміз – білікті адамнан белгілі азамат тумаған жаман.

Алты дегеніміз – аймағын билей алмаған хан жаман.

Жеті дегеніміз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніміз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніміз – толғанғаныңыз.

Он дегеніміз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

перевод:

Един говорим – плоха та страна, где нет единства,

Два говорим – плох тот мужчина, который постоянно враждует,

Три говорим – плох конь, испугавшийся трехножной треноги,

Четыре говорим – плоха старость, что не может взобраться на четверть горной возвышенности,

Пять говорим – плохо, когда от знающего человека не рождается известная личность,

Шесть говорим – плох тот хан, который не может руководить страной,

Семь говорим – плохо, когда не можешь достичь желаемой цели,

Восемь говорим – плох тот баран, который начинает без серке,

Девять говорим – долгое раздумье,

Десять говорим – значит отошел, дошел до того света.

Как видим, импровизированный стиль изложения

избегает сложного синтаксиса, слова словно льются один за другим, создавая некий поток. На русском языке передать эту особенность сложно. Смысл излагаемого предполагает использование сложноподчиненных предложений, причастных, деепричастных оборотов. «Из «коллекционности» словоформ агглютинативных (казахского) языков и «селекционности» флективных (русского) происходят различные способы описания действительности. «... для русского языка неудобны сюжеты, содержание которых трудно подвести под разряд развивающихся актуальных событий». ...эти формы (причастные, деепричастные обороты и др. – Ш.Т.) русской языковой системы можно характеризовать ... как возможность передать динамику и континуум развития действия. Они-то и наиболее приспособлены для выражения казахской «статики» и «расцветки», «фотогеничности» данного языка, как определяет ее Г.П.Мельников» [Бахтигереева, 2011: 56-57].

Би должен быть красноречив всегда, даже если речь не идет о решении спора. Часто люди приводили к ним детей для благословения. Бата биев – это тоже образцы красноречия, например, так благословил своего племянника Жанибека Каз даусты Казыбек би:

Жол басқарсан, жолың киелі болсын,

Ел басқарсан, қолың киелі болсын.

Көк бөрің қолдасын.

перевод:

Возглавишь вышедших на дорогу,

Пусть дорога твоя будет священной,

Возглавишь свой народ,

Пусть рука твоя будет священна.

Пусть поддержит тебя твой серый волк.

Торжественный момент благословения в переводе передается аналитической формой повелительного наклонения глагола пусть будет. Здесь также отмечаются повторы для создания ритма.

Как отмечают исследователи, одной из коренных особенностей права является историзм права. Язык права существенно обусловлен экстралингвистическими факторами, диалектикой развития общества, его историческим опытом [Глинская, 2010: 30]. Язык биев - ораторов, безусловно, отражает реалии своего времени, но в то же время он воплощает в себя многовековой культурный опыт народа, является основой лексического фонда языка. Задача носителей языка сохранить

это в памяти, умело использовать и передать, по возможности, этносемантическое своеобразие родного языка средствами другого языка.

#### ЛИТЕРАТУРА

- Қаз дауысты Қазыбек би. Энциклопедия. – Қарағанды: «Болашақ - Баспа», 2011 – 654 с.
- Молчанова Г.Г. Методы исследования в межкультурной коммуникации: символ как когнитивная память культуры. – Вестник Московского университета, Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2011, №1, с 7-24.
- Бахтигереева У.М., Синячкина Н.Л. Переводческая деятельность в Казахстане. Страницы истории: взгляд из России: Учебное пособие. – М.: РУДН, 2011. – 88 с.
- Казахско-русский словарь: около 50000 слов / Под ред. чл. корр. НАН РК Р.Г.Сыздыковой, проф. К.Ш.Хусаина. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008. – 962 с.
- Глинская Н.П. Основные тенденции развития лексической системы судебного дискурса (на материале корпуса судебных решений верховного суда США за период с 1789 по 2009 год) // Вестник МГУ. Серия 19: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2010. - №4. – с. 38-39.

### АЛТАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АКАДЕМИК Б. РИНЧЕННІҢ ТАРИХИ РӨЛІ

Шамахайұлы Қуандық\*

#### Historical role of the academician B. Rinchen in Altai studies science

##### ABSTRACT:

The article tells about the historical role of the Mongolian academician Byambyn Rinchen who made an enormous contribution to science Altai study. In this article given summary of the life of the world-famous orientalist academician who knew 17 languages. At the international level, B. Rinchen called «Eastern Encyclopedia» as the translations of his articles in Turkish, Mongolian, Manchu languages were based straight from the original source.

Above-mentioned 3 languages of Rinchen should be considered in the context of one name «Altai Languages» this formulation of unique Altai researcher was confirmed in article.

KEY WORDS: Altai studies, turkish, mongolian, Manchu, poem, custom, ceremony, khamnigan.

\* Филология ғылымының кандидаты, қауымдық профессор, «Тұран-Астана» университетінің доценті, kshamakhayuly@gmail.com



Шығыстану саласында есімі әлемге танымал академик, ұлы ғалым Бямбын Ринчен – алтай тобына жататын тілдердің бәрін дерлік жіті зерттеген лингвист ғана емес, жалпы алтайтану ғылымының білгір маманы болды.

Б. Ринчен Алтай тілдері шығу түп-төркіні жағынан туыс екендігін ол былайша атап көрсетеді: «Белгілі бір тілдің шығу тегін зерттеп, оның қай тілдермен туысатынын жіктегенде көп дүниенің басы ашылады. Зерттеудің нәтижесінен аңғарылғаны - монғол тілі түркі және хамниган тілдерімен жақын туысады екен. Аталмыш үш тілді тіл білімінде түркі-монғол халықтарының тарихы мен аңыз-эпсаналарында жиі кездесетін Алтай деген таудың атымен «Алтай тілдері» немесе «Алтай текті тілдер» дейді» [Rincen, 1972: P.205].

Б. Ринчен жас кезінде хамнигандар ортасында көп жүріп, 1927 жылдан бастап жинақтаған дерек-дәйектерінің негізінде жарыққа шығарған «Монғол халқындағы хамниган диалектілер» (1969) атты монографиясы аталмыш тақырып бойынша жарияланған алтайтану саласындағы қомақты әрі тұңғыш ғылыми-зерттеу болатын. («Хамниган» сөзі «камни-гакан» эвенк тілінде «таулықтар», «тау адамдары» деген мағынаны білдіреді делінгенімен әлі де бірізді болмаған. Ғалымдар арасында хамниган ұлысы 300-жылдай бұрын эвенк, мәнжі, тунгус ұлтынан тараған тайпа деген де пікірлер кездеседі).

Сондай-ақ, «Монғолиядағы түркі тілділер» атты монография жазғанымен, жарыққа шығара алмаған деген әңгіме ғалымдар естеліктерінде баршылық. Қысқаксы, академик Б. Ринчен - алтай тобына жатқызылатын түркі, монғол, мәнжі тілдер қарым-қатынасы аясында мәнжі-тунгус тілдерінің құрамдас бөлігі саналатын хамниган диалектісі жайында тарихи еңбек жасаған алтайтанушы ғана емес, тіл біліміне терең маманданған, теорияны тәжірибемен ұштастыра білген, зерттеуді іргелі етіп жасайтын лингвист болғанын бүгінгі таңда шәкірттері аңыз ғып айтады.

Расында да, академик Б. Ринчен – Халықаралық алтайтану тұрақты жиынының (РІАС), және Индиана университетінің алтайтану ғылымы бойынша алтын медалімен жарты ғасыр бұрын, яғни, 1965 жылы марапалған екен. Сол кезде аталмыш беделді марапатты алған әлемдегі үшінші ғалым болғанын да атап өткен абзал. Дәл қазіргі күні алтайтану алтын медалін 19 елдің 51 ғалымы алғанын ескерсек, Ринченнің өз дәуірінде жасаған еңбегінің ұшан-теңіз екендігіне көз жеткізуге болады.

Б. Ринчен лингвист, шығыстанушы атақты ғалым әрі этнограф, жазушы-журналист, көркем аудармашы, әдеби сыншы, бақсылық пен тәңіртанушы екендігіне назар аудартқан Куба елінің атақты жазушысы Грегорио Ортегоның мына сөзі кездейсоқ айтылмаса керек: «Барлық мәселеге кең диапазонмен қарайтын, көзі оттай жанған бұл тұлға аспан көкжиегін бір мәрте көз тастап бағамдайтын ежелгі көшпелі халықтың көзі тірі энциклопедиясы іспетті» [Билгүүн номчийг дурсахуй, 2012].

Оның саналы ғұмырын көшпенділердің мәдени мұрасын жинауға арнаған этнограф екендігінің дәлелі ретінде тұрмыстық тақырыптағы ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерінен тұратын 5 томдық «Folklore Mongol» жинағын Германияда жарыққа шығарғанын ерекше атап айтуға болады.

Оның ішінде қазақ ауыз әдебиеті жанрларымен де үндесетін туындылар кездеседі. Аталмыш жинақ қазіргі күні әлемдегі көптеген шығыстанушы ғалымдардың сенімді серігіне (үстелдік кітап) айналған.

Өз тұсында ағылшын профессоры Бауден «Шығыстану саласында соңғы жылдары көптеген мәнді-мағыналы туындылар жарыққа шықты. Бірақ, солардың ішінде ерекше назар аудартқаны Ринченнің еңбегі болды. Ондағы жыр, дастандар – Ежелгі Гректің, «Иллиадасымен», «Одиссейімен», француздардың «Ролланд жырымен» иық тірестіре алады. Көшпенділер жырларының тілі бай, мазмұны ержүректі үндеген, көлемі мен алымы жағынан оны жазба әдебиеттің роман жанрына ұқсатуға болады» - деп, «Folklore Mongol» жинағын жоғары бағалаған екен [Tumurtogoo, 1989: 229.].

Академик Б. Ринчен атейзм ен жайлаған «темір перделі» социализм заманында өмір сүрсе де, көшпенділердің дәстүрлі діни сенім-нанымынан, мәдениетінен, бақсылық, тәңірлік салтынан «ат-тонын ала қашпаған» санаулы ғалымдардың бірі болды.

Тылсым әлемді бұл дүниемен байланыстыратын адамзаттың ең көне сенім-нанымы - бақсылық дәстүрді асқан қызығушылықпен зерттейтін жандар әлемде қазіргі күнге дейін баршылық. Осы үрдістің негізін салған алғашқы ғалымдардың бірі әрі бірегейі де осы Ринчен-ғуай болса керек. Академиктің 1920-жылдардан бастап 50 жылдан астам уақыт бойы жинаған құнды жәдігерлерінің көп бөлігін де осы бақсылыққа қатысты материалдар құрайды екен. Оның көбін үштомдыққа сыйдырып кезінде Германияның «Asiatische forschungен» альманағының

үш санына жариялатқанын саланы зерттеушілер күні бүгінге дейін талғажу етіп келеді.

Пұтқа табынушылық, тәңірлік, бақсы-балгерлік тұрмақ дәстүрлі дін туралы да ауыз ашуға тиым салынған, марксизм-ленинизм дәуірлеген кезеңде Б. Ринчен мен В. Форман бірлесіп жазған «Ламаизмнің маскалы биі, Монғолиядағы өлім биі - цам» (lamaistisch tanzmasken. der erlik –tsam in der mongolei) атты туындысы көне заманнан келе жатқан дін тарихын тереңнен қаузағандығымен, оның тілдік ерекшелігін әлемге танытып, ғылыми айналымға енгізгендігімен ерекшеленді.

Алайда, оны ел өкіметі дер кезінде қолдамады, керісінше, ілік іздеп, әсіресе, өмірінің соңғы жылдарында елеулі қысым жасап та баққанын өмірбаянын парақтағанда анық аңғаруға болады.

Алайда, оған айылын жиып, құлдық ұрған академик жоқ. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үзіліссіз жүргізіп, өмірінің соңына дейін көшпелі ұлы дала жұртының мәдениетіне, салт-дәстүріне, алтайтану ғылымына қатысты еңбектерімен әлем ғалымдары үшін беймәлім болып келген көп мәселелердің басын ашты. Көптеген көмескі жайларды нақты дерек-дәйектерге сүйене отырып, ғылыми негізде түсіндіре білді. Осындай қыруар еңбектерінің арқасында ол халықаралық деңгейде «Шығыс энциклопедиясы» аталып кеткен.

Ринчен 1921 жылы Монғол үкіметінің жолдамасымен Санкт-Петербурда шығыс тілдері бойынша білім алған алғашқы ғалымдардың бірі болды. Кеңес одағы Ғылым академиясының Азия музейінде, Ленинград университетінің фонетика зертханасында Шығыстану институтындағы сабақтарынан тыс сол тұстағы атақты 9 академиктің жетекшілігімен 3 жыл бойы арнайы дәріс тыңдаған. Академик Владимирцов, үндітанушы, академик Ольденбург, тибеттанушы-академик Щербатской, шығыстанушы, тарихшы академик Бартольд, түркітанушы-академик Юдахин, фонетикашы-академик Щерба, академик Марр, монғолтанушы-академик Козин, қытайтанушы-академик Алексеев сынды алыптардан сабақ алу бар да, алған білімін ғылыми-зерттеуінде тиімді пайдаланып, мәңгі өшпес туынды жасау бар. Б. Ринчен өз еліне ғана емес, әлем ғылымына қомақты үлес қоса алғандықтан шын мәнінде шығыс энциклопедиясына айнала алды.

Б. Ринченнің «Монғол жазуы, тіл білімі» атты 4 томдық туындысы жарыққа шыққанға дейін әлем ғалымдары бұл саланы үнді, тибет, еуропалық тілдердің үлгісі негізінде қарастырып

келген екен. Ал, Мажарстанда докторлық диссертация ретінде қорғалған аталмыш еңбегін Л. Лигети, Шебенъян, Ирон сынды академиктер «тіл білімін зерттеу саласында жаңа дәуір әкелген құнды еңбек» деп, бірдауыспен жоғары баға берген көрінеді.

1940-50 жылдар аралығында монғол жұрты көне ұйғыр-ржын жазуынан бас тартып, қазіргі криллица қарпін қолдануға көшті. Ана тілінің өзге тілдің ықпалында кетуден сақтанған академик Ринчен сол жылдары Кеңес басшысы Н. Хрушев пен Қытай төрағасы Мао Зэ Дунға хат жазады. Хатта совет құрамындағы 100-ге тарта ұлттың ана тілі мен жазуын жоғалтқаны айтылған. Қытай төрағасынан Ішкі Монғолиядағы өз қандастарының төл мәдениетінің мұқият сақталуын өтінген. Бұл тілдік тәуелсіздіктің маңызын ерте түсінген ұлы ғалымның өз деңгейіндегі күресі еді.

Сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарында Ринчен-ғуай «халық жауы» ретінде істі болып, большевиктердің түрмесінде 5 жыл отырған кезінде оны ату жазасынан құтқарған да оның тілдік білімінің арқасы болған. Большевик партияның тарихын аударту үшін ғана оны тірі қалдырған көрінеді. Ринчентанушы шәкірттерінің мәлімдеуіне қарағанда, ол ұзын саны 17 тіл білген. Ағылшын, француз, герман, түрік, орыс, чех, көне славиян, латын, мажар, эсперанто, мәнжі, тибет, қытай тілдерін жетік меңгергендігі анықталған. Француз тілін ол түрмеде үйренген.

Бірде абақтының сыртында тау-төбе болып үйілген «халық жауларының» кітаптарын көреді. Ішіндегі беттері ең қалыңдау әрі көлемі қомақты бірін суырып алып көрсе, француз тілінің оқулығы болып шығады. Күзетшінің әміріне қарамастан, алдап-сулап жүріп кітапты тығып алады. Кейін шығыстану саласы бойынша жазған зерттеу еңбектерінің көбі француз тілінде жазылып жарыққа шығарылғаны белгілі.

Ғалымның шәкірті белгілі академик Ц. Шагдарсүрэн былай деп жазады: «Бізге ағылшын, француз, орыс, герман тілдерін үйренуді қатты талап етіп, міндеттейтін. Орта ғасырда бүкіл Еуропаның кітап тіліне айналған латын тілін, ежелгі заманда Орталық Азияда кеңінен қолданылған, үнді-еуропа тілдерінің атасы саналатын самгарди тілін білмейінше лингвист бола алмайтынымызды ескертетін. Өзі де тіл үйренуден жалықпады. Өлім аузында жатып та ежелгі латын мен көне қытай тілінің оқулықтарын үздіксіз ақтарумен болды» [Шагдарсүрэн, х.52].

Академиктің әлем классик жазушыларының ондаған таңдаулы туындыларын түпнұсқадан тікелей тәржімалаған талантты көркем аудармашы әрі өзі де ұлы жазушы екендігі

басқа тақырыпқа арқау болатын бөлек әңгіме.

Академик Б. Ринчен түркі, монғол, мәнжі тілдерінің шығу түп-төркіні бір екенін дәлелдеп, оны «Алтай тілі» деген біртұтас атаудың аясында қарастырудың жөн екендігін тұжырымдап кеткен бірегей алтайтанушы. Алтай тіл білімінің теориясын алғаш рет ғылыми деңгейге көтерген Финландияның атақты ғалымы Ramstedt екендігінде дау жоқ. Ал, академик Ринчен алтайтану ғылымындағы көмескі болып келген жайларды анықтаумен қатар болашақта шешілуі тиіс мәселелерді де жіктеп кеткен ұлы ғалым.

Өз кезегінде, Ramstedt алтай тобына корей тілін жатқызу қажеттілігін көтеріп, жан-жақты дәлел-дәйектерін де келтірген. Бірақ, академик Ринчен бұл пікірмен келіспеген. 1950-жылдары Жапонияның кейбір ғалымдары да жапон тілін Алтай тобынан тараған деген мәселе көтерген. Алайда, Ринчен оның да ғылыми негіздемесі тым көмескі екенін, әлі де зерттелетін тұстарының бар екендігін ескерткен.

Қазіргі таңда академик ұстанымының өміршеңдігі аңғарылып отыр. Корей тілінің лексикасының ең аз дегенде тең жартысын классикалық қытай тілінен енген сөздер құраса, бүгінгі ағылшын тілінен енген сөздердің де қалған бөлігінде елеулі орны бар дегенді зерттеушілер айта бастады. Хельсинки университетінің профессоры, корейтанушы Эндрыю Логидің жазуына қарағанда, корей тілінің алтай тобына мүлдем жатпайтындығын аңғаруға болады.

Ол былай деп жазады: «Корей тілінің түп атасы болып табылатын көне корей тілі тарихи белгілі бір кезеңде ежелгі қытай тілімен бірікпей тұрғанда ауыз-екі қолданыста болғандығына сенуге болатын шығар. Алайда, «таза корей тілі» көзқарасын ұстанушы ұлтшылдар бір мәселені қате түсініп жүр. Олар көне корей тілінің қолданылған дәуірі қазіргі саяси-мәдени айдэндитидің (identity) пайда болуынан тым алыстағы тарих қойнауында жатқан Шилла мемлекеті тұсындағы кезеңге тиесілі екендігін ұмыта береді. Сондай-ақ, олар Гогурёо, Бохай секілді елдердің құрамында тұрғанын және ондағы халықтар ежелгі корей тілінен бұрын жаппай қытай лексикаға негізделген мүлде басқа тілді қолданғанын біле қоймайды» [Монгол хэл..., 1994: х. 231].

Бір анығы, қазіргі зерттеушілердің көбі түркі, монғол, мәнжі тілдерінің ұқсас тұстарын олардың түбі бір деген тұрғыдан емес, өзара ықпалдастықтарының нәтижесі ретінде қарастыратын академик Б.Ринченнің тұжырымының аясында

топтасқандығы болып отыр.

Түркі және монғол тілдерінің дәл қайсысы кімге көбірек ықпал етті деген мәселе әлі де болса, зерттеушілерді қызықтыра түсері мәлім. Түркі және монғол тілдерінде ортақ сөздердің жиі кездесетіні белгілі. Мысал ретінде тек түстердің өнін білдіретін сөздерді алайық. Қара түс – хар өңгі, сары түс – шар өңгі, қоңыр – хоңғыр, жирен – зээрд т.с.с. Сондай-ақ, кейбір заттың атаулары да дәлме дәл келіп жатады. Айталық, тәңір – тэнгір, жүрек – зүрік, жорға – жороо, түйе – тэмээ, інген- ингі, тебен – тэвін, дәптер – дэвтэр, құрт – хурууд, маңдай - магнай.

Indiana университетінің Еуразия ғылыми орталығының қызметкері доктор М.Саруул-Эрдэнэнің пайымдауынша: «Кейбір зат атауларын бір ұлт екіншісінен алып, сол күйінде қолдануы мүмкін. Ал, белгілі бір заттың өң-түсі, етістіктер, адамның дене мүшесінің атаулары тіл білімінде байырғы сөздер саналатындықтан оны бір бірінен алған болып саналмайды. Сондықтан да, ондай сөздерді шығу түп-төркіні бір деп санаймыз. Олай болса, монғол және түркі тілдерінде жалпы алтай тіліне ортақ сөздер бар. Оны біз бір-бірінен бөліп қарамаймыз. Сонымен бірге монғолдан түркіге, түркіден монғолға енген сөздер бар. Ең қызығы, монғолдардың түркіге бергеннен гөрі алғандары көп кездеседі. Кейбір монғол сөздерінің шығу тегін іздегенде көбінесе түркі тілдерінен тауып жатамыз» [Монгол хэлний..., 2006: x.74].

Түркі-монғол тайпаларының көшіп-қонған байырғы мекендері ұланғайыр жерді алып жатқанын қазіргі күнге дейін сақталған атаулардан көруге болады. Қазіргі Монғолия жерінде түркі атаулардан тұратын өзен, көл, жер аттары жиі кездессе, Қазақстанда монғол аттары бар жер-су баршылық. Тіпті, ортақ атаулар да бар. Мысалы, Қобда деген жер мен өзен атауы Монғолияда күні бүгінге дейін сақталса, дәл осылай аталатын елді мекен Батыс Қазақстанда да бар.

Монғолиядағы ең ірі үш көл бар. Үшеуінің де атауы түркіше. Батыс Монғолиядағы Увс көлінің атауы монғолдың көне жазуы ұйғыржыңша жазылғанда «у-су» деп таңбаланады. Бұл көлдің суы тұзды ащы болып келетіндіктен солай аталуы қисынды іспетті. Елдің солтүстігіндегі Хөвсгөл көлінің атауы «көп-су-көл» деп таңбаланып тұр. Сондай-ақ, шығыстағы Буйр көлінің атауы – бұйра, Тонхил (тоң көл) және Байтаг, Хэнтій, Сутай, Тайхар (Тай-Кор, кор – түркі-монғолға ортақ сөз, корос – көр топырақ, монғолша хөрс шороо) деген атақты таулардың атаулары да түркі сөзі екенін монғол ғалымдары мойындайды.

Оның себебін, қазіргі түркі тілдерінде «даг», «таг», «тай», «тэй», «тий» сөздері тау деген мағынаны білдіретіндігімен түсіндіруге болады. Қазіргі Байкал көлінің де Байкөл екендігі әлімсақтан белгілі.

Сонымен қатар қазіргі Қазақ жеріндегі монғол атауларды тілге тиек етуге болады. Мысалы, Баянауыл деген жер атын алайық. Баян – бай деген монғол сөзі. «Ауыл» емес, дұрысы – ағула, тау деген мағынаны білдіреді. Байтау деген сөз. Алтынемел (алтан эмээл) – алтын ер тоқым. Боралдай (боролдой) – бозғылт, Қорғалжын (хорголжин) – қойдың құмалағы, ерітілген қорғасын деген екі мағынаны білдіреді. Мұқыр (мухар) – түкпір немесе тоқал малды айтады. Қаскелең (хас гэлэн) – нағыз діндар. Нарынқол (нарынғол) – күн өзені. Байынқол (баянғол) – бай өзен т.с.с.

Мұндай мысалдардың бәрі айналып келіп, қазақ пен монғол халқының түбі бір екендігін айғақтайды. Осыдан Ғұн деген жұрт түркі ме, монғол ма деген күрделі мәселе туады.

Академик Б. Ринченнің туған күйеубаласы Gyorgy Kara деген атақты монғолтанушы ғалым былай жазады: «Ғұндарды түркітанушы достарым түркі десе, монғолтанушылар монғол дейді. Өкінішке қарай бізде Ғұндардың тілі жайында дерек атаулы жоққа тән» [Гаднын үгийг..., 2007].

Расында, қазіргі түркітанушылар үшін де Ғұнның шанью хандарының аты-жөндерінен өзге олардың тілдерін айшықтайтын деректің жоғы басы ашық әңгіме. Шаньюлердің аттарының өзі көне қытай жазуымен таңбаланғанын және оны оқудың қаптаған нұсқалары болатынын ескерсек, проблеманың ауыр екендігін бажайлай беруге болады. Кезінде Ринчен-ғуайдың Ғұндарды Орта және Орталық Азияны қамтыған түркі-монғол аймақ-тайпаларын біріктірген ұлы империя болғандығы жайындағы ғылыми тұжырымы қазіргі Батыс ғалымдарының пайымымен үндесетіндігі назар аудартады.

Осылардың ішінде қазақ тарихында өзіндік орны бар, баға жетпес құнды қазынаның бірі – Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарих» атты қолжазба шежіресі, 1602 жылы Ресейде сол кездегі орта түркілік араб қадим жазуымен жазылған.

Қолжазбаны алғаш жариялап, зерттеген орыс шығыстанушысы И.Н.Березин болды.

Ол 1851 жылы «Московитянин» журналының № 24 санында «Татарский летописец. Современник Бориса Федровича Годунова» атты мақаласында, жәдігерліктің құндылығына тоқталып, ғылыми тұрғыдан зерттеу керектігін айтады. Екінші қолға алған ореанталист ғалым В.В.Вельяминов-Зернов «Исследование о касимовских царях и царевичах» еңбегінде «Жәмиғат тауарихты» тарихи тұрғыдан саралайды, құнды тұжырымдар жасайды. Жәдігерлікпен И.Н.Березин арқылы Ш.Уәлиханов та танысады, «Извлечения «Жамиат тауарих»» атты шағын зерттеуінде шежіренің тілі, стилі, орфографиясына қатысты сөз қозғайды. Шоқаннан кейін қазақтардан бұған Ә.Марғұлан, Р.

Сыздықова және т.б. ғалымдар назар аударды. «Жәмиғат тауарихты» зерттеген басқа да түркітанушы ғалымдар баршылық.

Қадырғали Жалайырдың «Жалпы тарихында» (араб тіліндегі «Жәмиғат тауарихты» осылай қазақшалауға болады) «Дастан Оразмұхаммед хан бин Ондан сұлтан» (қазіргі қазақшасы: Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммед хан туралы дастан) тарауындағы хан тағының суретінде тақтың сол жағында (*майсара* (араб) – сол жақ, немесе *дәст чәб* (парсы) – сол қол. Ә.Ә) отырған бектің (би, уәзір Ә.Ә) бірі – Оразмұхаммед ханның төрт бегінің бірі болған Арғын Чиш бектің есімі жазылған.

Жазба жәдігерліктегі осы есім түркітанушылар тәрпынан әр түрлі аталып жүр. В.В.Вельяминов-Зернов зерттеуінде Оразмұхаммедтің сол қол уәзірі Арғын Чешь- бикъ [Вельяминов-Зернов 1864: 525], Шоқан Уәлиханов зерттеуінде арғынец Чиш-бек [Уәлиханов 1961: 158] Рәбиға Сыздықова зерттеуінде Шаш бек [Сыздықова 1989: 239], Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романында Шәш бек [Мағауин 1986: 108] және Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязовтардың аудармаларында Арғын Чаш бек [Жалайыри 1997: 124] деп әртүрлі дыбыстық өзгерістермен (Чешь, Чиш, Шаш, Шәш, Чаш) аталады. Енді осының анық-қанығын тілдік (лингвистикалық) кодын сараптап көрейік.

Антропонимнің Чаш нұсқасына келсек (қазіргі қазақ тілінде «шаш») көне түркілік қолданыста «саш», «сач» деп жазылған. Мәселен: Енесей құлыптасында (ҮІІІ ғ) – *Қара сач* (кіс есімі), «Диуани луғатта...» (ХІ ғ) – *ер сачланды*, «Оғыз қағанда (ҮІІІ-ІХ ғ) – *Сачлары, қашлары қара ерділер*, «Ат-тухафа әз-зәкияда...» (ХҮІІІ ғ) – *саш*, орта түркілік (Х-ХҮ ғ.ғ) және жаңа түркілік (ХҮ-ХХ ғасыр аралығы) жазбаларда, «Ахуал Чингиз хан уа Ақсақ Темурде» (ХҮІ-ХҮІІ ғ) – «шач» немесе «сач» – *Шачын тараса інжу төкүлүп* таңбаланған.

В.В.Вельяминов-Зерновтың жоғарыдағы еңбегінде Қасым хандығының орталығы болған Кермен қаласындағы қорымдар басындағы жазбаларды зерттегенде, солардың бірінде Сайын Болат ханның өз анасы Алтыншашқа орнатқан ескерткішіндегі антропонимді - Алтунсач деп оқиды [Вельяминов-Зернов 1864: 525]. Яғни араб таңбалы қадим жазуындағы түркілік төл сөздің дауыссыз, дауысты дыбыстарының барлығы жазылғанын көреміз. Сонымен қатар мысалдардан байқап отырғанымыздай қазіргі қазақ тіліндегі «шаш» сөзі көне және орта түркі жазба ескерткіштерінде сөз басында (анлаутта) «ч» дыбысынан басталмайды. Ал Жалайыр Қадырғали шежіресіндегі сөз «ч»

әрпімен басталып тек дауыссыз дыбыстармен (ЧШ) таңбаланған, яғни дауысты дыбыстар жазылмаған.

Оның өзіндік себебі бар. Алдымен жәдігер Орта түркілік жазба ескерткішке жатады. Орта түркілік араб қадим жазулы ескерткіштерде жазу тәртібі болған (орфографиялық заңдылық деуге келмейді). Атап айтқанда жалғалмалы (аглютинативті) тіл болғандықтан түркілік төл сөздердің дауысты, дауыссыз дыбыстары толығымен таңбалануға түссе, қопармалы (флективті) тілдік заңдылыққа бағынатын араб-парсылық кірме сөздердің дауыссыз дыбыстан тұратын түбір қаңқасы ғана жазылып, қысқа дауысты дыбыстар харакаттар арқылы белгіленген. Харакаттар (қысқа дауысты дыбыстар) тек қасиетті жазбаларды қатесіз дұрыс оқу үшін дауыссыз дыбысты таңбалайтын әріптің асты, үстіне қысқа дауысты дыбыстарды белгілейтін диакретикалық белгілер қойылады, яғни Құран және Хадис сөздерінде ғана жазылған, ал басқа жазбаларда харакат қойылмайды. Орта түркілік жазбалардағы араб-парсылық кірме сөздердің де харакаттары жоқ.

Сондықтан Қадырғали Жалайыр жазбасындағы антропоним харакатсыз жазылған таза арабтық есім болғандықтан оны «чаш», «чиш», «чеш», «іш», «чыш», «чуш», «чүш», «чөш», «чош» деп қысқа дауыстыларды қойып әртүрлі сөзформада оқуға болады. Зерттеушілердің жәдігерліктегі есімнің бірде «Чаш» енді бірде «Чеш» деп оқуының мәнісі де осында.

Қадырғали Жалайырдың тарихи еңбегіндегі сөз болып отырған осы антропоним қазақтың тарихи-рулық шежіресінде де кездеседі. Атап айтқанда Арғын тайпасының ішіндегі қазіргі Қанжығалы руының арғы аталары Шиш бек есімімен аталады. Бұған байланысты Қанжығалы Сакқұлақ бидің «Шежіре тарихында» мынандай дерек бар: «Арғын бабамыздың немерелері Толыбай жиырмаға, Маябоз он сегізге келген тұсында, Ақсопы екі баласын түркімендерге, оның ханы Көроғлы ханға қызмет етуге жібереді. Хан Толыбайды өзіне атбегі етіп қабылдайды да, Маябозды теке-жәуміт (ахалтеке) жылқысын бағуға жібереді.

Толыбай түркімен қызына үйленеді. Оның жүкті кезінде Көроғлы хан Хорасанға жорық жасап, Хорасанның орталығы Раушан қаласын өзіне қаратады. Еліне қайтып келе жатқан жолда, көңілінің тасығандығынан болар, хан басындағы жығасын Толыбайға кигізеді. Елге оралғанда жұрт: Хан Толыбайға жығасын сыйлапты, «ханның жығасын» киген Толыбай, деп шуласады. Ақыры «хан жығасы» Толыбайдың екінші лақап есіміне

айналып «Ханжығалы» (айтылым бойынша Қанжығалы) атанып кетіпті.

Қанжығалы Хорасан жорығынан оралғанда әйелі ұл табады. Көроғлы хан жеңіп алған Раушан шаһары құрметіне Қанжығалы баласына Раушан бек деп ат қояды. Одан кейін туған ұлына Шиш пайғамбардың есімін беріп Шиш бек деп атаған. Қанжығалылар мұны қысқаша Ішпек деп атайды» [Еңсебаев 2004: 53]. Шежіре ауызша тарих, ішінде аңыз араласып келсе де, түбінде ақиқат бар. Сондықтан Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарихындағы» Арғын Чиш бекті бүгінгі қанжығалылардың ақсақалдары өздерінің аталарына жатқызып жүргендері де шындыққа біраз жақын келеді. Бұған мынандай дәлелдер бар:

1. Түркі жұртының Орта ғасырларда Ислам дініне кіріп мұсылмандана бастауына байланысты көптеген түркілік антропонимдер де мұсылмандық атауға бейімделді. Әсіресе Ислам дінімен байланысты пайғамбарлардың, әулиелердің, сахабалардың есімдері түркі антропонимдерінде кеңінен қолданысқа түсті. Соның бірі Шис (ауызекі тілде кейде Чит деп те атайды) пайғамбардың есімі. Шис Адам атаның Әбілдің өлімінен кейін көрген үшінші ұлы [Қыдыров 2008: 23] Сондықтан Шис есімі орта түркілік жазба ескерткіштерде көп кездеседі.

2. Дыбыстық құбылыстарға байланысты Шис атауы кейде Чис, Чиш/Шиш, Шейш болып та аталынады. Мәселен «Шаджарату түркіменде» (XVIII ғ) – *Адам өлер болды ерсе, Шейш атлы оғылыға айтады кім: «Мендің соң сен менің орнұмға олтуруп оғаланларымға баш болғұл»*. Яғни жазба тілде де «Шейш» деп жазылған.

Сөздің абсолют басында «ч» аффрикат дыбысының қолдануы араб тіліне тән емес, ал көне және орта түркі тілінде бұл аффрикат сөз басында (анлауттта) жиі қолданыста болған. Көненің көзі реликт ретінде бұл дыбыс қазіргі қазақ тілінің Оңтүстік, Шығыс, Маңғыстау, Алтай қазақтарының диалектілерінде сақталынып, актив қолданылады (шай-чай, шын-чын, шыны-чыны, шәш –чәш. шөп-чөп т.б).

Сондықтан орта түркілік жазба ескерткішіндегі араб негізді Шис атауының анлауыттағы **ш~ч** дыбыстық алмасуға түсуі таза тілдік құбылысқа тән. Сөздің соңындағы (бір ерекшелігі көне, орта түркі жазбаларындағы «шаш» сөзінің осы позициясында «ч» аффрикаты қолданылмаған) **с~ш** алмасуын да осындай құбылыс деп қарау керек. Сонда араб тілі арқылы енген Шис есімінің орта ғасырлық түркілік сөйленісте (дыбыстық құбылы-

стар, дыбыстық алмасулар тек ауызша тілде болады) **Чис, Чиш, Шиш, Шейш** болып әртүрлі аталуы заңды нәрсе.

3. Орта түркілік **Чиш бек** антропонимдік лауазымның (бек – лауазым атауы болғандықтан жазба ескерткіште бөлек жазылған) қазіргі қазақ тілінде **Ішпек** болып өзгеріске түсуі де осы тілдік (фонетикалық) заңдылыққа, яғни протезаға байланысты. Кірме сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы – протезалық құбылыс. Протеза кірме сөзді енген тілге икемдеп айтуға жеңілдету үшін қажет. Қазақ тілінде протезалық дыбыстар негізінен қысаң (ы, і, ұ, ү) дауыстылар: стакан-ыстакан; стол-үстел; шкаф-ышкап т.б. Сонда араб тілінен енген **Шис**, орта түркілік жазба ескерткіште сөз басында (анлауыттық) **ш~ч** және сөз соңы (ауслуыттық) **с~ш** дыбыс алмасуына түсіп **Чиш**, кейін жаңа түркілік қазақ тіліне бейімделіп (протезалық құбылыс) **Іш** болған. Негізінен тарихи даму тұрғысынан алғанда орта түркілік жазбалардағы «**ч**» мен «**ш**» бір дыбыс болып саналады, кейде екеуі бірінің орнына бірі алмасып қолданыла береді. Қазіргі қазақ тіліндегі аймақтық сөйленістер осыны айғақтайды. Қазақ тілінің диалектикалық сөздігінде сөз басында «**ч**» дыбысымен дыбысталатын 200-дей сөз бар [Диалектикалық сөздік 2007: 677-685]. Сонда араб тілдік дауыссыз дыбыстарға негізделген (консонанттық) орта түркілік шежіредегі түбірдің құрамындағы **ЧШ** дауыссыздары бір ғана **Ш** дауыссыз дыбысына айналған, яғни **чш ~ ш** болып өзгерген де кейін протезалық құбылыс арқылы **Іш** болып қалыптасқан.

Ал **бек** лауазымы қазіргі қазақ тілінде есіммен бірігіп кеткен. Яғни **Чис бек** есімді лауазым біріккен сөзге айналып **Ішбек/Ішпек** антропониміне айналған. Бұл жерде дыбыс үндестігіне орай сөз соңындағы қатаң «**ш**» дыбысы екінші кіріккен сөз басындағы ұяң «**б**» дыбысын өзіне икемдеп қатаң «**п**» дыбысына айналдырған. Яғни, **Ішбек** ілгерінді ықпалдың әсерімен **Ішпек** болып өзгеріске түскен.

Сонда антропонимдік өзгерісті жүйелейтін болсақ, **Шис бек ~ Чис бек ~ Чиш/Шиш бек** (кейде **Шейш бек**) ~ **Ішбек ~ Ішпек** тізбегін құрайды. Барлығы тілдік заңдылыққа бағынып сатылай өзгеріске түскен. Бұл тілдік сараптама негізіндегі дәлеліміз.

Ендігі мәселе Оразмұхаммедтің сол қол уәзірі Арғын Чиш бектің қазіргі Қанжығалалардың атасына қатыстылығы. Мұны анықтау үшін шежірелік, тарихи деректерге сүйеніп, жалпы Арғын тарихына үңілу қажет.

Арғындардың шығу тегі көптеген тарихшыларды қы-

зықтырған, себебі олардың өзге тайпалардан (керей, найман, жалайыр, қоңырат, қыпшақ, үйсін және т.б.) өзгешелігі, жазба тарих бетіне XIV ғасырға дейін белгісіз болып келгендігінде. Зерттеушілердің көбі «арғын» этнониміне қатысты тарихи-салыстырмалы тәсіл арқылы түркі тайпасының түп атасы «ғұн» атымен байланыстырғанмен ғылыми негіздеме жоқ. Арғындарға қатысты В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам сияқты ориенталист ғалымдарымен қатар Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлкей Марғұландардың да құнды пікірлері бар.

Әсіресе Шыңғыс хан тұсындағы арғын тайпасы туралы деректер мардымсыз, әлі де зерттеуді қажет етеді. Шәкәрім шежіресінде: «...Бергірек заманда шежіреде арғынның білінетұғыны - Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы менен онан кішісі Шағатайға ел бөліп бергенде, солардың қол астында арғын деп аталады. Арғын дегені - арғындар деген сөз. Әмір Темір хан заманында және арғын атанып, осы Шыңғыс тауы менен Тарбағатайда жүргені анық. «Шыңғыс ханның өз тұсында арғын аты неге аталмаған?» деген сөз туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтса да, ақырында «арғын Шыңғыс ханға соғыспай қараған шығар» дейді. Менің ойымша, ол кезде арғындар найман ханына қарайды. Себебі Аристов сөзінде бұрын қара қытайдың алғашқы ханы Амбахан тұсында Байергун, яғни арғын айтылады да, найман жоқ. Және Аристов айтады: «бұрын баярған яғни арғын күшті еді, Шыңғыс тұсында найман күшті болып, екі ханға қарап тұрды. Керейлер өз алдына бір ханға қарап тұрған еді» дейді. Және Шыңғыстың баласы Шағатай қол астындағы елді айтқанда, «арғын наймандарменен Еміл, Қаратал, Нұра өзенінде жүрді» дейді. Осы сөздерден мағлұм болды - бір кезде арғын күшті болып, найман оған қарап, бір кезде найман күшті болып, арғын оған қарағандығы» [Шәкәрім 1991: 43] деген жорамал жасайды.

Темір жорықтарына арналған деректерге қарағанда, арғындар XIV ғ. аяғында Алакөл мен Қаратал өзенінің арасында тұрған, яғни олар бұрынғы орындарында қалған. Шағатай ұлысының құрамында болған арғындар Темірдің 1376, 1389 және 1390 жылдардағы жойқын шапқыншылықтарына ұшырады, одан кейін XV ғ. басында шығыстан жоңғарлардың шабуылы басталды да, 1456 ж. арғындар батысқа қарай кәдімгідей жылжып, Орыс ханның немересі, әйгілі Жәнібек ханның қарамағында болды. Шамасы, арғындар батысқа қарай 1400-1410 жылдары қозғалса керек. Өйткені арғындар (қанжығалы руы) 1420 ж. Жәнібектің әкесі Барақ ханның Ташкент пен Ходжентке

қарсы жорығына қатысады. Бұлардың барлығы Қадырғали Жалайырға дейінгі мәліметтер.

Қадырғали Жалайыр шежіресін зерделей қарайтын болсақ, Шыңғыс ханның оң қол, сол қолға бағынышты түмен, мыңбасы, жүзбасы әмірлері және әскерлері, кейінгі балалары Шағатай, Үгедей, Жошы, Толу қасындағы оң қанат, сол қанат бектері негізінен қазіргі қазақ руларынан Жалайыр, Маңғыт, Қоңырат және т.б. тайпалардан болғанын көреміз [Жалайыри 1997: 61]. Мұнда Арғындар туралы мәлімет айтылмайды. Тек ХҮІІ ғасыр басында Қасым хандығын басқарған қазақ сұлтаны Оразмұхамедтің бірнеше билерінің бірі болған Арғын Чиш бектің аты ғана аталады. Негізінен хан жанынан табылып, кеңесші, серігі, жақын жолдасы болып жүрген Арғындар жайлы мәліметтер де аз емес. Бір деректе Әбілхайырдың (1428-1465) ақылгөй қазысы Арғын Дайырқожа би болған дейді. «Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан «Ақжол» атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілхайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара Қыпшақ Қыпшық Қобыландыда нең бар еді құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі. ... Біздің қазақтың Арғын атасы Қотан ақын дейтуғын осы және бұл сөзге бір дәлел Арғын Жанақ ақынның өлеңі:

Алашта Арғын аға туған зерек,

Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.

Арғынның түп атасы ақын Қотан,

Өлеңге бізден ұста болса керек» [Шәкәрім 1991: 23] дейді, ұрпақтан ұрпаққа аманат боп үзілмей жалғасып жеткен, халық жадында сақталған ауызша тарих.

Осы оқиғадан кейін арғындар мен керейлер Жәнібек пен Керей сұлтанға ілесіп, Әбілқайырды тастап кетеді. Жәнібек пен Керейдің Моңғолстанға, Балқаш көлінің оңтүстігіне ығысу себебін де тиянақтай түседі. Бұл тарихи аңыз (яғни ауызша жеткен тарих, сондықтан оның әр түрлі нұсқасы болуы да мүмкін).

Қазақ хандығының құрылуына бірден бір себепкер болғандықтан арғындар осы халықтың құрамындағы аға орынды алға-



ны күмәнсіз. Сондықтан Орта жүздің ішіндегі рулардан ерекшеленіп «Арғын аға баласы» атануы да осы болса керек (Шәкәрім шежіресінде Арғынның аға болуына басқа деректер келтіреді). Арғындардың кейін Шыңғыс әулетінің қасында жоғары лауазымды қызметте жүруі де осы ағалық мәртебесі болуы мүмкін. Оған дәлел Шыңғыс ұрпағы Оразмұхаммедтің жанындағы арғын (қанжығалы) Чиш бектің болуы. Мұхтар Мағауин оны қырым жақтан келген арғын деп көрсетеді [Мағауин 1986: 146]. Дегенмен де, Қазақ хандығының негізін қалаған аға баласы арғын Чиш бектің өз елінен жырақтап Кермендегі Оразмұхаммедтің қасынан табылуы, оның санаулы бектерінің бірі болуы әлі де түйіні шешілмеген, зерттеуін күтіп тұрған мәселелер.

Енді осы айтылған деректі сараптайтын болсақ, Қанжығалы атанған Арғын Толыбай ХҮ ғасырда Әбілхайырдың қасында болса, онда оның ұлы Чиш бектің арасы екі ғасырға алшақтап кетеді де бұл шындыққа жанаспайды.

Ал екінші деректегі Қодан тайшының екінші ұлы Қаратайдан бастап таратсақ онда Чиш бекке дейін тоғыз ата болады [Еңсебаев 2004: 35]. Дайырқожаның өліміне байланысты оқиға ХҮ ғасырдың 50 жылдарының орта тұсына келсе, (Жәнібек пен Керейдің Шу бойына көшіп келуі 1457 жылдар шамасы) сонда Қодан тайшының ұлы Қаратай ХҮ ғасырда (шамамен 1410 жылдары дүниеге келді деп шамаласак) өмір сүрсе, онда Чис бекке (туған жылын шамамен 1568 жылдар деп алсақ) дейінгі аралықтағы ұрпақ жалғастығы 17,5 жасқа келеді. Ал енді төменен жоғары өрлесек, Қанжығалы Бөгенбай мен Чиш бек атасының арасында жеті ата бар Бөгенбай 1680 жылы дүниеге келсе, Шишбек атасын шамамен 1568 жылы туған десек (1602 жылы Оразмұхаммедтің қасында би болғанда жігіт ағасы жасында 40-45 терде болуы мүмкін) онда аралары 128 жылды қамтиды, сонда әр атаның арасы 16 жастан келіп отырады. Әрине, ауызша шежіреге сүйенгендіктен, ата-тектің туған жылдары, өмір сүрген уақыты нақты болмағандықтан біздің есептеуімізде біраз ауытқушылықтар да жоқ емес. Дегенмен «Он үштегі отау иесі» түркілік салт-дәстүрімен қарасақ, бұл дерек шындыққа біраз жақындайды.

Сонда Қадырғали Жалайырдың шежіресіндегі антропонимді зерттеген тәсілдерден (тілдік сараптамалық, тарихи-салыстырмалы, ата тектік, ұрпақ жалғастығы) шығатын қорытынды бойынша 1602 жылы Оразмұхаммед сұлтанның бегі болған Арғын Чис бек қазіргі Қанжығалылардың атасы болып шығатынына негіз бар. Өйткені жазба деректерде Түркіменстан, Кав-

каз, Қырым түбегіндегіне ауа жайылған арғындар арасынан Чиш бек атымен аталатын тарихи тұлға кездеспейді. Арғындар туралы зерттеу жүргізген шетел, орыс, қазақ ореанталистері де бектік лауазымға жеткен осы рудың, осы аттас тұлғалары жөнінде ешқандай мағлұмат бермейді.

Екіншіден, Оразмұхаммедтің қасындағы бек, би, уәзірлері Қазақ хандығы құрамындағы ру-тайпалардың (жалайыр, арғын, маңғыт т.б) адамдары болғандықтан арғын Чиш бектің қазақ, соның ішінде қанжығалы руынан болуы да мүмкін. Біздің дәлеліміз осы.

Түйіндейтін болсақ, енді осы арғын (қанжығалы) Чиш бекті ары қарай зерттеп, оның тарихи тұлғасын ашу үшін қосымша архив құжаттарын қарастырған жөн. Ә.Марғұланның деректеріне сүйенсек, Оразмұхаммедтің қолжазбалары, кітаптары, хаттары сақталған «күміс сандық» сұлтан өлген соң Патша архивіне өткізіліп, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда сонда сақталған, кейін ХІХ ғасырдың ортасына дейін Ресей Ғылым Академиясының Азия музейінде болған [Марғұлан 1981]. Сонда бір дерек болуы да мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТ

Вельяминов-Зернов В.В. Изслѣдованіе о касимовскихъ царяхъ и царевичахъ.

Часть вторая. Санктпетербургъ, 1864. - 525 с.

Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы, 1-том. – Алматы, 1961. 777 б.

Сыздықова Р.Г. Язык «Жами’ат- тауарих» Жалайри. Алма-Ата, 1989. - 243 с.

Мағауин М. Аласапыран. Алматы, 1986. - 408 б

Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов. Алматы, 1997. – 128 б

Еңсебаев.Т.А. Қанжығалы шежіресі. Павлодар, 2004. - 494 б.

Пайғамбарлар қиссасы. Құрастырғандар. А.Қадыров, Ж.Жакипов,

Қ.Қыдыралыұлы. Алматы, 2008. - 268 б.

Диалектикалық сөздік. – Алматы, 2007. - 800 б.

Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991, 436

Марғұлан Ә. Күміс сандық құпиясы // Қазақ әдебиеті. 1981 ж, 1 январь

## РАЗРАБОТКА ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКОЙ БАЗЫ ДАНЫХ ТАТАРСКИХ ГЛАГОЛОВ

Галиева Альфия Макаримовна\*

Аюпов Мадехур Масхутович\*\*

\* Кандидат философских наук, ведущий научный сотрудник НИИ «Прикладная семиотика» АН РТ. E-mail: amgalieva@gmail.com.

\*\* Научный сотрудник НИИ «Прикладная семиотика» АН РТ, старший преподаватель Казанского (Приволжского) федерального университета. E-mail: madehur@mail.ru.

#### ABSTRACT:

Currently a task of development of computer applications and thesauri for Turkic languages remains topical. One of tasks of this project is mapping linguistic particularities of the semantic system of Tatar verbs in a lexicographic resource meeting the needs of modern computational linguistics. The main result of the project is the development of wordnet-like thesaurus of Tatar verbs (<http://sintaxem.antat.ru>).

KEY WORDS: the Tatar language, wordnet, synsets, semantics.

### 1. Введение

В настоящее время для значительной части тюркских языков еще не создано современных лексикографических ресурсов, отвечающих нуждам, как традиционной лексикографии, так и компьютерной обработки текстов. Одна из важнейших задач представляемого в данной статье проекта – отображение лингвоспецифичности семантической системы татарских глаголов в лексикографическом ресурсе, отвечающем нуждам современной компьютерной лингвистики. Основным результатом работы над проектом – разработка прототипа wordnet-тезауруса татарских глаголов (<http://sintaxem.antat.ru>).

Проект нацелен на классификацию лексем татарского языка по ряду семантических и грамматических признаков с учетом парадигматических и, отчасти, синтагматических отношений в системе языка и создание иерархической семантической модели глагольной лексики татарского языка на основе технологии wordnet.

Wordnet – это электронный тезаурус, представляющий собой иерархическую семантическую сеть концептов в виде синсетов [Miller 1995: 8]. Основным отношением в wordnet является отношение синонимии; наборы синонимов – синсеты – являются основными структурными элементами тезауруса.

Глаголы образуют ядро лексико-семантической и грамматической системы языка и характеризуются концептуальным богатством, сложностью семантической структуры и синтагматики. Семантика глагола не только номинативна, но и реляционная, что требует оптимальной интеграции разных исследовательских приемов при описании глагольной семантики с учетом как сигнификативных, так и синтагматических компонентов значения.

### 2. Методология

В тезаурусах типа wordnet важным критерием синонимич-

ности лексем является их взаимозаменяемость в пределах контекста [Vossen 2002: 10]. Разработчики wordnet-тезауруса для русского языка RussNet критерий взаимозаменяемости рассматривают как дополнительный по отношению к критерию семантической близости. Последний выявляется при дефиниционном анализе, для которого требуется установление идентичности словарных определений или взаимная отсылка в синонимических определениях [Азарова 2003: 1]. Мы также критерий семантической близости синонимов рассматриваем как основной.

Для моделирования глагольной системы татарского языка был использован подход, основанный на базовых принципах разработки тезаурусов типа wordnet. Создание тезауруса типа wordnet требует точного описания лексико-семантических отношений между единицами в системе языка и представления классов лексических единиц и отношений между этими классами в формализованном языке, поиск таких способов формального описания слов, которые могут быть применены к описанию значительного количества татарских глаголов. Технология wordnet основывается на выделении типов синсетов (совокупностей синонимов, выражающих концепты) и определении характера отношений между синсетами, которые для глагольных лексем имеют свою специфику (в отличие от существительных и прилагательных).

Первоначально по лексикографическим источникам (толковые словари татарского языка и двуязычные татарско-русские словари) был произведен отбор глагольной лексики в качестве эмпирической базы для разрабатываемого ресурса (свыше 5000 синтетических и аналитических глаголов). Далее была проведена семантическая классификация этих глаголов для получения наполнения основных лексико-семантических групп татарских глаголов, каждому глаголу в рабочем порядке был приписан семантический тэг.

В ходе работы над проектом был произведен анализ принципов организации информационно-поисковых тезаурусов, а также анализ современных российских и международных стандартов в области разработки и использования тезаурусов. Проанализированы основные подходы к созданию wordnet-тезаурусов, имеющиеся в современной научной литературе, в частности, «модель расширения» (Expand Model) и «модель объединения» (Merge Model). Сделан вывод о том, что в силу специфики лексико-семантической системы татарского языка «модель расширения» (перевод синсетов принстонского

WordNet'a) является малоподходящей. Наиболее продуктивным является подход, когда отбор лексических единиц и установление семантических отношений между словами производится на базе татарского языка, затем полученные синсеты должны быть выравнены по базовым концептам принстонского и других wordnet'ов. Такой подход позволяет отразить своеобразие глагольной лексики татарского языка с сохранением лингвопецифичных концептов разных уровней.

### **3. Особенности представления татарских глаголов**

Несмотря на то, что в татарской лексикографии традиционно глаголы представляются в форме имени действия (например, [Татар теленең аңлатмалы сүзлеге 2005: 3]) или инфинитива (например, [Татарско-русский словарь 2004: 5]), в разрабатываемом проекте в качестве основной формы представления глагольной единицы выбрана форма императива 2-го лица единственного числа, такой выбор мотивирован тем, что татарский императив представляет собой лексическую основу глагола, не осложненную никакими дополнительными аффиксами (в том числе аффиксом инфинитива и имени действия), например:

*бар* «иди» – императив 2 лица единственного числа, *барырга* – инфинитив, *бару* – имя действия;

*кара* «смотри» — императив 2 лица единственного числа, *карарга* – инфинитив, *карау* – имя действия.

Мы считаем, что такой способ представления основной формы глагола является наиболее экономичным и отражает структурные особенности татарской грамматики; он наиболее удобен с точки зрения перспектив использования ресурса в системах обработки текста и машинного перевода, так как лемматизация глагола в имеющихся лингвистических приложениях привязана к императиву.

Комплексный характер представления лингвистической информации в wordnet'ах потребовал привлечения различных источников.

Для уточнения значения и определения семного состава глаголов привлекался главным образом Толковый словарь татарского языка [Татар теленең аңлатмалы сүзлеге 2005: 3] и данные Татарского национального корпуса «Туган тел» (<http://corpus.antat.ru>). Татарский корпус содержит массив данных о реальном функционировании слов в языке, но лексико-семантическая информация в корпусах представлена в имплицитной форме.

В ходе работы над проектом решался широкий круг задач с

использованием корпусных данных:

- корректировка толкований лексем (в рабочем порядке) в случаях, когда дефиниции, данные в толковых словарях, являются недостаточно полными для построения синсетов и установления иерархии лексем;

- составление новых глагольных синсетов, обогащение синсетов, представленных в словаре синонимов татарского языка;

- построение иерархической сети татарских глаголов, конструирование невербализованных концептов высших уровней;

- включение в синсеты аналитических форм и отображение каузативных пар.

В разрабатываемый тезаурус были включены только те единицы, которые представлены в Татарском национальном корпусе (по крайней мере, в нескольких различных контекстах).

При моделировании системы татарских глаголов и выстраивании сети синсетов лексикографический материал при необходимости нами дополняется и уточняется на корпусных данных. Словари включают ограниченный лексический материал, их составители работают в рамках определенных теоретических установок, которые мы не всегда разделяем; соответственно, при моделировании системы татарских глаголов и выстраивании сети синсетов лексикографический материал при необходимости нами проверяется и уточняется на корпусных данных.

В ходе реализации проекта разработана лингвистическая база, описывающая отношения между элементами лексической системы и определены таксономические категории татарского глагола:

- через общность значения;

- через сочетаемостные свойства глагола.

Впервые системно и на большом материале (3229 синтетических глаголов снабжены семантическими тэгами) рассмотрен характер взаимоотношений между глаголами татарского языка с выделением основных семантических классов глаголов (в настоящее время используются 62 тематических тэга), с формированием синсетов и отображением семантических отношений между полученными синсетами.

Полученные синсеты включают как синтетические, так и аналитические глаголы разных типов [Galieva 2015: 7]:

- аналитические глаголы, образованные от полнозначного знаменательного слова и вспомогательного глагола: *ярдәм иту*

(помогать), *ярдәм кылу* (помогать);

– аналитические глаголы, образованные от звукоподражательного или образоподражательного слова: *шыбыр-шабыр иту* (шуршать, барабанить – о дожде или падающей сверху воде), *жем-жем иту* (мерцать, блестеть);

– аналитические глаголы, образованные от полнозначного знаменательного слова и полнозначного глагола в функции вспомогательного: *ашыйсы килу* (проголодаться).

Разные лексико-семантические варианты многозначного глагола входят в разные синсеты:

– {*быкырдау, быгырдау, гөбердәу*} – «бурлить, kloкотать» (о жидкости);

– {*быкырдау, быгырдау, гөбердәу, чурлау*} – «урчать» (о желудке).

Текущая версия базы данных содержит свыше 5000 татарских синтетических и аналитических глаголов.

В ходе работы над проектом было произведено исследование глаголов отдельных лексико-семантических групп (ЛСГ) с выделением базовых глаголов (исследованы виды парадигматических группировок, особенности внутренней организации ЛСГ, характер иерархичности сем внутри ЛСГ).

В тезаурусе должны отображаться следующие семантические отношения между глаголами одной ЛСГ (показаны на примере семантических отношений между глаголами физиологического действия и состояния).

1. Отношение следования:

*йоклау* (спать) – *гырлау, гырылдау, хырлау* (храпеть).

2. Отношение тропонимии:

*авырту* (болеть, испытывать боль)

*сызлау* (испытывать сильную боль) – тропоним первого уровня

*әрну* (испытывать сильную острую боль) – тропоним второго уровня

3. Отношение каузативности:

{*акаю, чекерәю, челәю, тарсаю*} (выпучиваться, тарашиться, выкатываться – о глазах) – {*акайту, чекерәйтү, челәйтү, тарсайту*} (выпучивать, тарашить, выкатывать – о глазах).

Каузативные корреляты имеют (или могут иметь) почти все глаголы татарского языка. В настоящее время в тезаурус включены только те каузативы, которые были обнаружены в словарях. В дальнейшем количество каузативов будет увеличено.

4. Отношение антонимии:



*ябыгу* (худеть) – {*тазару, тазарыну*} (поправляться, полнеть).

В исследованиях по разработке wordnet-ресурсов антонимия обычно не рассматривается в качестве типовых семантических отношений между глаголами (см., например, [Лукашевич 2011: 2]); но мы считаем, что глаголы многих лексических классов, в частности, глаголы движения, качественного состояния, посессивные глаголы, имеют антонимические корреляты, и антонимические глагольные пары отличаются высокой частотой употребления в речи. Поэтому мы считаем, что отражение антонимических отношений глаголов в тезаурусе типа wordnet целесообразно как с точки зрения построения ресурса, так и его использования в будущем в образовательных и исследовательских целях.

Характер иерархии и количество тропонимов у одного гиперонима в разных ЛСГ существенно отличается. Так, в ЛСГ глаголов звучания практически все некаузативные глаголы (синсеты) являются тропонимами по отношению к одному и тому же невербализованному в татарском языке концепту со значением ‘звучать, издавать звук’. Аналогично основная масса глаголов становления качества являются гипонимами по отношению к невербализованному концепту со значением ‘начать обладать признаком х’. Соответственно, ЛСГ глаголов звучания и глаголов становления качества в целом семантически однородны.

В то же время ЛСГ глаголов интеллектуальной деятельности, посессивных глаголов, глаголов физиологической деятельности представляют собой очень неоднородные группировки со сложной структурой.

Выявлено, что одной из характерных особенностей глагольной лексики татарского языка является наличие богатого инвентаря концептов нижних уровней. Например, для глаголов звучания характерно наличие большого количества слов, описывающих отдельные особенности звуков, издаваемых неживыми предметами. Имеются глаголы, обозначающие специфику питания отдельных животных (*утлау* – «есть, щипать траву – о травоядных животных», *күшәү* «жевать жвачку = о жвачных животных» и т. п.). Сопоставление с русскими глаголами свидетельствует о том, что многие глаголы нижних уровней с конкретной и богатой семантикой не имеют прямых эквивалентов в русском языке.

При этом значительное количество концептов верхних

уровней, вербализованные в русском языке, в татарском являются невербализованными и конструируются искусственно при создании иерархии синсетов (имеются лакуны для обозначения гиперонимов), так, отсутствуют татарские глаголы со значением «иметь», «звучать», «воспринимать», «создавать» и некоторые другие.

Моделирование лексико-семантической системы татарских глаголов реализовано в виде Web-приложения и размещена на сайте <http://sintaxem.antat.ru/>. Для реализации системы использовалась система управления БД Postgresql 9.1.

#### **4. Заключение.**

Проект по разработке wordnet-тезауруса татарских глаголов позволяет объединить опыт традиционной татарской лексикографии и современных информационных технологий. Применение корпусных технологий дает возможность создавать ресурс, адекватно отражающий распределение слов татарского языка и их лексико-семантических вариантов в реальном контекстуальном окружении. Одна из важнейших задач проекта – отображение лингвоспецифичности семантической системы татарских глаголов в ресурсе, отвечающем нуждам современной компьютерной лингвистики. Актуальность и новизна проекта обусловлены необходимостью комплексного описания лексико-семантических структур татарского языка в целом и глагольной лексики в частности, определения количества и качественных характеристик лексико-семантических категорий и параметров структурно выраженной системности.

Проект предполагает рассмотрение семантической организации глагольной лексики татарского языка по разным осям структурной организации (парадигматики и синтагматики). Выделение у глаголов разных семантических классов сем, релевантных для семантической и синтаксической организации предложения, открывает перспективы расширения представлений о структуре лексического значения глагола. Научная значимость проекта определяется тем, что лексическая система татарского языка как сложная иерархическая сеть единиц разных уровней и типов не была объектом целостного описания, свидетельством чего, в частности, является отсутствие идеографических словарей татарского языка. В рамках проекта впервые осуществляется создание комплексной семантической классификации татарских глаголов, изучение семантико-структурной организации глагольной лексики путем моделирования семантической системы глаголов с помощью технологии Wordnet как

совокупности синсетов, выявление лингвостатистических закономерностей распределения глаголов внутри различных лексико-семантических группировок.

Проект по разработке wordnet-тезауруса татарских глаголов позволяет объединить опыт традиционной татарской лексикографии и современных информационных технологий. Одна из важнейших задач проекта – отображение лингвоспецифичности семантической системы татарских глаголов в ресурсе, отвечающем нуждам современной компьютерной лингвистики.

В будущем данный тезаурус может быть использован для решения комплекса прикладных задач компьютерной лингвистики, информационного поиска, машинного перевода. Wordnet-тезаурус татарских глаголов также может быть использован при снятии многозначности в Татарском национальном корпусе, что на сегодняшний день является актуальной задачей.

Полученные в ходе реализации проекта результаты и сама классификация представляет также значительный интерес с точки зрения интенсивно развивающейся в настоящее время лексической типологии, давая обширный материал для исследования устройства семантических полей, моделей полисемии.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Азарова И.В., Митрофанова О.А., Синопальникова А.А. Компьютерный тезаурус русского языка типа wordnet // URL: <http://www.dialog-21.ru/Archive/2003/Azarova.htm>, свободный. – Проверено 02.06.2014.
2. Лукашевич Н.В. Тезаурусы в задачах информационного поиска. – М.: Изд-во Московского ун-та, 2011. – 512 с.
3. Татар теленен андатмалы сүзлеге / ТФА, ТӘҺСИ; баш ред. проф. Ф.Ә. Ганиев. – Казан: Матбугат йорты, 2005. – 848 б.
4. Татарский национальный корпус «Туган тел». – URL: <http://corpus.antat.ru>.
5. Татарско-русский словарь / Под ред. Ф.А.Ганиева — татарское книжное издательство, 2004. – 488 с.
6. Ханбикова, Ш. С. Синонимнар сүзлеге: 25 меңгә якын синонимик берәмлек / Ш.С. Ханбикова, Ф.С. Сафиуллина; ред. М.З. Зәкиев. – Казан: Хәтер, 1999. – 256 б.
7. Galieva A., Nevzorova O., Suleymanov D. Corpus based Tatar Lexicography: verbs in TatWordnet // Procedia – Social and Behavioral Sciences, 198 (2015). – Pp. 132–139 (Web of Science).
8. Miller George A. WordNet: A Lexical Database for English. Communications of the ACM Vol. 38. – 1995. – N. 11. – Pp. 39–41.
9. Fellbaum Christiane. WordNet: An Electronic Lexical Database. Cambridge, MA: MIT Press. 1998.
10. Vossen Piek (ed.). EuroWordNet General Document. Version 3. // <http://vossen.info/docs/2002/EWNGeneral.pdf>.

## ЛОКАТИВ И АБЛАТИВ В ДРЕВНЕУЙГУРСКОМ ЯЗЫКЕ

Закиров Раиф Амирьянович \*

### The locative and ablative cases in the old Uighur literary language

#### ABSTRACT :

The article is devoted to the analysis of the functioning of locative and ablative cases and their peculiarities in the Old Uighur literary language. In the early Old Uighur literary texts the form of proper ablative case is used rare enough. As a rule ablative meanings are reproduced by the form of locative case. In the manuscripts and legal documents of the later period, reflecting chiefly spoken language.

Ablative meanings are also transmitted by means of -din/-tin..

This shows that in the spoken Old Uighur Literary ablative case was functioning on its own. In literary language however traditional use of diffuse locative and ablative cases with -da/-ta took place.

KEY WORDS: The Old Uighur literary language, dialect, literary language, locative case, ablative case.

Вопрос об исходном падеже (аблатив) с показателем -din/-tin/-dan/-tan является одним из спорных в тюркологии. А.М. Щербак считает его одним из древних падежей и включает в парадигму общетюркского праязыка [Щербак 1997: 46, 175]. С точки зрения Б.А. Серебренникова, в тюркском праязыке существовал особый исходно-местный падеж с показателем -ta/-da, который «имел два основных значения: 1) значение местонахождения и 2) обозначение движения от чего-либо или из чего-либо» [Серебренников 1986:83]; а в более позднюю эпоху произошло формальное разделение этого падежа: старая форма с показателем -ta/-da стала выражать только местонахождение, а для выражения движения из чего-либо или от чего-либо образовалась специфическая форма исходного падежа с показателем -tan/-dan [Серебренников 1986:84];. Г.Ф. Благова в реконструкцию раннепратюркского склонения включает исходно-местный падеж с аффиксом -ta [Благова 1988:84];, а в парадигму позднепратюркского склонения – самостоятельные местный и исходный падежи [Благова 1988:108].

Очевидно, что требуется детальное изучение функциони-

---

\* Кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка и литературы Набережночелнинского государственного педагогического университета. Татарстан / Россия . E-mail Razina/mh@mail.ru

рования этих падежей в историческом плане, опираясь на данные письменных памятников тюркских языков разных эпох.

Как известно, в языке тюркских рунических памятников VII-IX вв. форма собственно исходного падежа употребляется крайне редко, в основном при местоимениях и словах, обозначающих направление [Кононов 1980: 158-159]. Примерно такая же картина наблюдается и в языке ранних древнейгуьгских памятников. Например, в сочинении «Куанши-им пусар» показатели -*din/-tun* встречаются лишь в устойчивых сочетаниях типа *ontun singar* «на десять сторон», *alkudin singar* «повсюду», где они являются не падежными формами, а словообразовательными аффиксами для субстантивного обозначения направления. А значения исходного падежа в этом и других ранних древнейгуьгских памятниках передаются диффузным местно-исходным падежом:

1) значение исходного пункта действия, объекта-источника: *ol ödün... bodisvt ornunta turup* «Тогда... Бодисатва встал со своего места» (КР: 216); *altun önlüg ök yaruklar etüzinte saçırauı üze turup* «От их тел исходят, излучаясь, лучи цвета золота» (АУ: 315,5);

2) отделительно-привативное значение: *emgekligler emgekinte kutrulug* «Страдающие тогда избавятся от своих мучений» (КР: 15);

2) обозначение объекта сравнения: *taluj ögüzde teringrek* «глубже, чем море» (КР: 187);

3) транспрессивное значение: *kıullarda arkularda kııı kanı akar* «По ущельям и теснинам текла человеческая кровь» (НТ: V,8,6).

Однако в большинстве древнейгуьгских памятников употребляется и самостоятельный исходный падеж с аффиксом -*din/-tin* (иногда -*dan/-tan*) в следующих конкретных значениях:

1) значение исходного пункта: *olug tengri yerinden yana alkinçsiz ünlüg burhan belgüer* «Из великой страны богов снова появится Будда с исчезающим голосом» (SY:406);

2) причинно-объектное значение: *bu üçegününg kavıřmakıntun ötgürü ötrü kölige belgüer* «Вследствие объединения этих трёх (их особенностей) появляются затем тени» (АУ:52, 19);

3) транспрессивное значение: *samtso açarı kařmirdin barkug taplamadı* «Наставник в Трипитаке не согласился идти через Кашмир» (НТ: V 44,20).

Примечательно, что формы местно-исходного и собственно

исходного падежей в памятниках часто употребляются параллельно. Есть примеры, когда в разных списках одного памятника одно и то же слово оформлено то с афиксом -da/-ta, то с показателем -din /- tun, например, в большинстве списков сутры «Алтун йарук»: *bolar yana alkugun biligsiz biligidin tururlar* «Эти все вместе снова избавятся от невежества» (АУ: 366, 23), а в одном списке ...**biligde** [Кауа 1994: 217].

Причем, в поздних памятниках употребление диффузного местно- исходного падежа для выражения аблативных значений встречается гораздо реже. Например, в памятнике «Инсади-сутра»(XVII- XVIII вв.) С.Тезджан отмечает только два случая использования -da/-ta в значении исходного падежа [Tezcan 1974: 13].

В уйгурских юридических документах (среди них есть и составленные в VIIв.), в большей степени отражающих живую разговорную речь, употребление местно-исходного падежа встречается крайне редко, аблативные значения передаются формой -din /- tun: **bedrükün** iki küri tarig aldum küz **yagida** otuz tembin bir kap sücüg köni birürmen «Я взял у Бедрюка два кюри пшеницы. Осенью с нового (урожая) по правилам возвращу один бурдюк сладкого (вина) в тридцать тембинов» [Малов:389].

Интересно, что известный лингвист XI в. М.Кашгари в своем «Диване», характеризуя слово андан «оттуда» как огузское, пишет: «другие тюрки говорят анда» [Kaşgari 1992: 109].

Всё это дает основание считать, что в в диалектах древне-уйгурского языка функционировал самостоятельный исходный падеж, однако в литературном языке, который, как неоднократно подчеркивал Э.Р. Тенишев, сформировался в Турфанском княжестве в VIII в. на базе литературного языка предшествующего период – наддиалектного языка рунических памятников [Тенишев 1985]; продолжалось традиционное употребление местно-исходного падежа, хотя форма -din/-tin постепенно проникала и в литературный язык.

В пользу этого свидетельствует еще один характерный пример. В коллекции древнеуйгурских рукописей Санкт-Петербургского отделения Института востоковедения РАН и в Турфанской коллекции Берлинской академии Германии обнаружены два списка стихотворения, посвященного бодисаттве Авалокитешвара: первый составлен в VII в. [Тугушева 1970: 105], а второй – в монгольское время, т. е. в XVIII -XIV вв. [Nazai 1970: 1]; но форма местно-исходного, параллельно употре-

бленная с исходным падежом в соседних строчках, осталась без изменения, хотя второй переписан через 5-6 веков после первого:

ba **üşiktin** belgürmiş  
badma **linkuata** törümiş.

«Он появился из буквы ба,  
Он возник из (цветка) красного лотоса» (5-6 строчки)

#### ЛИТЕРАТУРА

- Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя).-Л.: Наука, 1977.
- Серебренников Б. А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 1986.
- Благова Г.Ф. Категория падежа//Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Морфология. М.:Наука, 1988. –С. 128-136.
- Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Л.:Наука, 1980.
- Kaya G. Uygurca Altun Yaruk.- Ankara, 1994.
- Tezcan S.Das uygurische Insadi-Sutra. –Berlin: Akademie- Verlag,1974.
- Малов С.Е. Два уйгурских документа //В.В. Бартольд туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1927.
- Kaşğari M.Divanu Lügat-it-Türk tercümesi.I cilt/ Geviren:Besim Atalay. – Ankara,1992.
- Тенишев Э.Р. Система форм существования древнеуйгурского языка// Функциональная стратификация языка. - М.: Наука, 1985. – С. 192- 201.
- Тугушева Л.Ю. Древние уйгурские стихи //Советская тюркология, 1970, №2. – С.102-106.
- Тугушева Л.Ю. Фрагменты уйгурской версии Сюань-Цзана–Л.:Наука,1980.
- Hazai G.Ein Buddhistische Gedicht aus des Berliner Turfan- Sammlung// АОН. – Budapest,1970, t. XIII, f.1. –S.1-21.

#### ИСТОЧНИКИ

- АУ –Сутра «Алтун йарук»; по изданию [Кауа 1994].
- КР – «Куанши -им пусар»; по тексту рукописи, хранящейся в Санкт-Петербурге.
- НТ– Уйгурская версия биографии Сюань – Цзана; по [Тугушева 1980].
- SY– Сутра «Säkiz jükmäk»; по изданию:Türkische Turfan-Texte.VI, Berlin, 1934.

## КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Жуынтаева Замзагул Нагашыбаевна\*

\* Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты. E-mail: zamza\_bota@mail.ru



## The phrases of Old Turkic language formed by way of an adjunction

### ABSTRACT:

In article the phrases in the ancient Turkic written monuments formed by way of an adjunction are considered. On language material the ancient turkic of monuments author shows ways of formation of nominal and verbal phrases. Using a comparative-historical method the language facts of ancient Turkic compares to the facts of modern Khakas language.

KEY WORDS: ancient Turkic language, collocations, phrases, nominal phrases, verb phrases.

Кез келген тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымындағы көптеген құбылыстардың тарихи қалыптасуын ең алдымен көне дәуірден бері сақталып келе жатқан тарихи ескерткіштердің тілдік деректерін жан-жақты зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Олай болса, көне түркі тіліндегі қабыса байланысқан сөз тіркестерінің қалыптасу, даму жолдарын қарастырып көрейік.

Ескерткіштер тіліндегі сөйлем ішінде кездесетін сөздер қалай болса, солай айтыла бермейді. Олар белгілі бір тәртіп бойынша өзара мағыналық және тұлғалық жақтарынан бір-бірімен байланысып келеді. Олар белгілі сөз тіркестерін жасайды. Бірақ сөз тіркестерінің құрамында кездесетін сөздер әр уақыт тең дәрежеде байланыспайды, бірі екіншісіне бағынып байланысады. Осыған орай олар не салаласа, не сабақтаса тіркеседі [Айдаров 1986:108].

Қабысу – түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы байланысады. Ескерткіштер тілінде қазіргі қазақ тіліндегідей қабыса байланысқан сөз тіркестерінің сыңары зат есім, сын есім, сан есім, есімше, есімдік сияқты сөз таптарынан жасалады.

Зат есімді сөз тіркестері. Анықтауыштық қатынастағы тіркестерді құрайтын зат есімдер бір-бірімен атау тұлғада қабыса байланысады. Түрк будун (түркі халқы), Алтун йыс (алтын қойнау), Қапаған қаған (Қапаған қаған), Темір қапығ (темір қақпа) т.б. Көне түркі жазбаларында осы тәріздес заттың сапалық қасиеттерін білдіретін сөз тіркестері жиі кездеседі.

Сын есімді сөз тіркестері. Бұлар анықтауыштық қатынаста қолданылады. Анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сын есімдер заттың түсін, көлемдік сапасын, бір затқа қатысын

т.б. білдіреді. Семіз буқа (семіз бұқа), йірчі йір (жершіл ер), өрүн күмүс (ақ күміс), қызыл қан (қызыл қан), йарақлығ йағы (қарулы жау).

Тоникуқ ескерткіші тілінде Білге Тоникуқ (Білгіш Тоникуқ), туруқ буқа (арық бұқа), Семіз буқа (Семіз бұқа), Күчлүг қаған (күшті қаған), Сарығ алтун (сары алтын), өрүн күмүс (ақ күміс), өңрекі будун (алдыңғы халық), өңрекі ер (алдыңғы ер) тәрізді сын есімді тіркестер кездеседі.

Сын есімдер өздерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай басқа бір сөздің, көбінесе заттың атын білдіретін сөздер жетегінде айтылады. V-VIII ғасыр ескерткіштер тілінде де олар зат есімдердің, арагидік етістіктердің жетегінде айтылып, жалғаусыз, орын тәртібі және дауыс ырғағы арқылы байланыста тіркес құрайтын сөз тобы ретінде көріне бастады. Орхон-Енисей жазбалары тілінде сын есімдермен келген мына сияқты сияқты сөз тіркестері жиі ұшырайды: сарығ алтун, өрүн күмүш ...көлүрті (сары алтын, ақ күміс әкелді). Түрк білге қағантма бігидім бен білге Тонықұқ (Түріктегі Білге ханының еліне арнап жаздырдым мен білгір Тонықұқ). Осы сөйлемдердегі сарығ алтун, өрүн күмүш, білге Тонықұқ тәрізді сын есімдермен келген сөз тіркестері қазіргі қазақ тіліндегі ақ орамал, сары шаш, білгір кісі тәрізді тіркестерден грамматикалық жағынан болсын, семантикалық жағынан болсын айырмашылығы жоқ [Айдаров 1995:4]

Сапалық сын есімдер мен зат есімдер тіркескенде, мына фактіні еске алу қажет: ескі түркі тілінде сапалық сын есімдер сан жағынан аз болумен қатар, олардың қолданылу сферасы да, мағыналық мәнерлері де шағын болды. Қатыстық сын есімді анықтауыштық сөз тіркестерін жасауда сын есім тудыратын қосымшалардың қызметі ерекше. Мысалы: йарақлық елігін (қарулы қолбасыларын), күнлік бітімін (күндік жазуымды), ічіре ассыз, ташра тонсыз (іші ассыз, тысы киімсіз), чөлгі аз ері бұлтым (шөлдегі аз халқының бір ерін таптым), т.б.

Қазіргі тілде сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдердің басқа сөздермен тіркесуі байланысу дәрежесі бірдей еместігі мәлім. Ежелгі түркі ескерткіштерінің кейбір фактілері сапалық сын есімдердің өзі қатысты сөзбен осылай байланысының барлық уақытта жүйелі болып келмегендігін аңғартады. V-VIII ғасыр жазбаларында мынадай фактілер ұшырасады: *Қара қамуғ бұбұн анча тіміс – Барлық халық былай деді*. Осы сөйлемдегі қара қамуғ бұдұн сөз тіркесі құрамындағы қара сөзі өзі қатысты сөздерге іргелес орналаспай, араларына

басқа сөз салып байланысқан. Бұл ескі түркі тілдерінде сапалық сын есімдердің анықталатын сөзбен еркін байланыса беретіндігін көрсетеді [Ағманов 1986:8]. Бұл ерекшелік кейінгі жазба тілде де, сөйлеу тілінде де кездеспейді.

Сан есімді сөз тіркестері. Сан атаулары – өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерінен кездестіруге болады. Сан есімдер де өзі бағынатын сөздерін сан мөлшері жағынан айқындап, анықтауыштық есім сөз тіркесі құрамына енеді.

Сан есімдер де өзі бағынатын сөздерін сан мөлшері жағынан айқындап, анықтауыштық есім сөз тіркестері құрамына енеді. Мұндай тіркестерде сан есімді анықтауыштар өзі бағынышты сөздердің алдында тұрып, онымен қабыса байланысады, ал басыңқы компонент заттың атын білдіретін сөз, не заттық ұғымын жоймаған қатыстық сын есімдер болуы мүмкін. Мысалы: екі үлүгі (екі бөлегі), йеті йүз кісі (жеті жүз кісі), тоғуз оғуз (тоғыз оғыз), екі-үч бың сү (екі-үш мың кол), үч отуз балық (жиырма үш қала), икінті сүңүс (екінші соғыс) т.б.

Сан есім кез келген сандардың бір-бірімен тіркесуі арқылы жасалмайды. Мұнда қалыптасқан белгілі заңдылық бар. Ол заңдылық бойынша тілімізде сан атаулының қайсысының қалай тіркесуі қалыптасқан.

Есептік сан есімдердің тарихында мынадай жайлар болған: көне түркі тілінде бағыныңқы компонентті күрделі сандарды білдіретін есептік сан есімді тіркестердегі сөздердің орналасу тәртібі қазіргі нормадан басқаша болған. Мысалы, беш йігірмі йашымда – он бес жасымда. Бұл көне түркі тіліндегі санаудың тәсілдеріне байланысты [Ағманов 1986:30].

Есімдікті сөз тіркестері. Бу йол (бұл жол), ол суб (ол сөз), ол йер (ол жер), не буңы (не мұны). Есімдіктердің ішінде сілтеу, сұрау есімдіктері қабыса байланысқан сөз тіркестерін жасауға қатысады. Бұлардың сөз тіркестерін жасауда қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы жоқ.

Есімшелі сөз тіркестері. Есімшелі сөз тіркестері – түркі тілдерінде көне дәуірден бері келе жатқан синтаксистік құбылыс. Көне түркі тілінде есімшелер –дук, дүк, дүқ, тұқ, мыш, міш, ығма, ігме қосымшалары арқылы жасалған. Бардук йірде (барған жерде), келігме беглер (келген бектер), йатығма тағ (жатаған тау), будун болмыш үчүн (халық болғаны үшін). Бұлар – есімшенің көне тұлғалары. Қазіргі тіліміздегі есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтін тұлғалары кейін қалыптасқан. Көне түркі тілінде қазіргі тіліміздегі есімшенің

-ар, -ер, -р тұлғалары бізге сол күйінде жеткен. Мысалы: көрур көзім (көрер көзім), білір білігім (білер білімім).

Есімшелі сөз тіркестерінде сөздерді бір-бірімен тіркестіруші есімше жасайтын жұрнақтар болады. Есімшенің көне тұлғалары: -дүк/дүк, түк/түк, дык/тык. Көне түркі жазба ескерткіштерінде есімшенің төмендегідей тұлғалары да кездескен. -Дук, дүк, туқ, түк: келмедук – келмеген, айтдук – айтқан. Мұндай сөз тіркестерінде есімшеден болған бағыныңқы компонент басыңқының өткен шақтық мәндегі анықтауыш қызметінде жұмсалады. Бардүк йірде – барған жерде.

Қазіргі қазақ тілінде -дүк тұлғалы есім сөз тіркестері түркі тілдерінің оғыз тобында ғана кездеседі. Мұның қалдығын қазақ тілінен де кездестіреміз: қалдық, жастық.

Көне түркі тілінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерімен қатар етістікті сөз тіркестері де жиі ұшырасады. Мысалы: түн қатдымыз (түн қаттық), бод қалматы (ештеңе қалмады), қаған олурты (қаған көтерді), оғуз клті (оғыз келді).

Ғ.Айдаров «Күлтегін» ескерткішіндегі қабыса байланысқан сөз тіркестерін былай топтастырады:

Меншілікті көрсететін сөздер: беңгү таш – мәңгі тас, табғач будун – табғаш халқы, түрк беглер – түрк бектер.

Географиялық атаулар: Өтүкен йыш – Өтүкен қойнауы, Шантун йазы – Шантун жазығы, Темір қапығ – Темір қақпа.

Жыл, ай атаулары: қой йылқа – қой жылғы, бічін йыл – мешін жыл, йетінч ай – жетінші ай.

Өлшемдік қатынастар: ең ілкі – ең ілкі, бiш йолы – бес рет [Айдаров 1995:141-142].

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әртүрлі болады. Көне түркі тілінде етістіктермен үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемшелер, сын есімдер, сан есімдер, жалғаусыз зат есімдер қабыса байланыста қолданылады.

Зат есімді сөз тіркестері. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесінің үлкен бір тобы зат есімді сөз тіркесі болады. Зат есімдер сабақты етістіктермен қабыса тіркесу арқылы әрі мағыналық, әрі грамматикалық тығыз байланыстағы сөздер тобын құрайды. Мысалы: *Түрк будун үчүн түн удымадым* – түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. Кейбір зат есімдер етістіктермен жиі қолданылу нәтижесінде өздерінің бұрынғы дербестігінен айырылып, түйдекті тіркес қалпында баяндауыштың не басқа бір мүшенің құрамына еніп кетеді. Ескерткіштерден мысал келтіретін болсақ: *Ануң учун ануң ати Муз тағ турур* – Соның үшін оның аты *Мұз тау тұрар*.

Сын есімді тіркестер. Осы етістіктермен қарым-қатынасқа түскен сөз тіркесінде бағыныңқы мүше құрамында сөз таптарының барлығы да жұмсала береді. Олардың ішінде, орын тәртібі арқылы қабыса байланысатындары – үстеулер, еліктеуіштер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, етістіктің көсемше түрі.

Сын есімдердің етістікпен тіркесінің қалыптасуы туралы түркітану және қазақ тіл білімінде әртүрлі пікірлер айтылып келе жатыр. Бұған қатысты А.Казем-Бектің «сын есімдердің саны олардан кейін қандай да бір етістік қолданғанда немесе қолданған сияқты болғанда үстеуге айналады», – деп жазғанын келтіреді Т.Сайрамбаев өз еңбегінде [Сайрамбаев 1981:18].

Етістікті сөз тіркестері құрамында жиі жұмсалатындар – сапалық сын есімдер. Сондықтан олар сөйлем құрамында анықтауышпен қатар пысықтауыш қызметінде де жиі кездеседі.

Сан есімді тіркестер. Сан есімдердің етістікпен тіркесіп келетін тұсы сирек кездеседі. Тілдік деректерге қарағанда, сан есімдер заттық анықтауыштың қасиетін өз бойында үнемі сақтай отырып, зат қимылының мөлшерін білдіруі бірден пайда болмаған сияқты. Көне ескерткіштер тіліндегі сан санау да қазіргі тілдегіден ерекше болып келетіні белгілі. Көне түркі тілінде санау жүйесі қазіргіден басқаша болған. Түркі тілдерінде санаудың екі тәсілі болған. 1. Санаудың алғашқы негізі оннан кейінгі сандарда басқа. Алдымен тиісті бірлік, оған тіркес санап бара жатқан келесі ондық айтылады. (бір отыз – 21, бес отыз – 25). Қазіргі бірсыпыра тілдерде (балқар, сары ұйғыр) осы тәсіл сақталған [Томанов 1988:115]. Мысалы, *үч отыз балық – жиырма үш қала*.

Есептік сан есімдер түркі тілдерінің барлығында анықтауыштық қатынастағы есім сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметін атқарып, өзі байланысқан сөзді сан-мөлшерлік жағынан айқындайды. Жалпы есептік сан есім мен зат есімдердің анықтауыштық қатынаста жұмсалуды ескерткіштер тілінде кең қолданысқа ие. Сан есім мен зат есімнің тіркесі сөз етіліп отырған екі дастан тілінде де жиі кездеседі. Мысалы: *үч нәң* (үш нәрсе), *бір қапуг* (бір қақпа), *үч айығ* (үш ай), *екә-үч бың сүмүз – екі-үш мың қол*, *еки ев* (екі үй), *еки сү – екі қол* деген тәрізді сөз тіркестері кездеседі. V-VIII ғас ырлық руникалық жазбаларында жинақтық сан есімдер тәуелдіктің III жағында ғана берілген: *Табғач, огуз, қытау, бу үчегу қабылсар* – Табғач, оғыз, қытаң, бұл үшеуі қосылып. *Үчегүн қабысып сүлелім* – Үшеуіміз бірігіп шабуылдаймыз.

Үстеулі сөз тіркестері. Көне түркі жазбалары тілінде сөйлемде іс-әрекет, қимыл-қозғалысты білдіретін сөздерді сын есімнен, көсемше, күрделі сөздер немесе септеліп келетін басқа сөз таптарынан болған пысықтауыштар айқындайды. Орхон-Енисей немесе онан кейінгі ескерткіштер тілінде үстеулердің саны көп те емес. Үстеулер, негізінде, етістікпен тіркесе алатын сөз табы деп қаралады. Қысқасы, үстеулі етістік сөз тіркестерінің бағыныңқы компоненттерінің басқа сөз таптарынан үстеуге айналуының бір-ақ жолы бар. Ол – бұл сөздердің етістік жетегінде үнемі пысықтауыштық қызметте ғана жұмсалып, өздерінің бастапқы синтаксистік қызметінен арылуы болып табылады. Тілдің дамуы барысында үстеулі етістік сөз тіркесі құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да толығып, дамып отырады.

Үстеулер етістікті сөз тіркесінің құрамында пысықтауыштық қатынаста мезгіл, мекен, себеп, мақсат т.б. мағыналарда жұмсалады. Мұндай сөз тіркестерін екі топқа бөлген жөн: 1) негізгі үстеулер қатысты сөз тіркестері; 2) туынды үстеулер қатысты сөз тіркестері. Қабыса байланысқан үстеулі сөз тіркестері көне түркі жазба ескерткіштерінде де кездеседі: *қоды бардымыз* – төмен бардық, *күнтүз олурматы* – күндіз отырмады, *анча сақантым* – сонша ойладым, *өртче қызып келті* – өртше қызып келді.

Көсемшелі сөз тіркестері. Олар көсемше тұлғаларында оқшау тұрып, күрделі мүшенің, мысалы, баяндауыштың құрамында, сонымен қатар толық мағыналы сөз ретінде етістікпен қабыса байланысып, пысықтауыштық қатынаста да айтылады. Соңғы екі жағдайда да көсемшелі тұлғалар бір етістікті екінші етістікке бағынышты ететін қосымша қызметінде жұмсалады. Сондықтан көсемшелер тек етістіктерге қатысты болып, тек етістіктермен ғана тіркесе алады. Олардың етістіктермен тіркесімділік қасиетін мынадан көруге болады; етістіктердің модальдық, шақтық, қалыптық т.б. мағыналарын түрлендіру үшін немесе кейде әртүрлі пысықтауыштық қатынаста жұмсалу үшін көсемше тұлғалы етістіктер бірінің үстіне бірі жамалып келіп, өзара қабаттаса қолданыла береді. *Қубранып йеті йүз болты* – Жиналып жеті жүз болды; *Қазаныма өтүнүп сүлетдім* – Қазаныма өтініп соғыстым; *Үч қазан өглесіп* – үш қазан кеңесіп; *Санагалы түсүртіміз* – санагалы тоқтадық.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде қабыса байланысқан есімді, етістікті сөз тіркестерінің молынан кездесетінін

аңғардық. Олардың даму жолдарында қазіргі тілімізден айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін байқадық. Тіліміздегі сөз тіркестерінің даму, қалыптасу жолындағы ерекшеліктерінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы салыстырылды.

#### ӘДЕБИЕТ

Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Мектеп, 1986. 173 б.

Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Алматы: Ана тілі, 1995. 232 б.

Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. Алматы: Мектеп, 1986. – 112 б.

Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Рауан. 176 б.

Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1988. 264 б.

### ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЛЕКСИКАСЫН САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Тұрсынова Мархаба Ахметқалиқызы\*  
Бидола Патиман\*\*

#### **Rom experience of comparative research of lexicon of Turkic languages**

##### ABSTRACT:

Article is devoted to a problem of comparative research lexicon of Turkic languages, by a comparative-historical method of research features of the use of some concepts of Kazakh of other Turkic languages are analyzed. During the analysis features of the use of these words drevnetyurksky language come to light, the etymology of the called concepts is defined, and also are compared to options in modern Turkic languages. Authors the general characteristics of the use the Old Turkic of forms with forms in modern Turkic languages come to light, and changes in their use in some languages are confirmed by the analyzed language material. On the basis of etymological dictionaries of drevnetyurksky language and modern Turkic languages, other scientific researches words of Kazakh separately are considered, their general signs and distinctions in Turkic languages are defined.

KEY WORDS: comparative historical research, comparative research lexicon of Turkic languages, common names in Turkic languages, ancient Turkic language.

Бүгінгі таңдағы түркі тілдері белгілі бір ортақ немесе жеке тілдердің өзіне тән қалыптасу кезеңдерін бастан өткерді. Тілдің дамып, қалыптасуында тарихи жағдайлар, басқа халықтармен

\* Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты. E-mail: t\_marhaba@mail.ru

\*\* Құлжа қаласы Іле педагогикалық университетінің профессоры



араласу сияқты факторлар өзінің ізін қалдырары сөзсіз. Қазіргі кезде әртүрлі сипатта немесе дәрежеде өмір сүріп отырған туыстас тілдердің әрқайсысының ортақтығымен қоса, тілдік фактілерден көрінетін ерекшеліктерін де байқай аламыз. Бұл – тарихи салыстырмалы зерттеудің қарастыратын мәселелерінің бірі. Сол арқылы қазіргі тілдің ерекшелігінің, тіл-тілдің айырмашылығы мен ұқсастығының себебін білу мүмкін. Салыстырмалы лексика арқылы туыстас тілдердің сөздік қорындағы сипатын көрсетуге мүмкін болатын сөздердің бірі – түркі тілдерінде қолданылатын жеке ұғымдарға тән атаулар болып табылады.

Лексиканы салыстыра зерттеу түркі тілдерінде М.Қашқаридің еңбегінен басталған [Қашқари, 1997]. Сөздікте сол кезде өмір сүрген түркі тілдері тйпаларының тілдеріндегі қолданысты бір-бірімен салыстыра қарастыру арқылы мысалдар, келтіріліп, тұжырымдар жасалған.

Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасы тұрғысында еңбектердің қатарына СССР Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының түркі тілдері секторы 1955 «Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков» [Исследования... 1955] деген үлкен еңбек жариялап, оның бір томы лексикаға арналған. Еңбекте Ф.Г.Исхаков, Н.А.Баскаков, В.Ф.Вещилова, С.А.Бурнашеваның мақалаларында түркі тілдері салыстырмалы сөздігін жасау тәжірибесі, қарақалпақ, татар, түрік тілдері салыстырмалы лексикасы сөз болған.

1961 жылы Е.М.Убрятованың редакторлығымен шыққан «Историческое развитие лексики тюркских языков» [Историческое...1961] деген еңбекте Л.А.Покровская, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев, А.А.Юлдашев, Н.З.Гаджиеваның ғылыми мақалалары арқылы, түркі тілдеріндегі туыстық атаулар, жан-жануарлар атауларының тарихи-салыстырмалы сипаты көрініп, мысалдармен дәлелденген. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі сандық мағынадағы сөздер мен етістік мағынасындағы сөздерге лексикалық талдау жасалған.

Кеңес дәуірінде түркі тілдерін салыстырып, ғылыми еңбектер мол жазылып, сөздіктер жарияланса, соның бірі – «Көне түркі сөздігі» [Наделяев 1969]. Онда берілген материалдар ҮІІІ-ХІІІ ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштеріндегі әртүрлі жазу жүйелері негізіндегі орхон-енисей, араб, ұйғыр, манихей, брахми сияқты мұралардағы жиырма мыңға тарта сөзді қамтиды.

Э.В.Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» [Севортян 1974] атты еңбегінде түркі тілдерінде

қолданылатын сөздердің шығу тегі айқындалып, көне және қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы сараланған.

Соңғы жылдары түркі тілдері лексикасына қатысты зерттеу еңбектері де баршылық. Солардың қатарына Б.Сағындықов [Сағындықов 1994], С.Мұрат [Мұрат 2004] т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

ЖОО-ның филология факультеттерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарында түркі тілдеріне қатысты «Түркітануға кіріспе», «Көне түркі тілі», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәндері оқытылып, әсіресе «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасында» түркі тілдерінің жалпы сипаты, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктері, түркі тілдерінің классификациясы, қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сипаты ұғындырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралаланады және салаларының бірі салыстырмалы лексика болып табылады.

Салыстырмалы лексикада талдау жасалатын, түркі тілдері ортақтығы мен кейбір ерекшеліктерінен хабар беретін мал атауларынан мысал келтіріп, қой мен сиырға қатысты атауларды салыстырып көрейік.

Қазақ тіліндегі *қой* сөзінің көне түркі тілі мен қазіргі басқа түркі тілдеріндегі сипатына келетін болсақ. Көне түркі тілінде, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат – ит–түрк» еңбегінде *qoj* деп берілген [Қашқари 1998:198]. Әзірбайжан, түркімен тілдерінде *koyn*; алтай, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, ұйғыр тілдерінде *қой*; гагауыз, түрік тілдерінде *koyn*; тува, хакас тілдерінде *хой*; өзбек тілінде *қүй* деп қолданылады. А.М.Щербактың жазбаларына сүйенсек, *қой* сөзінің ең көне түрін *қонун* деп атайды: «В фонетическом отношении наиболее ранней является форма конун (кон). Дополнительный слог (ун) – морфологический элемент, некогда выражавший значение уменьшительности. В древних тюркских языках он был весьма употребительным, однако впоследствии утратил продуктивность и полностью слился с основой» дей келе, куртун (құрт), бојун (мойын) сөздерін мысалға келтіріп өтеді [Исследования... 1955:110].

Татар тілінде құйрықты қойды ғана *қой* деп атайды. Ал құйрықсыз қойдың түрін татар, башқұрт, чуваш, қарақалпақ тілдерінде *сарық* деп атайды. Барлық түркі тілдерінде қойдың ұрғашысына арналған жекелеген сөздер мен сөз тіркестері бар. Мәселен, қазақ тілінде жоғарыда атап өткендей *ұрғашы*

сөзі қолданса, қарақалпақ тілінде *урғашы қой*, түрік тілінде *dışı koyun*; түрікмен тілінде *ене koyun*; якут тілінде *тыһы бараан* деп қолданады. Якут тілінің бір ерекшелігі қойдың ұрғашысын жоғарыдағыдай атаса, ал еркегін *хой* деп көрсетеді [Исследования... 1955:111].

Қойдың түр-түсін, жынысын анықтайтын жекелеген сөздер сияқты қысылған (піштірілген) еркек қойдың да әр тілде өзіндік жеке атаулары бар. Одан бұрын Махмұт Қашқаридің сөздігіне келетін болсақ, көне түркі тілінде піштірілген кошақарды, жұмыртқаларының терісі ажыратылғандықтан қойға шаба алмайтын қошқарды *azma* (азма) деп көрсеткен [Қашқари 1997:159]. Әзірбайжан диалектісінде *бурух*; ноғай тілінде *бурық*; гагауыз тілінде *хазман*; қазақ тілінде *азбан* деп аталады. Көне түркі тілінде екі жасар еркек қойды, ісекті *тішек* деп атаған [Қашқари 1997:446]. Осы сияқты қазіргі гагауыз тілінде *жеркек*; қазақ, қарақалпақ тілдерінде *ісек*; қырғыз тілінде *ірік*; түркімен тілінде *бічилен*; хакас тілінде *сілеке* деп атайды [Исследования...:111].

Басқа жануарлардағыдай аталығын да өзіндік атаулар мен белгілі сөз тіркестерін пайдаланып қолданған. Қазақ тіліндегідей *қошқар* сөзі қарақалпақ, ноғай, тува, ұйғыр тілдерінде де қолданылады. Әзірбайжан, түрікмен тілдерінде *goyun*; алтай тілінде *қуча, қочқор*; башқұрт тілінде *қушқар*; қарайым тілінде *қочхар*; қырғыз тілінде *қочқор*; татар диалектісінде *тәкә*; түрік тілінде *koyun*; өзбек тілінде *құчқор*; хакас тілінде *хуча* деп қолданады. А.М.Щербактың еңбегіне сүйенетін болсақ, ежелгі ескерткіштерде *қоч(у)нғар* сөзі жиі кездеседі деп айтады [Исследования... 1955:111]. М.Қашқари қысқарған түрін оғызша деп атайды. Түркі сөздігінде *қошқар* сөзін *қош* деп көрсеткен [Қашқари 1997:380].

Қазіргі қазақ тіліндегі *қозы* сөзінің көрінісі көне түркі тілінде кездесіп, қойдың төлін *қозы* деп атаған [Қашқари 1997:357]. Әзірбайжан тілінде *quzi, гузу*; алтай тілінде *қураған*; гагауыз және түрік тілдерінде *қузу*; қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *қозы*; татар диалектісінде *қузы*; тува және хакас тілдерінде *хураған*; қырғыз тілінде *козу*; түркімен тілінде *гузы*; ұйғыр тілінде *қоза, қозы*; өзбек тілінде *құзи, құзичоқ* деп қолданылады. Бұдан қазіргі қазақ тіліндегі *қозы* сөзінің басқа түркі тілдерімен салыстырғанда аса айырмашылықты байқамаймыз. Көне түркі тілінде *қозы* немесе *қозу* сөзі көне форма болып саналады. Мұнда ерекше мән беретін жағдай алтай тіліндегі *қураған* сөзі мен тува және хакас тіліндегі *хураған* сөздері. Бұл сөздерді

осы мағынада қолданылатын моңғол тіліндегі *qurayan* сөзімен байланысты деп айтуға болады.

Қозы мағынасын білдіретін – *бәті, бәрән* (бәрәс), *бікәч* (бәкәч), *чаға, пүтек* сөздері башқұрт, татар және чуваш тілдерінде кездеседі. Осы сөздердің ішіндегі *бәрән* және *бәрәс* сөздері орыс тіліндегі *баран* және *барашка* сөздерінің әсерінен туындағанын байқау қиын емес.

*Қозы* сөзі жалпы қой малының төлі деген мағынаны беріп, барлық түркі тілдерінде жаңа туғанынан бастап алты айға дейінгі төлін атайды. Тек кейбір түркі тілдерінде он-жиырма күндік немесе бір-үш ай аралығындағы төлдерді жекеше атаған. Әзірбайжан диалектісінде туғанына он күн болған қозыны *көрпә* деп атаса, бір-екі ай аралығындағы қозыны *әмлік, әмліж* деп атайды. Қазақ тілінде үш-төрт айлық семіз қозыны *сырбаз қозы* деп атаған. Осы орайда *көрпә* сөзіне ерекше мән берген дұрыс. Себебі басқа түркі тілдерінде *көрпә, көпей, көбе, көрпеш, кебе* сөздері жасына емес, туған уақытына байланысты қолданылады. Мысалға ерте туған қозыларды *кепе – кебе – көбе* деп атаса, кеш туған қозыларды *көпеш* деп атайды. Махмұт Қашқаридің сөздігінде жазда туылған ұл баланы *көрпе оғул*, кеш туылған қозыны *көрпе* деп көрсеткен [Қашқари 1998:114]. Башқұрт тілінде *бәрәс* сөзі көктемде туған қозылардың жалпы атауы болса, күзде туған (кеш туған) қозыларды *әтәмбәй* деп атаған.

Кейбір түркі тілдерінде қозының келесі жастық өлшемін *марқа* деп атайды. Қырғыз тілінде *марқа*, қазақ тілінде *бір қырқар, марқа, бағлан*; ұйғыр тілінде *пақлан* деп айтылады. Сонымен қатар кейбір түркі тілдерінде бұл сөздер басқа да мағына береді. Қарақалпақ тілінде семіз қойды *бағлан*, сол сияқты семіз қозыны *бақлан қузы* деп атап көрсетеді. Көне түркі тілінде *baklan* (бақлан) сөзі кездеседі. Бұдан қазақ тіліндегі бағлан сөзінің формасы сақталғанын байқауға болады.

Қойдың дәстүрлі жас өлшемі бойынша жоғарыда атап көрсеткендей, жаңа туған қозыдан кейін *марқа қозы*, одан кейінгісін *тоқты* деп атайды. Жалпы қой малының жас мөлшеріне байланысты жеке атаулар барлық дерлік түркі тілдерінде кездеспейді. Түркі тілдеріндегі *тоқты* сөзі барлығында бірдей жас ерекшелігін білдірмейді. Әзірбайжан диалектісінде *тоғлу, тоғлы, тохлу, parlaq*; гагауыз тілінде *тоқлу* (екі жасар қой); қазақ тілінде *тоқты* (алты айдан асқан қозы); қарақалпақ тілінде *тоқлу, тоқлы, тоқты* (бір жасар қозы); қырғыз тілінде *тоқту*; ноғай тілінде *тоқлы* (екі жасар

кой), *тоқлу* (екі жасар ұрғашы кой); түрік тілінде *тоқлу, par-lak*; түркімен тілінде *тоқлы* (бір жасар қозы); тува тілінде *тоғду* (бір жасар ұрғашы кой); өзбек тілінде *тўқли* деп атайды [Исследования... 1955:115]. Көне түркі тілінде алты айлық козыны *тоқлы* (тоқлы) деп атаған [Қашқари 1997:490].

Түрік тілінде жас мөлшері бойынша қойдың тоқтыдан кейінгі түрін *шішәк – шішік* деп атайды. Бұнда да жас мөлшері қазіргі түркі тілдерінің бәрінде бірдей көрініс таппайды. Әзірбайжан диалектісінде *шішәк, шішәй, шәк* деп екі жасар қойды атаса, ал башқұрт тілінде екі жастан үш жас аралығындағы қойды *шешәк, һарық* деп атайды. Гагауыз тілінде *шішек* (үш жасар қой); татар диалектісінде *шешәк*; түрік тілінде *шішек*; өзбек диалектісінде *шішәк* (бір жас пен екі аралығындағы қой) деп аталады [Исследования...1955:115]. Келтіріп өткен сөздер қойдың ұрғашысына қатысты болып саналады. Қырғыз тілінде *шішек, ішек* сөздері мен қазақ тіліндегі *ісек* сөздері қысылған еркек қойға қатысты қолданылады. Өзбек тілінде екі жасар еркек қойды *шішік* деп атайды. Қазақ тілінде екі жасар ұрғашы қойды *тұсақ* деп атайды.

Қойдың келесі жас мөлшерін анықтау үшін басқа да жануарларға да ортақ қолданатын *құнан, дөнен* сөздері жатады. Мысалға қазақ тілінде *құнан қой*, қарақалпақ тілінде *қунан қой*, яғни үш жасар қойды осылай атайды. Ал *дөнен* сөзі тіркесіп келген жағдайда төрт жасар қойды білдіреді. Тува тілінде осы сөздер жастық мағынасында біршама басқаша ұғымды білдіреді. Мысалға *хунан хураған, хунан хой* немесе *хунан доғду* сөздері бір жасар қозыға қатысты қолданылады. *Дөнен хураған, дөнен доғду, шүдлең хой, шүрүлең хой* сөздері екі жасар қой деген мағынада жұмсалады. *Қыжалаң хой* үш жасар қойды, ал *сожсалаң хой* мен *чедішкен хой* сөздері төрт жасар қой деген мағынаны білдіреді. Осы топқа әзірбайжан тіліндегі екі-үш және төрт жастағы қойды білдіретін *әджәж, өгәж* сөздері жатады. Бұл сөз үш жасқа дейінгі еркек қойға да қатысты айтыла береді. *Ғарадіш* сөзін бір рет шағылысқа түскен қой мен үш жастан асқан еркек қой мен ұрғашы қойға қатыста қолданады. Гагауыз тілінде *бір қузу аламыш* (төрт жасар қой); түркімен тілінде *маң* (үш жасар еркек қой мен ұрғашы қой), *маңрамаз* (төрт жасар еркек қой) деп қолданады. Махмұт Қашқаридің сөздігінде төрт жасқа толайын деп қалған еркек қойды *irk* (ірк) деп атап көрсеткен [Қашқари 1997:71].

Түркі тілдерінің көбінде ұрғашы қойға қатысты *саулық* сөзі қолданылады. Қазақ тілінде *саулық*, кейбір жерлерде *жандық*;

қырғыз тілінде *соолуқ*; татар тілінде *саулық*; өзбек тілінде, *савлық* деп атайды. Біздің ойымызша, *саулық* сөзі *сауу* деген сөзден шығуы әбден мүмкін. Ал түрік тілінде осы мағынадағы қойдың ұрғашысын *маржа* деп атайды.

*Сиыр* сөзі қазіргі түркі тілдерінде кең тараған. Салыстырмалы түрде *сиыр* сөзі әр тілде айрықша сипатқа ие екенін көреміз. А.М.Щербак «Название домашних и диких животных» еңбегінде «Сиыр» сөзінің барлық түркі тілдерінде кең тарағанын айтады. Мысалға, алтай, қырғыз тілдерінде *үй*, түрік тілінде *үд*, башқұртта – *һыйыр*, гагауыз тілінде *сыыр*, қазақ, қарайым, қара-қалпақ, ноғай, құмық, татар тілдерінде *сыйыр*, түрікменде *сығыр*, ұйғырда *сййір* деп тараған деп қарастырған [Исследования... 1955:96].

Көне түркі тілінде «іңек» сөзі де кең таралған. Әзірбайжан, өзбек, ұйғыр тілдерінде *іңек*, алтай, гагауыз, қырғыз, чуваш, түрік, түрікмен, хакас тілдерінде *інэк*, чувашта *енэ*, сахада *ынах* деп таралған [Исследования... 1955:97]. М.Қашқаридің сөздігі бойынша оғыз тілінде «іңек» сөзі тағы «тасбақаның ұрғашысы» деген мағынаны береді [Қашқари 1997:142].

«Қазақтілінің түсіндірмесөздігінде» *бұқа* сөзі сиырмалының піштірілмеген еркегі; аталық ірі қара мал деп көрсетілген [Қазақ тілінің... 2008:151]. Әзірбайжанша, гагауызша, қарақалпақша *буға*, алтайша, қырғызша, түрікменше, өзбекше, ұйғырша *буқа*, қазақша *бұқа*, құмықша *буғча*, ноғайша, татарша *буғай*, түрікше *боға*, хакасша *пуға* деп қолданады [Исследования... 1955:99]. *Бұқа* сөзінің басқа сөздермен тіркесіп келгенде оның жас мөлшерін білдіретінін А.М.Щербак өз еңбегінде атап өтеді. Мысалға әзірбайжанда *буғайа дуран* – екі жасар *бұқа*, *йаз буға* – екі мен үш жас аралығындағы *бұқа*, гагауыз тілінде *бу'а алты* – үш жасар *бұқаны* атайды. Сол сияқты қазақ тілінде де *бұқа* сөзімен тіркесіп жастық атауды білдіретін болған: *бұқашық*, *бұқаша*, *тайынша бұқа*, *құнан бұқа*, *дөнен бұқа*, *бесті бұқа*.

*Бұзау* – сиыр, марал т.б. мүйізді малдың алты айға толмаған жас төлі [Қазақ тілінің... 2008:149]. Әзірбайжан тілінде *бузовс* (алты айға дейін), екі жасар *бұзау* – *бызо*, алтай тілінде *бызас* (бозу), башқұрт тілінде *бызау*, балқар тілінде *бузоу*, гагауыз тілінде *бузоу*, қазақ тілінде *бұзау*, қарақалпақ тілінде *бызав*, түрік тілінде *бузагы*, өзбек тілінде *бузақ*, ұйғыр тілінде *можай*, хакас тілінде *пызо*, чуваш тілінде *пару*, саха тілінде *бороску*, *бороско* (төрт-бес айдан кейінгі), *борон* (бір жасар) деп қолданады. *Бұзау* сөзі жаңа туған сиырдың төлі деген мағынаны білдіргенмен, кейбір түркі тілдерінде алты айға дейінгі төлдің



басқаша атаулары кездеседі. Мысалы: түрікмендерде *гөлэ* және *өйэк*, өзбекте *ужжак*, ұйғырда *ойак*, саха тілінде *нарай* нұсқалары кездеседі [Исследования... 1955:100].

*Башмақ* сөзі көп түркі тілдерінде кездеседі. Көктемде туған бұзауды башмақ деп атаған. Қазақ тілінде *баспақ* (бес айға дейінгі бұзау), қарақалпақ тілінде *баспақ*, *басвақ*, ноғай тілінде осы сөзді ұрғашысына қатысты айтады (баспақ, басвақ), татар тілінде *башмақтана* (бір мен екі жас аралығындағы ұрғашысы), чуваш тілінде *пушмақ* деп аталады [Исследования... 1955:101]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *тана* екі жасқа жетпеген *торпақ*, *тайынша* деп берілген. Ал *торпақ* алты айдан бір жасқа дейінгі бұзау деп көрсетілген [Қазақ тілінің... 2008:781, 813]. *Тана* сөзі әзірбайжанда дана (алты айдан бір жасқа дейінгі бұзауға қаратылып айтылады), башқұртта *тана* (бір жас пен екі жас аралығындағы бұзау), түрік, гагауыз тілдерінде *дана*, қырғыз, ноғай, татар, өзбек тілінде *тана* (екі жасар) деп аталады. Ал *торпақ* сөзі алтайда *торбок*, қырғызда *торпок*, казак, ұйғырда *торпақ*, хакас тілінде *торбах* деп қолданады делінген [Исследования... 1955:100-101].

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінде «сиыр» лексемасы *сығыр*, *ұд*, *іңек*, *үй* нұсқаларында кездеседі. Сөздікте автор «ұд» сөзін «Түрік халықтардың қабылдаған он екі жылдың бірі Ud жылы: ұд иылы –сиыр жылы деп аталады» деп көрсетеді [Қашқари 1998:73]. Жалпы түркі тілдерінің тұрғысынан алып қарағанда *сығыр* (сиыр) сөзі әдеби нормаға сай келеді де, *үй*, *ұд* лексемалары одан тысқары ысырылып қалатын сияқты. Осыдан барып *ұд* сөзі мен *үй* сөзінің қолдану аясы тарылған. «Іңек» сөзі де жәдігерде сиырдың тағы бір атауы болып табылады [Қашқари 1998:42]. Жоғарыда атап өткен *сығыр*, *ұд*, *үй*, *іңек* сөздері ұрғашы малға қатысты аталған. Олардың негізгі атқаратын міндеттері – сауын сиыры болу. Ірі қараның еркектеріне байланысты атаулар сөздікте «бұқа, өгіз, оп» деп беріледі. Жәдігерде сиыр малының піштірілген түрін *өгүз* (өгіз) деп береді. Бұл сөз араб графикасының ерекшеліктеріне байланысты «өкүз» деп те қолданылады. Сөздікте «Өкүз азақы болғынша бұзағұ башы болса ииг - Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі. Бұл мақал «басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық» деген мағынада қолданылады» деп көрсетіледі [Қашқари 1998:88]. «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде» «өгіз – күш көлік ретінде пайдаланылатын сиыр малының еркегі» деп көрсетілген [Қазақ тілінің... 2008:646]. Әзірбайжан, түрікменде *өкүз*, башқұртта



үгээз, гагауыз тілінде *йөкүз*, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *өгіз*, қарайым, қырғыз, құмық тілдерінде *өгүз*, өзбекте *хүкіз* (үкіз, хавкүз), ұйғыр тілінде *хөкүз*, чувашта *вакар*, саха тілінде *ат оғус* деп көрсетілген [Исследования... 1955:98].

Түркі тілдеріне тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізу арқылы түбі бір түркі тілдерінің тарихынан да, қазіргі түркі тілдерінің өзіне тән ерекшеліктерінен хабардар болып, жеке тілдердің өзіне тән сипатын көре аламыз. Түркі лексикасының дамуы жеке халықтардың қалыптасуына да, басқа халықтармен араласуына да байланысты болары сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТ

- Қашқари М. Түрік сөздігі. I том. – Алматы: Хант, 1997. – 375 б.  
Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Часть третья. Лексика. – Москва: Изд. АН СССР, 1955. – 298 с.  
Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд. АН СССР, 1961. – 466 с.  
Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.  
Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – 766 с.  
Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – 168 б.  
Сабыр М. Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы, 2004. – 315 б.  
Қашқари М. Түрік сөздігі. III том. – Алматы: Хант, 1998. – 381 б.  
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986.  
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 564 б.

### ОҢТҮСТІК АРАЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ

Бекетов Б.М.\*

#### The reserch problem of Turkic languages in south Aral region

##### ABSTRACT:

The history of Turkic languages study in the south region of Aral sed is regarded in this paper. This region was considered as the interaction theatre of different turkic and other languages from the ancient time

KEY WORDS: Aral sea, Khorezm, oasis, areal.

\* Аймақтық әлеуметтік – инновациялық университеті, Филология ғылымының кандидаты, доцент., Beketov39@mail.ru. Шымкент.

Арал аймағында тұратын түркі халықтары бірнеше ғасырлардан бері ауылы аралас, қойы құралас, қыз алысып, қыз берісіп өмір сүреді. Адай руының бір тиресі түркмен қызынан туған үшін Түркмен адай аталуы тегінен тегін емес. Түркмен адайдың атасы Қосайдың кесенесі XVI ғысырдан бері Нөкістен 25 шақырым жерде орналасқан.

Аралдың оңтүстік аймағы ұлттық құрамы және тілдік ерекшеліктері бойынша өте күрделі өңір.

Аралдың оңтүстік аймағына Қарақалпақстан, Өзбекстанның Хорезм, Түркіменстанның Ташауыз облыстары кіреді. Бұл аймақты қазақтар өткен ғасырларда Қарағаш, Бескала деп аталған болса, кейін Хорезм деп атаған. Қазір Хорезм оазисі деп аталады.

Хорезм оазисінің солтүстігінде қазақ, қарақалпақ ұлттары көпшілікті құраса, оңтүстігінде өзбектер мен түркімендер көпшілікті құрайды.

Негізінен алғанда, осы төрт түркі халқының өкілдері қайсы ауданға барсақта аралас тұрады. Аймақта орыс, корей т.б. ұлттардың да өкілдері өмір сүреді. Іс қағаздары өзбек, түрікмен қарақалпақ тілдерінде жүреді. Өзбекстанда 7 жоғары оқу орнында қазақ филологиялы кафедрасы бар. Соның үшеуі осы аймақта.

Хорезм оазисі ертеден-ақ ғылыми зерттеулердің нысанына айналғаны тарихтан белгілі.

Арал аймағы - тілдік тұрғыдан алып қарағанда тарих үшін құнды материалдарды еске түсіреді. Академик А.Н. Самойловичтің көрсетуі бойынша Орта Азия түркі тілдері XI-XV ғ дейін III кезенді басынан кешірген (1). Атап айтқанда, Қараханидтер, Хорезм және Шағатай дәуірлері.

Өте ертеден-ақ бұл аймақтағы түркі халықтары бір-бірімен аралас-құралас жасаған. Мысалы: түркмендердің Хорезм оазисіне қоныстануын біреулер XIX ғасырдың II жартысы деп көрсетсе (2) ал, кейбір ғалымдар түрікмендердің бұл аймаққа қоныстануын Жұрджан (Арал) теңізі аймағындағы IX ғасырдағы оғыздар мен печенг қақтығыстарына дейін – ақ болған дейді (3). М. Қашқари түркмен атауын түрікке ұқсас («похожий на тюрк») дегеннен шыққан деп көрсетеді (4).

Арал аймағындағы мекендеушілер туралы алғашқы мағлұматты тарихтан 1694 ж Петр I-дің елшілері Ф. Скибин және М. Троминдердің қазақ ханы Тәуке ханның атына жолдаған мәлімдемелерінен алсақ, кейінірек орыс ғалымдары

П.И.Ришков, Гладишев, Муравин, Г.И.Данилевский, А.В.Каульбарс т. б. ғалымдардың еңбектерінен аламыз.

Арал аймағы мекендеуші халықтардың тарихына 1930ж кейін П.П.Иванов, С.П. Толстов, Л.Г.Гулямов, Т.А.Жданко және У.Х.Шалекенов т.б ғалымдардың еңбектері арналды.

Арал аймағы қазақтар туралы құнды еңбек жазған ғалым У.Х.Шалекеновтың 1966 ж Ташкенттің ғылым баспасынан шыққан «Казахи низовьев Амударьи» деген этнографиялық еңбегінде қазақтардың салт-дәстүрі, үріп-әдеті, тұрмыс – тіршілігі және олардың Арал аймағында қоныстану тарихы жан-жақты сәулеленген құнды ғылыми еңбек болып саналады.

Соңғы кездері Арал аймағындағы халықтардың тарихы мен қатар тілі, әдебиеті және мәдениеті тұрақты түрде ғылыми зерттеулердің объектісіне айналды.

Арал аймағы халықтарының тілі туралы алғашқы мағлұматты Венгр саяхатшысы Н.Вамберидің еңбегінен аламыз. Оның 1867ж «Lierzig» шыққан ғылыми еңбегінің 7.8 параграфтарында Өзбек, Қазақ және Қарақалпақ тілдеріндегі төрт қатарлы өлеңдеріндегі с//ш, д//т, л/н т.б дыбыстарды салыстырып, Қарақалпақ тілін түркі тілдерінің батыс диалектісіне жатқызады.

1903 Санкт – Петербург университетінің студенті проф. П.М. Мелиоранскийдің шәкірті И.А.Беляев Нөкісте, Шымбайда болып Шыңғысхан және Едіге туралы аңыз – әңгімелер жазып алып, оларды 1917 ж Ашхабадта жариялайды.

1908ж көрнекті ғалым шығыстанушы А.Н.Самайлович Ташкент, Бұхара және Хиуа қалаларында болып, қазақ пен қарақалпақтардың ауызекі сөйлеу тілінен текстер жазып алады. Кейін бұл текстердің барлығын 1912ж Санкт-Петербург жариялайды.

Арал аймағындағы халықтардың тілі туралы зерттеулердің ІІ-ші дәуірі 1950-52 ж. Н.А.Баскаковтың «Қарақалпақский язык» деген еңбегі 2 том болып шықты. Бұл еңбек тюркологиядағы құнды еңбектердің бірінен болып саналады. Еңбектің бірінші томы диалектологиялық материалдарға арналған. Бұның ішінен де қазақ диалектологиясына қатысты материалдар бар. Атап айтқанда, Арал аймағыннан жиналған 37 текс қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен алынған.

Н.А.Баскаков 1926ж дейін Қазақстанда да болып, қазақтардың тілінен материал жинаған ғалым. Кейін Қ.Жұбановтың кеңесі бойынша Қарақалпақ тілін зерттеу мәселесімен айналысады. Қ.Жұбановты осы кеңесі үшін

Н.А.Баскаков Қ.Жұбановты өзімнің ұстазым деп санайды.

1930 Арал халықтарының тілі туралы жазылған еңбектерінің ішінде Д.Е.Поливановтың 1933 ж Ташкенттен шыққын «Некоторые особенности каракалпакского языка» деген еңбегін айрықша атауға тура келеді. Ғалымның аталған еңбегі күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Д.Е.Паливанованың каракалпак тілінің дыбыс құрамы және топтастырылуының дәлдігін көрсеткенін дәлелдеп отыр. Соңғы кездері каракалпак фонетикасына байланысты жазылған Г. Убаудуллаев және А.Дәулетов т.б. ғалымдардың еңбектерінде Е.Д.Паливановтың жоғарыдағы аталған еңбегі негіз болғанын өздері де мойындайды.

1930 ж Арал аймағының халықтарының тілін зерттеу мәселесіне көрнекті қазақ ғалымы А. Ысқақовтың да өз үлесін қосқанын білеміз. Осы өңірде ағарту саласында істеген.

Хорезм оазисіндегі негізгі мекендеуші халықтар өзбектер. Хорезм аймағындағы өзбек халқының тілін зерттеуге Ф.А.Абдуллаев, А.Ишаев Ю.М.Ибрагимов т.б. ғалымдар елеулі үлес қосты. Ф.А.Абдуллаевтың «Хорезм шевалары» (Ташкент 1962) деген монографиясында Хорезм оазисінде мекендеуші өзбектердің тілі семантикалық тұрғыдан бірнеше топтарға бөлініп қаралып, онда Хорезмдік өзбектердің көрші түркі тілдермен атап айтқанда, түркмен, каракалпак және қазақ тілдерімен байланысты, олардың бірнен екіншісіне сөз ауысуы, кейбір сөздердің этимологиясы т.б. терең баяндалады. Ғалымның көрсетуіне қарағанда Хорезм сөйленістеріндегі мал шаруашылығына байланысты кәсіби лексиканы көбісінде қазақ тілдерімен байланысты, олардың бірнен екіншісіне сөз ауысуы, кейбір сөздердің этимологиясы т.б. терең баяндалады. Ғалымның көрсетуіне қарағанда Хорезм сөйленістеріндегі мал шаруашылығына байланысты кәсіби лексиканы көбісінде қазақ тілімен байланысын қарайды. Ғалымның бұл айтқан пікірін 1978ж жазылған М.Борановтың «Өзбек тілінің кәсіп – өнер лексикасы» деген еңбегінде де дәлелдейді.

Хорезм өзбектеріне байланысты екінші бір құнды жұмыс А. Ишаевтың «Маңқыт говорының фонетикалық ерекшеліктер» деген 1962ж жазылған еңбегі. Ғалым бұл жұмысында өзбек тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерінің кейбіреулері қыпшақ тілінің әсерінен деп топшылайды.

Хорезм өзбектерінің тіліне байланысты жазылған ең соңғы жұмыс 1996ж ғылым баспасынан шаққан Ю.Ибрагимовтың «Лексика узбекских говоров приаралья» деген еңбегі. Бұл

жұмыста Хорезм өзбектерінің лексикалық ерекшеліктері бірнеше семантикалық топтарға бөліп көрсетілген. Атап айтқанда, құрылысқа, тағам түрлеріне, киімге, туыстық атауларға т.б. байланысты қарайды. Жұмыстың ең құнды жағы хорезм өзбектерінің тілін төрт аймаққа бөліп көрсетеді.

Соның ішінде батыс зонасы қыпшақ тілінің элементтеріне бай. Ал шығыс зонасы оғыз тілдеріне жататындығын ғылыми тұрғыдан нақты мысалдарменен дәлелдейді.

Демек, өзбек тілінің хорезм говорлары оғыз және қыпшақ тілдерінің элементтерінен құралады.

Арал аймағындағы ендігі топты түркмен тілі құрайды. Ғалымдардың көрсетуіне қарағанда түркмендер Балканнан 1855 – 56ж Хорезмге көшіп келген. Хорезмде жасайтын түркмендердің негізгі рулары Ата және Ямут. Бұл руларда жергілікті өзбек, қарақалпақ және қазақ руларымен аралас – құралас жасайды. Хорезм түркімендерінің тілі бойынша жазылған құнды еңбектер С.Аразқұловтің 1961ж Ашхабадтан ғылым баспасынан шыққан көлемі 20 баспа табақ «Қарақалпақстан АССР–ның Төрткүл районындағы түркмен геплешіктері» деген түркмен тілінде шыққан еңбегі. Бұл еңбекте түркмен тілінің қазақ, қарақалпақ тілдеріне жақындығы және зерттеліп отырған нысандары түркмендердің ауызекі сөйлеу тілінің түркмен әдеби тіліне қатынасы сөз етіледі. С. Аразқұловтің бұл еңбегіне халық тарихына байланысты оның этнографиясы, әдебиеті және фольклорына байланысты бағалы материалдар алуға болады. Түркмен тіліндегі дыбыстық алмасуларды, лексикалық ерекшеліктердің келіп шығуын Хорезм оазисіндегі түркі халықтарымен байланыстырып қарайды. Монографияның ең құнды жағы оның сөздігінде деп білеміз.

Арал аймағындағы негізгі әрі көпшілігін құрайтын халық – қарақалпақтар.

Қарақалпақтар бұл аймаққа қазақ тарихындағы Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама жалдарынан кейін Түркістан аймағынан көшіп келген. Бұл туралы қарақалпақтың классик жырауы Жиен жыраудың «Посқан ел» поэмасында суреттеледі.

Қарақалпақ тілін 30ж зерттеген ғалымдар туралы біз жоғарыда атап өттік. Солардың ішінде айрықша тоқтауға тұратыны С.Е.Маловтың «Заметки о каракалпакском языке» деген 1966 ж Нөкістен шыққан еңбегі. Еңбек 1964 ж академик С.Кеңесбаевтың үй архивінен табылған Д.С.Насыров және Н.А.Баскаков қолжазбаны редакторлеп баспадан шығарды. С.Е.Малов 1930ж 15 маусым мен 15 қыркүйек арасында

Қарақалпақстанда болып, қарақалпақтар тілінен материалдар жинайды. Ғалымнаң айрықша көңіл бөлгені қарақалпақ тілінің фонетика жүйесі. Грамматика саласына байланысты септеулер, шырайлар, сан есім, етістік, көмекші етістік туралы мысалдар келтіреді. Жұмыста лесикаға едәуір орын берілген. Жинаған материалдарын қорытындылай келіп С.Е.Малов қарақалпақ тілінің қыпшақ тобына жататынын оның ішінде ноғай тіліне өте жақын екенін баса көрсетеді.

Қарақалпақ тілінің жүйелі зерттелуі 1960 жылдардан басталады. 1959 жылы Өзбекстан ғылым академиясының Қарақалпақ филиалын құрамында Тарих, тіл және әдебиет институтының ашылуымен байланысты. Қарақалпақ ғалымдарынан У.Бекбаулов Қарақалпақ диалектілеріндегі фонетикалық ерекшеліктерді зерттесе, О. Доспанов лексикалық ерекшеліктерін зерттеді. Т.Бекжанов Қарақалпақ диалектілеріндегі кәсіби лексика бойынша ғылыми еңбектер жаратты.

80-жылдары Қарақалпақ диалектологиясына байланысты еңбектер қортындыланып Д. Насыров қарақалпақ әдеби тілін диалектілік негізін көрсететін құнды монография шығарды.

Қарақалпақ тіл білімінде байланысты жазылған еңбектердің барлығында да ондағы тілдік ерекшеліктер хорезм оазисінде мекендеуші түркі халықтарының тілдері мен байланысты қаралды. Қарақалпақ тіл білімінде бірнеше академиялық монографиялар шығарып табыстарға жетісті. Қарақалпақ тіл білімі бойынша шыққан ғылыми еңбектердің барлығында түркі тілдерінің туыстығы жіне олардың бір – біріне әсері бірінші орында тұрды. Сондықтанда Хорезм оазисіндегі түркі тілдеріне байланысты жазылған еңбектерде бір тіл емес бірнеше туыс тілдердің салыстырылып қаралуы дәстүрге айналды.

Арал аймағындағы түркі тілдерінің бір тобы сол өлкеде жасайтын қазақтардың тілі. Хорезм оазисіндегі қазақтардың тілі ең алғаш Н.Вамбери еңбегінде көрінсе, жалғасы осы күнге дейін зерттеліп келеді. Жүйелі түрде зерттелуін үш топқа бөліп қарауға болады. Біріншісі, 1930 жылдардағы Н.А.Баскаковтың еңбектері болса, екіншісі 1947 жылдардағы Ж.Аралбаевтың басқаруымен болған ғылыми экспедициясы. Үшіншісі, 1960 жылдардан басталады. Атап айтқанда, А.Құрышжанов, Б.Ысқақов, А.Махмудов басшылығындағы диалектологиялық экспедициясы.

Қазақстан Ғылым Академиясының 1960 жылғы Құрышжанов басқарған Қарақалпақстанда болған диалектологиялық

экспедициясы қарақалпақ қазақтарының тілін зерттеуге негіз болды. Экспедициясының материалдары 1963 жылы шыққан. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері деген жинақта (5-ші шығуы) кең көлемінде жарияланды.

Ә.Құрышжановтың бұл аталған мақаласында қарақалпақ қазақтарының қоныстануы және олардың отырған жерлері, Қазақстанның қай өңірінен келгендері және оның себептері кеңінен баяндалады. Авторың бұл мақаласында кең көлемде сөз етілген тарау – фонетикалық ерекшеліктер. Қарақалпақ қазақтарының тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді көрсете келіп және ондай ерекшеліктердің осы аймақты мекендеуші басқа халықтардың тілінде де бар екені көрсетіледі. Автордың бұл тараудағы пікірлері осы ерекшеліктер туралы тюркологиядағы бұрынғы соңғы шыққан еңбектерімен салыстыруы. Мысалы : к/г, к/ғ дыбыстарын салыстыру арқылы түркі тілдерін топтастырылатыны және осы құбылыстар арқылы түркі тілдердің жаңа тіл және ескі тіл болып бөлінетіндігі айтылады. Автордың мақаласында қ, х дыбыстары туралыда құнды пікірлер бар. Х дыбысын араб тілінен келген деп түсіндіреді. Бұлармен қатар автор б дыбысының орнына п дыбысының келуін қарақалпақ қазақтарының тіліне характерлі екенін көрсетеді. Сондай-ақ, л-мен айтылған варианттан гөрі д-мен айтылған түрі көнеулеу болып шығады да, ол қазақ тілінің л-мен сөйлейтін говорының негізінде пайда болған деп есептелінеді.

Автор бұл пікірін айтқанда М.Рясяненнің пікірлеріне сүйенеді.

Ғалым Қарақалпақстандағы қазақтардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктерді: 1) қазақ тілінің оңтүстік говорларына байланысты сөздер;

2) қазақ тілінің батыс говорларымен байланысты сөздер;

3) қарақалпақ тілімен байланысты сөздер;

4) қарақалпақ тілімен де қазақ тілінің әр түрлі говорларымен де өзара ұқсастық таппайтын сөздер;

5) кәсіби сөздер деп бөледі. Автордың бұл бөлуі ғылыми тұрғыдан алып қарағанда көңілге қонымды. Автор лексикалық ерекшеліктерді тақырыпқа бөлмей, алфавит тәртібімен береді. Тиісті жерінде айырым сөздерге этимологиялық талдау жасап, қай тілден енгенінде көрсетіп отырады. Қарақалпақ қазақтарының тілін зерттеу жоспарлы түрде болуы, дәлірек айтсақ Өзбекстан ғылым академиясы Қарақалпақ бөлімінің құрамында қарақалпақ диалектологиясы секторының ашылуымен байланысты. Қарақалпақ диалектологиясы секторы тек Хорезм оа-



зисіндегі қарқалпақ тілімен қатар туыстас түркі тілдерінде бірге зерттеу мәселесін жоспарға енгізген болатын. Осы маңсатта қарақалпақ қазақтарының тілі екі топқа бөлініп зерттелді: 1) қарақалпақ пен қазақтар тұратын аудандар, 2) қарақалпақ, өзбек, түркмен және қазақтар тұратын аудандар. Яғни, географиялық атаулармен айтсақ Қарақалпақстанның солтүстік және оңтүстік аймағы деп екіге бөлінді. Қарақалпақстанның осы екі аймағына байланысты екі ғылыми еңбек жарың көрді. Бұл еңбектерде қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер біріншіден, тіл тарихына байланысты қаралса, екіншіден, Хорезм оазисіндегі түркі тілдерімен бірге салыстырылып зерттелінді. Солай етіп, Хорезм оазисіндегі түркі халықтарының ортақ жақтарымен жеке ерекшеліктерінің қыр-сырын дәлелдеуге ерісті.

Қорыта келгенде, Арал аймағындағы жасушы халықтар тілі ғылыми жағынан түркология үшін ең құнды ареал болып саналады.

Ұлттың бір белгісі – тілі десек, ал рухани дүниесінің бай қазынасы – этнографизмдер. Аймақта жасайтын түрік халықтардың этнофрагизмдерінің айырымдары бір-бірінен фонетикалық ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Мысалы, Сеп – қыздың жасауы. Бұл сөз өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілдеріне актив қолданыста болса, қазақ тілінде архаизмге айналып кеткен. Гөз айдын // Көз айдын – көзайым. Чиллә – шілде туылған баланы 40 күнге үйін күту. Қозлады // Көз жарды – әйелдің босануы. Геңаш той – кеңес той. Гуручдамлау-күріш демдеу. Шымкентте палау басу кең айтылады. Ғашыр доғрашпа // Кешір тураспа-Тойға асатын палаудың сәбізін турау. Пәтек келді – Тойға шақыру қағазы келді. Сыпыра қақты – тойға қызмет істегендерге көрсетілетін сый – сыяпат. Рапида күйлі – қаде. Пәпкі той – Тіл ашар тойы. Қолын адалдады – сүңдетке отырғызу, Кепкір күйді – қаденің түрі т.б.

Бұлардан басқа да лексиканың барлық саласында ортақ қолданыстар ұшырасады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Самойлович А.Н. К истории среднеазиатско – Турецкого языка. - сб. «Мир-Али-Шир», 1928, 21-22 беттер
2. Аразкулыев С. Гарагалпағыстан АССР-нің Д-торткүл районындағы туркмен геплешиклер. Ашгабат, 1961.
3. Народы Средней Азии и Казахстана, Том II, М., 1963, 11 бет.
4. М.Қашқари атындағы Дивани лугат – ат Тюрк, т III, 304 бет.
5. Всесоюзной переписи населения 1959г. М., 1960, стр.16.

# НОМИНАЦИИ ЧЕЛОВЕКА С АСТРОНОМИЧЕСКИМ КОМПОНЕНТОМ В ТАТАРСКИХ НАРОДНЫХ ГОВОРАХ ТЮМЕНСКОЙ ОБЛАСТИ

Файзуллина Гузель Чахваровна \*

## Nominations of person with gastronomic component in Tatar national dialects of Tyumen region

### ABSTRACT:

The issue of scientific research related to the human category in Tatar folk dialects of the Tyumen region. The material used in the study of original field recordings of dialectal speech Siberian Tatars living in the Tyumen region, recorded in 2015. Analysis subjected to the semantic content of linguistic units *пәлец пит, липүшгә пит, шәңкә пит, он пит, күптермә авыс, эртник паш, шырцай, курмац тел, пал итмәк* and others. These nominations are elements of a language picture of the world of Siberian Tatars.

KEY WORDS: Siberian Tatars, human category, Tobol and Irtysh dialect, the name of the food, secondary nomination.

Проблематика научного исследования связана с вопросами номинации человека в татарских народных говорах Тюменской области. В качестве материала исследования использовались полевые записи самобытной диалектной речи сибирских татар, проживающих в Тюменской области, записанные в 2015 году. Анализу подвергалось смысловое содержание языковых единиц *пәлец пит, липүшгә пит, шәңкә пит, он пит, күптермә авыс, эртник паш, шырцай, қурмац тел, пал итмәк* и др. Данные номинации являются элементами языковой картины мира сибирских татар.

Объектом исследования являются номинации человека с гастрономическим компонентом в татарских народных говорах Тюменской области. Предмет исследования – семантика и структура вторичных номинаций – лексических (имена суще-

\* Кандидат филологических наук, доцент кафедры филологического образования Тобольского педагогического института им. Д.И. Менделеева (филиал Тюменского государственного университета). E-mail: utgus@mail.ru. Работа выполнена в рамках гранта Президента Российской Федерации для государственной поддержки молодых российских ученых – кандидатов наук (Договор № 14.Z56.15.5221-МК об условиях использования гранта Президента Российской Федерации для государственной поддержки молодых российских ученых с организациями – участниками конкурсов, имеющими трудовые отношения с молодыми учеными МК-5221.2015.6 от 16 февраля 2015 г.).

ствительные, имена прилагательные) и фразеологических единиц.

В изучение лексической системы языка сибирских татар внесли значительный вклад такие ученые, как Г.Х. Ахатов, Д.Г. Тумашева, Х.Ч. Алишина, Д.Б. Рамазанова и др. В татарском языкознании изучением кулинарной лексики занимаются такие исследователи, как Т.Х. Хайрутдинова, Р.Р. Замалетдинов, Ф.Ш. Нуриева, Р.С. Нурмухаметова [Хайрутдинова 1993; Замалетдинов 2012; Нуриева 2015; Нурмухаметова 2013] и др. В центре внимания ученых находятся названия пищи в литературном языке, в то время как диалектные наименования остаются малоизученными. Язык сибирских татар – это живой образный язык, хранящий в себе историческую память народа. Лексика татарских народных говоров Тюменской области многогранна: отличается развитой синонимией и вариативностью. Целью нашего исследования является анализ диалектных номинаций человека с гастрономическим компонентом в структурно-семантическом и лингвокультурологическом аспектах.

### **1. Номинации человека с компонентом-наименованием мучного кондитерского изделия**

В татарской национальной кухне особое место занимают печеные и жареные мучные изделия, наименования которых нередко используются при образовании номинаций человека. Как правило, в основе переноса названия по сходству лежит форма кулинарного изделия: круглая и заостренная. При этом образуемые фразеологические единицы конструированы по типу

*наименование мучного изделия + соматизм,*

используемые как в литературном языке, так и в диалекте. Например, нормированный фразеологизм *бәләш авыз* ‘неспособный человек’ – бэлиш + рот.

В статье анализируются диалектные единицы. При наименовании круглолицего человека используются фразеологизмы *пәлец пит* – бэлиш + лицо, *липүшгә пит* – лепешка + лицо, *шәңкә пит* – шаньга + лицо. Лексема *пәлец* ‘мясной пирог’ употребляется в тобольском и заболотном говорах [Большой диалектологический словарь татарского языка 2009: 523]. По такому же принципу образованы фразеологизмы *он пит* ‘белолицый человек’ – мука + лицо и *күптермә авыс* ‘пухлогубый’ – пышная булочка + рот.

Остроголового человека называют *эртник паш* – рыбник + голова. Лексема *эртник* (тобольский говор) / *эртнек* (томский

диалект) / *эртних* (заболотный говор) < рус. *рыбник* ‘рыбный пирог’ является дореволюционным заимствованием, об этом свидетельствуют данные словаря И. Гиганова «*эритник* – пирог с рыбой» [Гиганов 1801: 15].

Языковой материал представлен переносом названия по сходству не только формы изделия, но и качества. Лексическая единица с вторично-номинативным значением *павырсақ* ‘со-страдательный человек’ используется вагайскими татарами. Баурсаки получают в виде необычайно хрупкой шапочки. Данное качество национального мучного изделия легло в основу семантического переноса:

хрупкое мучное изделие → человек с нежным темпераментом.

Лексема *шәңкә* в переносном значении используется в составе фразеологизма *шәңкә пит* и самостоятельно. В отличие от других традиционных пирогов шаньги открытые. В основном они начиняются картофельным пюре, поэтому пирог в руках разваливается. Вероятно, этот признак лег в основу переносного значения ‘бестолковый человек’, на базе которого образован глагол *шәңкәләну* ‘ротозейничать’.

## 2. Номинации человека с компонентом-наименованием горячего блюда

2.1. *Номинации человека с компонентом-наименованием жидкого блюда.* В речи тоболо-иртышских татар используется лексема *шырцай* ‘болтушка’, которая была основным блюдом в военные и послевоенные годы. Кроме того, данное слово употребляется в значении ‘несерьезный человек’, синонимом выступает лексема *шырық*: 1) жидкий; 2) несерьезный человек. В основе семантического переноса находится сравнение жидкого начала с ненадежным человеком, на которого нельзя положиться и опереться.

Лексема *шурбә* ‘бульон’ участвует в образовании фразеологизма *шурбәлы күс* – бульонный + глаз ‘больные глаза, из которых сочится слизь’. Фразеологизм образно и точно передает болезненное состояние человека – с мутными слезящимися глазами.

2.2. *Номинации человека с компонентом-наименованием блюда из крупы.* Человека с полным рыхлым лицом называют *путқа* ‘каша’ или *путқа пит* – каша + лицо с ассоциацией по сходству внешнего вида. Забытым блюдом на сегодняшний день является *қурмац* ‘зерна, поджаренные на сковороде’, одна-

ко до сих пор бытует в речи фразеологизм *қурмац тел* ‘бойкий на язык, языкастый’ – жареные зерна + язык. Данный фразеологизм включает в себе положительную коннотацию: в культуре сибирских татар находчивый в разговоре, красноречивый человек, остро слов является объектом всеобщего уважения.

Лексема *қурмац* сохранилась в игровом детском фольклоре:

*Қурмац қур, қур, қур (2 раза).  
Мынта серкә, мынта пет,  
Мынта қантала, мынта пәрцә.  
Қыңы-қыңы, қыңы-қыңы.*

2.3. Номинация человека с компонентом-наименованием печеного блюда. В сибирскотатарских говорах употребителен фразеологизм *пичүнкә пит* ‘темнокожий’ – печеный картофель + лицо, который применяется в негативном ключе: *Шал пичүнкә пит пүтән игәнте* (Вагайский район, дер. Юрмы) – *Тот темнокожий еще и выделяется*. Лексема *пичүнкә* заимствована из русского языка печенка: *Пес кәртүп қасғанта, пичүнкәне кастёрта пешереп ашайтын* (Вагайский район, дер. М.Кондан) – *Когда копаем картошку, всегда готовим печеный картофель на костре*.

### 3. Номинации ребенка с гастрономическим компонентом

В культуре сибирских татар особое место занимает вопрос воспитания детей, который ярко выражается в пословицах и поговорках.

*Пала пулса шуқ пулсын, шуқ пулмаса, юқ пулсын.*

*Қысым сиңә әйтәм – киленем син тыңла.*

*Арсар үсен мактар, дивана қысын мактар.*

Номинации ребенка представлены такими единицами, как *пал кисәгем* – медовый, *пал итмәк* – медовый хлеб, пряник (в XVIII веке *бал итмәк* – пряник [Гиганов 1801: 450]), *нан кисәгем* – кусочек хлеба из пшеничной муки высшего сорта, *та-тлым, тәмләшгәм* ‘сладенький’ – вкусный. Данные лексемы отражены в фольклоре сибирских татар:

*Палам, палам – пал кисәк,*

*Палам, палам – пал итмәк.*

или

*Минем иргәм шантай:*

*Сөткә утырган қаймақтай,*

*Көб°өгә пешгән майтай,*

*Таб°ага пешгән қоймақтай.*

или

*Паламның паласы палтан татлы.*

Эмоционально-экспрессивная составляющая номинаций человека с гастрономическим компонентом выражена положительной и отрицательной коннотацией, которая позволяет обнаружить идеальное представление сибирских татар о внешних и внутренних качествах человека.

Осмысление значения лексем и фразеологизмов, сохранившихся в языке, их интерпретация, основанная на фольклорно-диалектологических, историко-этнографических источниках, позволит не только приоткрыть завесу над еще не раскрытыми тайнами, но и поможет сохранить историческое наследие языка сибирских татар.

В ходе исследования вторичных номинаций мы пришли к следующим умозаключениям:

1. Проанализированные лексем являются продуктами вторичной номинации, которые фактически не описаны в лексикографической практике. Как правило, основой для переноса значения служит внешний вид и вкус блюда.

2. С учетом синтаксических функций имен существительных, глаголов и прилагательных (по Н.Д. Арутюновой) выделяются предметные (*пәлең пит, липүшгә пит, шәңкә пит, он пит, эртник паш, шырцай, қурмаң тел, пал итмәк*) и признаковые номинации (*татлы, шырық*). «Предметные имена отражают и обозначают предметы, признаковые имена – отношения, свойства последних, поэтому значения первых более автономны и абсолютны, значения вторых – относительноны и детерминируются многими факторами» [Языковая номинация 1977: 67].

3. Использование номинативных средств кулинарно-гастрономической лексики в новой для них функции наречения способствует развитию полисемантической структуры слова.

#### ЛИТЕРАТУРА

- Большой диалектологический словарь татарского языка / составитель Ф.С. Баязитова, Д.Б. Рамазанова, З.Р. Садыкова, Т.Х. Хайретдинова. – Казань: Тат. кн. изд-во, 2009. – 839 с.
- Гиганов И. Слова коренные, нужнейшие к сведению для обучения татарскому языку, собранные в Тобольской главной школе. – СПб, 1801.
- Нуриева Ф.Ш. Названия пищи в тюркоязычных письменных памятниках золотоордынского периода // Филологические науки. Вопросы теории и практику // 2015. – №7-1 (49). – С. 143-146.
- Замалетдинов Р.Р., Нурмухаметова Р.С. Материальная культура в словарях татарского языка XX–XXI веков (на примере лексики пищи) // Филология

и культура. – 2012. – №3. – С. 51-55.  
Нурмухаметова Р.С. Развитие кулинарной лексики татарского языка XX – начала XXI века // Филология и культура. – 2013. – №4. – С. 86-91.  
Хайрулдинова Т.Х. Названия пищи в татарском языке. – Казань, 1993. – 142 с.  
Языковая номинация: Виды наименований. – М.: Наука, 1977. – 360 с.

## **ЖАЛПЫ ЖАЗУ ТАРИХЫ ДАМУ АЯСЫНДА КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Молдабай Талгат\*

### **Problems of ancient Turkic writing in a general history of writing**

#### **ABSTRACT:**

This article deals with the study of ancient writing - Turkic bitig (old Turkic runic writing). Based on Grammatology held semiotic, semantic analysis, and put forward an attempt to identify the autochthonous. As a result, it became clear that the basis of the Eurasian steppe nomads tamgas influenced the genesis of ancient Turkic written tamgas (old Turkic runic writing signs).

**KEY WORDS:** old Turkic runic writing, writing history, runic, grammatology, write.

Көне түрік бітіг жазуының кілті табылған соң көне түрік мәтіндерін жанжақты зерттеуге ден қойылды. Соның ішінде көне түрік жазуының шығу тегіне, құрылымына қатысты зерттеулер де қалыс қалған жоқ. Көне түрік жазуының кілтін тапқан В.Томсеннің еңбектерінің өзінде көне түрік бітіг жазуының шығу тегі мәселесі бойынша қарамақайшылық орын алады. Бұл үрдіс бұдан кейінгі осы мәселені қолға алған ғалымдардың да еңбегінде көптеп байқалады. Оның негізгі себебі де түсінікті еді. Бұл себептердің ең басында еуроцентристік сана негізінде қалыптасқан «Еуразия көшпелілері мәдениетіне» деген төмен көзқарастың және әлем мәдениетінің бесігі болып саналатын Кіші Азия, Қытай сынды жазу мәдениеті ерте дамыған мәдениеттермен көршілес болудың нәтижесі есебінде ізденуші бойында қалыптасқан алғашқы түйсік болса керек. Бұны В.Томсеннің көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне қатысты жазған ойлары арқылы жақсы түсіндіруге болады деп ойлаймын. Ол өз еңбегінде көне түрік бітіг жазуының кейбір таңбалары

\* PhD докторант, ҚР Ұлттық музейі жазба ескерткіштерді зерттеу орталығының жетекшісі. E-mail: talgatomoldabay@mail.ru



мен олардың фонетикалық мәнінің сәйкестігі, жазудың солдан оңға қарай бағыттталып жазылуы, дауысты дыбыстардың көп қолданылмауы (консонанттық жазу түрі) негізінде көне түрік бітіг жазуының Семит жазуының бір қолы болып саналатын Арамей жазуы түрлерінен бастау алады деген ой түйуге себеп болады [Thomsen, 1922: 73-74]. Солай бола тұра, ол дәл сол еңбегінде КТБ жазуының кейбір дауыссыз дыбысты білдіретін (консонанттық) таңбаларының жүйелі әліпби таңбаларынан карағанда логографияларға көбірек ұқсайтындығы және олардың көшпелілер өмірімен тығыз байланысты сөздермен бұл таңбалардың астасып жатуы оны екі ойлылыққа жетелейді [Thomsen, 1922: 75-78].

Дегенмен КТБЖ кілті табылғаннан бергі бір ғасыр аралығында КТБ жазуының шығу тегін басқа жазулардан бастау алады деген теория басымдыққа ие еді. В.Томсен ұсынысын О.Доннер қолдай отырып, КТБ жазуының ең жақын прототипі арамей жазуының түрлі варианттары дей келе, б.з.б. II –III ғ.ғ. мұрасы Аршакид монетасының жазуын арамей мен түрік бітіг жазуының аралық варианттарының бірі деп көрсетеді [Donner, 1896: 5-44]. Бұл екі ғалымның ұсынысын кейін П.М. Мелиоранский [Мелиоранский, 1899: 47], А. Аманжолов [Аманжолов, 1978: 76-87] қолдады. Дж.Клосон өз еңбегінде КТБЖ қағанның бұйрығымен бір соғды сауаттысы Иран әліпбиінің ескі прототиптерінің бірін басты үлгі ретінде ала отырып, грек әліпбиінен толықтырулар жасап шығарған деген тұжырым айтқан [Клосон, 1986: 135-158]. А.С. Аманжолов өз еңбегінде көне түрік бітіг таңбалары мен Азиялық көне жазу таңбалары арасында генетикалық байланысты қарастырған [Аманжолов, 2003: 287-352]. В.А.Лившиц атақты соғдиолог Р.Готьюның еңбегі негізінде КТБ жазуының соғды жазуынан бастау алатындығын КТБ әліпби таңбалары мен соғды әліпби таңбаларын салыстыру арқылы дәлелдеуге тырысады [Лившиц, 1978: 84-98]. О.Сүлейменов КТБ жазуы таңбаларын ерте және орта ғасыр мәдениеттерінің алфавиттерімен жанжақсы байланысы негізінде қарастырған [Сүлейменов, 1978: 43-53]. О.Прицак КТБ жазуының шығу тегін оның буындық құрылымын негізге ала отырып Батыс Семит буындық жазуынан бастау алатындығын алға тартады [Pritsak, 1980: 83-98]. А.Рона-Таштың пікірі бойынша КТБ жазуы Арамей әліпбиінің Армаздық нұсқаларының бірінен бастау алады және әліпби ретінде қабылданғаннан кейін 4 эволюциялық кезеңді бастан өткізген деген болжам айтқан [Rona-Tas, 1987:

7-14]. Қ.Сартқожаұлы өз еңбегінде КТБ жазуының шығу тегін автохтондық негізге сүйеп, дүниетанымдық негізде дәлелдеуге тырысқан [Сартқожаұлы, 2007: 304].

Аталмыш тақырыпқа қалам тартқан алғашқы ғалымдар Д.Г.Мессершмид пен Ф.И.Таберттен (Страленберг) бастап қазіргі түркітанушы ғалымдардың барлығы дерлік КТБ жазуының шығу тегіне деген қызығушылығы мен тақырыптың өзектілігіне байланысты өз ойларын айтып, пікірлерін білдірген. Бұл ғалымдардың барлығы дерлік грамматология ғылымының теориялық негіздері шеңберінде көбіне салыстырмалы-салғастырмалы жолды таңдап, жазудың ішкі және сыртқы ерекшеліктері (форма) негізінде басқа жазулармен салыстырып қарастырған. Бұл жазу тарихын зерттеудің ең тиімді жолы болумен қатар ең күрделі жолы болып саналады. Ғалымдардың негізгі кемшіліктері салыстырылған екі жазудың арасындағы хронологиялық айырмашылықтарды ескермеулері болып саналады.

Жалпы жазу тарихын зерттеуде қалыптасқан тәжірбие негізінде біз жазу таңбаларының жалаң графикалық ұқсастықтарымен салыстырма жүргізудің ешқандай тың нәтиже бермейтіндігін байқадық. Графикалық лингвистика саласы зерттеулері нәтижесінде әлемдегі графикалық таңбалардың негізін қалыптастырған негізгі тірек таңбалар саны санаулы және бұл ешқандай байланыссыз графикалық кескін таңбаларының кез-келгенінің ұқсастығына жол ашуы мүмкін [Панов, 1983: 66-78]. Бұған мысал ретінде біз КТБЖ сыры ашылмағанға дейінгі батыс ғалымдарының солтүстік еуропадағы «руна» жазуын кескіндік ұқсастығы негізінде байланыс іздеуін айта аламыз. Бұл жөнінде В.Томсен өз еңбегінде бұл екі жазу арасындағы ұқсастық екі жазудың да негізінен қатты денеге жазуға арналғандығы себебі вертикалдық сызықтар негізінде жасалатындығы деп атап өткен болатын [Thomsen, 1922: 71-72]. Жазудың сыртқы формасымен айналысу белгілі бір шектік негізде жасалмаса ғалымдарды априордық (долбарлы) нәтижелерге жетелейді. Қ.Сартқожаұлы «Байырғы түрік жазуының генезисі» еңбегінде көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне қатысты академиялық көзқарастарды үш үлкен топқа бөліп қарастырған [Сартқожаұлы, 2007:].

«Арамей гипотезасы» негізін қалаған В.Томсен, жалғастырушылар О.Доннер, П.М.Мелиоранский, А.Аманжолов және т.б. Арамей жазуымен КТБ жазуы таңбаларын салыстырған бұл ғалымдар жазудың сыртқы формасы негізінде КТБ жазуы

әліпбиінің 39 таңбасының 11 таңбасын **Л** (p), **Л** (š), **Н** (r<sup>1</sup>), **Л** (d<sup>2</sup>), **Н** (l<sup>1</sup>), **Н** (t<sup>2</sup>) **Ү**(s<sup>2</sup>), **Ү** (z), **Ү**(j<sup>2</sup>), **Ү**(č), **Ү**(k<sup>1</sup>)ұқсатқан. Ол 11 әріп таңбасының 6 таңбасы **Ү** (p), **Ү** (š), **Ү** (r<sup>1</sup>), **Ү** (d<sup>2</sup>), **Ү** (l<sup>1</sup>), **Ү** (t<sup>2</sup>) жазу формасының ішкі шарттарына сай графикалық тұрғыда да фонемдік тұрғыда да сай келеді. Дегенмен олардың 4 таңбасы КТБЖ әліпбиіндегі үндесім дауыссыздары деп аталатын бір фонемді білдіретін екі графемнің тек біріне ғана сәйкес келеді: **Ү** (r<sup>1</sup>) сәйкес - **Ү** (r<sup>2</sup>) жоқ; **Ү** (d<sup>2</sup>) - **Ү** (d<sup>1</sup>) жоқ, **Ү** (l<sup>1</sup>) сәйкес - **Ү** (l<sup>2</sup>) жоқ, **Ү** (t<sup>2</sup>) сәйкес - **Ү** (t<sup>1</sup>) жоқ. Бұл гипотезаның алғашында тарапары көп болғанмен қазіргі таңда ықпалы азаюда [Ahmet, 1938; Жолдасбеков-Сартқожаұлы, 2005; Гузев-Кляшторный, 2009: 146-176]. Алғашында В.Томсен КТБ жазуының солдан оңға қарай жазылуы, дауысты дыбыстардың сөз басында және ортасында жазылмауы (Күлтегін, Білге қаған мәтіні негізінде) сияқты жазу құрылымының сыртқы ұқсастықтары негізінде ой түйген болатын. Кейін ол лигатуралық деп аталған таңбалардың түркілерге тән екендігін мойындап, консонанттық жазу еместігінің парқына барып, «Кейбір таңбалардың түркілердің өз туындылары екендігін мойындау керек» - деген болатын [Thomsen, 1896: 5-9].

«Соғды гипотезасы» 1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцевтың Орталық Моңғолиядағы Орда-балықтан үш тілде жазылған триумфалды жазба ескерткішін табуымен басталып, кейін Шығыс Түркістанда жалғасқан соғды тілінде, соғды әліпбиімен жазылған жазба деректердің табылып ғылыми айналымға Ф.Мюллер, А.Лекок, Р.Готью, О.Хансен, В.Хеннинглер тарапынан зерттеліп түсуіне байланысты өз қолдаушыларын тапты. Әрі тарихи деректер негізінде Түрік қағанаты тұсында соғды саудагерлерінің ықпалы мен «Жібек жолы» сауда жолы бойында соғды колонияларының болуы, Батыс Түрік қағанатының Византияға жіберген елшісі Монияқтың соғды болуы, Шығыс Түркістаннан табылған соғды жазбаларының түріктерге дін үйрету мақсатында қолға алынғандығы сияқты деректер негізінде тарихи-деректік ықпалы артып, көне түрік бітіг жазуының осы соғды жазуынан бастау алуы мүмкін деген ой тудырады [Бартольд, 1998: 192]. Бұл Шығыс Түркістаннан табылған соғды жазба мұраларының көбі б.з. VI-XIII ғ. тиесілі манихей, христиан, будда діндерін уағыздау мақсатында жазылған діни насихат материалдары болып табылады. Ертеорта ғасырларда осы жібек жолы бойында соғдылардың үлкен ықпалы болғандығы анық. Осы ықпал олардың тілінің таралуына жол ашып халықаралық деңгейге

көтерген сияқты. Соғдылардың осы артықшылықтарын ескере отырып Р.Готью, байырғы түркі бітіг жазуы «көне соғды жазуынан» пайда болған деген тұжырымға келген. Р.Готью көне түркі бітіг әліпбиінің 11 таңбасын соғды әріптеріне ұқсатқан. Сонымен қатар Р.Готью КТБ жазуының төмендегі 5 әріптерін соғды әріп кескіндерімен жақын болуы мүмкіндігін салыстыра қарастырған:  $\text{𐰃}=h$ ;  $\text{𐰄}=\gamma$ ;  $\text{𐰅}=z$ ;  $\text{𐰆}=s$ ;  $\text{𐰇}=\text{š}$  [Gauthiot, 1914-1923: 5; Сартқожаұлы, 2007:]. Р.Готьюның бұл ұсынған тұжырымын жалпы грамматология ғылымында қалыптасқан жазудың сыртқы ерекшелігі (формасы) негізінде ұқсастықтар мойындалғанмен жазудың ішкі ерекшелігі (формасы) негізінде үлкен олқылықтары бар еді. Біріншіден, көне соғды жазуының қолданылу хронологиясы (б.з.б. III мың жылдан б.з. I) мен КТБ жазуының хронологиялық тұрғыда сәйкессіздігі, екеуінің арасындағы үлкен уақыт айырмашылығының болуы. Екіншіден, Соғды жазуы консонанттық жазу болып есептеледі. Бұл КТБ жазуының құрылымына келмейді. Егер, көне түріктер соғды әліпбиін өздеріне бейімдеген жағдайда ол жазудың ішкі элементтері, яғни консонанттық жүйе сақталуы керек еді. Әрі жоғарыда байқағанымыздай КТБ жазуының 39 таңбасының тек 11 ғана ұқсастық байқалған. Қалған 28 таңбаны қайда қоямыз. Егер олар расымен де соғды әліпбиінен алған болса логикалық тұрғыда істі күрделендірмей олардың барлық таңбаларын алып, жетпеген фонемаларға ғана жаңа графема қолдануы керек еді. Бұған мысал ретінде араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді:  $\text{ش}$  - ң;  $\text{ژ}$  - ұ, ү;  $\text{ج}$  - у. Ол 30-шы жылдарға дейін “төте жазу” деген атпен қолданылып келді [Қазақ әдебиеті, 2010]. Немесе қазіргі таңда қолданып жүрген кирил әліпбиін айтуымызға болады. Біз кирил әліпбиін қабылдар кезде бізде бар барлық дыбыстарға сәйкес келетін таңбаларды толығымен алдық және төл дыбыстарымызды білдіретін фонемаларға жаңа графемалар бейімделді:  $n \rightarrow \text{н}$ ;  $g \rightarrow \text{ғ}$ ;  $o \rightarrow \text{ө}$ ;  $y \rightarrow \text{ү} \rightarrow \text{ұ}$ ; В.А.Лившиц Р. Готьюның соғды болжамына талдау жасай келіп: «Көне түрік бітіг жазу әліпбиінің негізін құраған 31 таңбаның тек 12 таңбасының ұқсастығы, ол таңбалардың өзі дәлелдеуді қажет ететін жағдайда болуы және ең бастысы логографиялық таңбалар ретінде танылған көне түрік бітіг жазуы әліпбиінің 7 таңбасының ешқандай талассыз олардың өздеріне тиесілі екендігі соғды гипотезасын тығырыққа тіреді» - деп атап өтеді [Лившиц, 1980: 3-13].

Соғды болжамын белсенді қолдап келген тағы бір

түркітанушы Г.Клоссон көне түркі бітіг жазуының шығу тегін соғды, пехлеви, бактрия сияқты ерте орта ғасырлық арамей текті әліпбилерінен іздестіріп, хронологиялық тұрғыда VI ғасырдың екінші жартысынан бастау алады деген тұжырым жасаған. Жазу сол кезеңдегі дипломатиялық қажеттілік негізінде туындаған деген пікір білдірген. Ол көне соғды жазуынан көне түрік бітіктің жуан айтылатын дыбыстарды белгілейтін а/ä, о/у, b/v<sup>1</sup>, q (k<sup>1</sup>=x/k<sup>1</sup>), l<sup>1</sup>, n<sup>1</sup>, r<sup>1</sup>, s<sup>1</sup>; r (r<sup>2</sup>), m, ç, p деген 12 таңбаны, жіңішке айтылатын таңбалардың пехлеви жазуынан i/i, d<sup>1</sup>, t<sup>1</sup>, š деген 4 таңбаны және грек-бактриялық жазуынан g (g<sup>2</sup>), y<sup>2</sup>, l<sup>2</sup>, n<sup>2</sup>, r<sup>2</sup>, s<sup>2</sup>, t<sup>2</sup>, b<sup>2</sup>, d<sup>2</sup>, z, ö/ü деген 11 таңбаны алып көпнегізді бір құрама әліпби жасап шығарған деген тұжырым жасайды [Клоссон, 1986: 136-157].

Осы гипотезаның тараптары В.А.Лившиц, С.Г. Кляшторный, А.М.Щербак сияқты белгілі түркітанушыларды атауымызға болады. Дегенмен бұлардың соңғы екеуі кейіннен өз ойларынан айнып, КТБ жазуының шығуында түріктердің рөлінің басым екендіктерін мойындайды [Гузев-Кляшторный, 2009; Щербак, 2001:50].

«Автохтондық гипотезасы» негізінен екі топқа бөліп қаратырғанымыз абзал: а) КТБ жазуының көне түрік таңбаларынан бастау алады; ә) КТБ жазуының көне түркілік пиктографиялық, идеографиялық жазуларынан бастау алады [Сарткожаұлы, 2007: 20-25; Гузев-Кляшторный, 2009: 153-155];

а) КТБ жазуының көне түрік таңбаларынан бастау алады деген көзқарас жазудың сыртқа формасы негізінде көне түріктерде кең тараған меншіктік құқықты білдіретін, малдың жағы мен жамбасына басылатын таңбалар қорынан бастау алады деген бағытта А.Шифнер, Н.А.Аристов, Н.Г.Маллицкий, Д.Н.Соколов сияқты ғалымдардың зерттеулері негізінде орнықты [Аристов, 1896: 277-456; Соколов, 1928: 23-39; Аманжолов, 1978: 82]. 1896 жылы Н.А.Аристов «Об этническом составе тюркских племен и народностей» [Аристов, 1896: 277-456] атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбегінде Н.А.Аристов түркі халықтарының, олардың тайпалары мен руларының таңбасын бере отырып, оның семантикасына үңіледі. Түркі халықтарындағы меншік құқығын білдіретін таңбалардың көптігі мен түрлілігі, олардың КТБ жазуы таңбаларымен сыртқы формада ұқсастығы сол кездегі көптеген түркітанушыларды қызықтырғаны анық. Осыдан кейін Н.Г.Маллицкий Түркістан үйірмесінің 1897-1898 жылғы бір жиналысында «О связи тюркских тамг с Орхонскими письменами» деген атпен ғылыми баянда-

ма жасап, түркі халықтарының таңбаларынан байырғы түрік алфавиті шыққан деген тұжырымын ұсынады [Маллицкий, 1897-1898: 43-47]. Кейін Д.Н.Соколов өз еңбегінде КТБ жазуы әліпбиіндегі барлық таңбалардың түркі халықтарына ортақ таңба қорындағы (фонд) таңба түрлерінде өз сыңарын тапқандығын салыстырмалы тұрғыда дәлелдеп берген [Соколов, 1928: 23-39]. Бұл бағытта Г.И. Спасский, М.А. Кастрен, Г. Вамбери, А.Махмудов, М.Шинэхүү сияқты ғалымдар түрлі түркі тайпалар мен халықтарының таңбаларын КТБ жазуы таңбаларымен салыстырып қарастырды [Кляшторный, 2003; Махмутов, 1969: 141-147; Сартқожаұлы, 2007].

Расымен де, таңба гипотезасы жалпы жазу теориясы тұрғысынан назар аударуға лайық гипотеза. Белгілі жазу тарихы зерттеушілерінен И.Фридрих таңбаны «сурет жазудың» ерекше бір түрі ретінде түсіндіреді [Фридрих, 1979: 37-40]. Жазу тарихының теориялық негізін қалаған И.Гельбтің пікірінше таңба бұл жазудың алғашқы түрлеріне (предписьменность) жататын семасиографиялық жазу түрі және жазу даму кезеңдерінің міндетті алғышарттарының бірі ретінде сол мәдениеттің бейнелеу өнері немесе мнемоникалық белгілерінің (тілдік элементтерді қамтымаған) қалыптасып, меншіктік жазу ұғымын қалыптастырып, шартты көрнекілік таңбалардың қалыптасуына жол ашады. Бұл жазудың тілдік элементтерді қамтуының (сөз, буын, фонем) ең алғашқы сатысы деп қарастыруымызға болады [Гельб, 1979: 317-319].

Біз осы таңба гипотезасын ұстана отырып КТБ жазуының автохтондық негізін дәлелдеуге тырысамыз. Бұл ұстаным КТБ жазуының жалпы жазу теориясы аясында автохтондық жазудың даму эволюциясына сай келеді. Әрі ұлттық таңба қоры (сурет, таңба, белгі, нышан) тұрғысынан қарастыратын болсақ көне түріктердің өте ерте заманнан бастап тас бетіне көптеген суреттер мен таңбалар қалдырғанын білеміз. Бұл олардың өз бетінше жазу жүйесін қолданғандығын және кейіннен қолданысқан енгізген КТБ жазуының автохтондық сипатына басымдық береді. Бұл сурет қорындағы таңбалардың көптігі, түрлілігі және КТБ жазуы қорындағы таңбалардың барлығының осы ұлттық таңба қоры элементтерінде өз сыңарының болуы үлкен қызығушылық тудырады. Бұл салаға қалам тартқан ғалымдардың көбінің осы таңбаларға тоқталуының бірден-бір себебінде осы болса керек. Таңбалардың ру, тайпа нышаны және меншіктік белгі ретінде қолданылуы белгілі бір мөлшерде коммуникативтік рөл атқарғаны анық. Ол таңбалар бір

тайпадан екіншісін айыратын код. Код - ақпарат. Сондықтан, оны байырғы түркілер «тұғра» (тууға) деп атаған (МК.І.462-19). Жазу дамуының кезеңдері негізінде бұл таңбалар, шартты бір келісімді, іс-әрекетті білдірсе, кейін тілдік элементтерді де білдіретін жағдайға жетуі әбден мүмкін. Әрі, бұл таңбалардың қарабайырлығы (примитивность), сызуға ыңғайлылығы, қолданыс аясының кеңдігі КТБ жазуын ойлап табушыларға таптырмас негіз болғаны анық. Оған екі жағдайды себеп ретінде көрсете аламыз: 1) Д.Н.Соколовтың КТБЖ әліпбиі қорындағы таңбалардың жалпы көне түркі сурет қорындағы таңбалармен сәйкестігін жариялауы; 2) КТБЖ әліпбиі қорындағы зерттеуші ғалымдар тарапынан көне түркілерге тиесілі деп танылған таңбалардың семантикалық тұрғыда ұлттық таныммен үйлесуі болып табылады.

Таңба гипотезасы жазудың сыртқы формасы негізінде қолға алынғандықтан зерттеушілерді толық қанағаттандырмасы анық екені белгілі. Дегенмен, зерттеушілер КТБЖ әліпбиі қорындағы графемалардың ұлттық таңба қорындағы таңбалар репертуарында бар екендігіне көз жұма алмайды және бұл таңбалардың ұлттық таңба қорының семасиографикалық қалыптасу кезеңдерінде белгілі бір коммуникативтік рөл атқарған таңбалар болғандығын жоққа шығара алмайды.

Жалпы жазудың шығу тегін жазудың сыртқы формасы негізінде дәлелдеу тезисі ешкімді қанағаттандырмасы анық. Ендеше, ең қарапайым жол жазуды басқаларынан алып өзіне бейімдеу жолы болып табылады. Бұл жағдайда бұл екі жазу арасында бірдей таңбалар қолданылумен қатар ұлттық фонологиялық ерекшеліктеріне қатысты жаңа таңбаларда қоса қолданылуы мүмкін. Дегенмен, біз бұл жағдайды да қарастырмас бұрын мынаны есімізден шығармауымыз керек: жазу тарихы мен жалпы жазу теориясы көрсеткендей басқалардан алынған жазу жүйесі сол жазу жүйесінің ішкі формасымен бірге алынады [Гельб, 1979: 317-319]. Бұл дегеніңіз, КТБЖ басқа жазулардан алынған болса сол жазудың ішкі формасында сақтауы керек. Мысал ретінде, КТБЖ соғды курсивті жазуынан алынған жағдайда, ирантанушылардың алфавиттік жазу ретінде таныған соғды курсивті жазуы сол қалпында қолданылуы керек еді [Лившиц, 1978: 84-91; Лившиц-Хромов, 1981: 347-514]. Яғни, КТБЖ алфавиттік жазу болуы керек еді. Шындығында КТБ жазуы жазуалды кезеңдерге тән таңбалық белгілер, пиктограммалар мен буындық негізді жазу екендігі анықталды [Молдабай, 2015: 421-430].



ә) КТБ жазуының көне түркілік пиктографиялық, идеографиялық жазуларынан бастау алады деген ұсыныс кезінде В.Томсен түрік бітіг, арамей кескіндерімен байланыста екенін айта отырып, оның кейбір әріп кескіндерінің сыртқы пішіні мен аталмыш екі жазудың оңнан солға қарай бағытталғанына ерекше мән берге келе, кейбір кескіндердің идеографикалық ерекшелігіне де назар аударғанды [Thomsen, 1922: 65-83]. А.Ал Е.Д.Поливанов **𐰇** (оq), **𐰈** (aj) таңбаларының сыртқы пішіні, ішкі мәніне сараптама жасап, байырғы түрік бітіг жазуын идеографиядан шыққан болуы мүмкін екенін дәлелдеген еді [Поливанов, 1925: 177-181]. Түрк ғалымы А.Ж.Эмре, орыс зерттеушісі Е.Д.Поливановтың ұсынысын алға жылжытып бітіг жазуын түгелдей идеограммадан шыққанын дәлелдеуге тырысты [Emre, 1938: 24].

Расымен де көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне қатысты зерттеу жүргізген көп ғалымдар алғашында КТБЖ автохтондық негізділігіне күмәнмен қарағанмен кейіннен көбі өз ойларынан айнып, жаңа тұжырымдар жасауда. Соңғы теориясының негізін салушы Р.Готье «L'`alphabet sogdien d'après un témoignage du XIX siècle» атты еңбегінде КТБ жазуының түркілердің өз туындылары екендігін мойындаған [Ross-Gauthiot, 1913: 525-526]. Дәл осы теорияның қолдаушысы болған С.Г.Кляшторный өз ізбасары В.Г.Гузевпен бірге КТБЖ шығу тегінің автохтондығын мойындап, көне таңбалар мен суреттерден іздестіруде [Гузев-Кляшторный, 1993: 57-62]. Соңғы жылдары КТБЖ сыртқы формасы мен ішкі құрылымына қатысты тыңғылықты зерттеулер жүргізген ғалымдар ретінде О.Прицак [Pritsak, 1963], В.Г.Гузев [Гузев-Кляшторный, 1993: 57-62; Гузев, 1994: 67-72], А.Аврutiна [Аврutiна, 2004: 84-97], Қ.Күдериновалар [Күдеринова, 2005: 92-100], А.С.Аманжолов [Аманжолов, 2010], Қ. Сартқожаұлы [Сартқожаұлы, 2007] сияқты ғалымдарды атауға болады.

#### ӘДЕБИЕТ

- Thomsen V. Samlede Afhandlinger. Tredje Bind. Kobenhavn, 1922.  
 Donner O. Sur L'origine l'`alphabet ture du Nord de Asie // FSFOu, 1896, XIX, 5-44 p.  
 Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-тегина // ЗВОРАО. -СПб. 1899. т.ХІ.47  
 Аманжолов А.С. К генезису тюркских рун // Вопросы языкознания. –М., 1978. №2.С. 76-87.  
 Клосон Дж. Происхождение тюркского «рунического» письма // Зарубежная тюркология. Вып. I. Древние тюркские языки и литературы. М., 1986.  
 Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы, 2003.

- Лившиц В.А. о происхождении древнетюркской рунической письменности // Советская тюркология. – Баку, 1978. №4.
- Сулейменов О. Грамматика буквы (к истории древнетюркского алфавита) // Известия АН Казахской ССР. Серия филологических наук. – Алматы, 1978. №2.
- Pritsak O. Turkology and the Comparative Study of Altaic Languages // Journal of Turkish Studies. Vol. 4. Harvard University, 1980.
- Rona-Tas A. On the Development and Origin of the East Turkic “Runic” Script // АОН. Т.41. Pt. 1. 1987.
- Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. - Алматы : Арыс, 2007. - 304 б.
- Панов Е.Н. Знаки. Символы. Языки. – Москва: Знание, 1983. – с.248.
- Ahmet С.Е. Eski türk yazısının menşegi. – İstanbul: Devlet Basımevi, 1938.
- Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 359 б.
- В.Г.Гузов, С.Г.Кляшторный. Древняя письменность великой степи // Тюркологический сборник: История и культура тюркских народов России и сопредельных стран. – Москва: «Восточная литература» РАН, 2009. – с.146-176
- Thomsen V. Inscriptions de l’Orkhon // Memoires de la Societe Finno-Ougrienne. (MSFOu).V. –Helsingfors, 1896. –240 p.
- В.В.Бартольд. Тюрки. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1998. – с.192
- Gauthiot R. Essai de grammare Sogdienne. Premier partie: Phonetique. -Paris, 1914-1923.
- Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
- Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – Алматы, 1980.
- Щербак А.М. Тюркская руника. – СПб., 2001. –147 с.
- Аристов Н.Я. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // ЖС. 1896. Вып. 3-4. С. 277-456
- Соколов Н. От камня печатному станку // Культура и письменность Востока. Баку, 1928, II. С. 23-39
- Маллицкий Н.Г. О связи тюркских тамг с орхонскими письменами // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год III, 1897-1898, стр. 43-47
- Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. СПб. 2003. –559 с.
- Махмутов А. Как возник древнетюркский алфавит // Исследования по тюркологии. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 141-147
- Фридрих И. История письма. – М., 1979.
- Гельб И. Опыт изучения письма (основы грамматики) / Пер. с англ. – М., 1979.
- Лившиц В.А., Хромов А.Л. Согдийский язык // Основы иранского языкознания: Среднеиранские языки. – М., 1981.
- Молдабай Т. Семантические преобразования идеограмм и тамг и развитие рунического письма. Археологийн судлал. Том XXXV. Улаанбаатар, 2015: 421-430
- Поливанов Е.Д. Идеографический мотив в формации орхонского алфавита

- // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. № 9. – Ташкент, 1925. С. 177-181
- Emre A.C. Sur L'origine de L'alphabet vieux-tura (lit alphabet runique de Siberie). – Stambul, 1938. – p.24
- Ross E.D. et Gauthiot R. L'alphabet sogdien d'après un témoignage du XIX siècle. –JA, 1913 (Mai- Juin), p. 525-526
- Гузев В.Г., Кляшторный С.Г. Проблемы происхождения древнетюркской руники в свете общей теории письма (К столетию дешифровки) // Вести. СПб.ГУ. Сер. 2 1993. Вып. 4 (23), С. 57-62.
- Pritsak O. Das Alttürkische // Handbuch der Orientalistik. -Leiden-Köln, 1963. - Bd. 5. Absch. 1.
- Гузев В.Г. К вопросу о слоговом характере тюркского рунического письма // ВЯ. 1994. №5. С. 67-72
- Аврутина А. Фонологическая система языка древнетюркских рунических памятников // Тюркология. 2004. № 1 (9). С. 84-97
- Күдерина К. Көне түркі графикасындағы графема, фонема қатынасы // Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары. –А., 2005. –92-100 б.
- Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – с.368

## ТАЛАС ӨңІРІНДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТ

Құрманәлиева Ақмарал\*

### ABSTRACT:

This article deals with problem associated with the script of Turks. In particular, turks and their ancestors usuns, and saks that live in Semirechye. Spacious place possessed by nomad based Turks significantly affected to continuous development of the world and still the news made it popular. Turkish tribes and its large tribes entered to composition of their system that consisted of settled way of life and from transportation, finding ways, building economy zone, formed conformity to law life.

KEY WORDS: language, writing, city, culture.

Ұлан-ғайыр жерге ие болып, көшпелі–отырықшы мәдениетті қалыптастырған түркілер әлемдік ғылымның толассыз дамуына түрткі болатын жаңалықтарды әлі күнге дейін паш етуде. Түркі тайпалары мен олардың құрамына енген ірі тайпалардың отырықшылық пен көшпенділіктен құралған жүйесі үйлесімдік тауып, далалық экономиканы құрып, өмір сүру заңдылығын қалыптастырды. Дала заңына бағынған түркі тайпаларының қол жеткізген мәдени бір шыңы қолөнер, сауда

\* Филология ғылымдарының кандидаты КИМЕР Университеті, Қазақстан, Алматы қаласы akmaral@kimer.kz.

шаһарларын белгілі бір қағидаға сүйеніп орнату, ирригациялық жүйелерді салу мен пайдалана білу өнері еді. Отырықшылық пен көшпенділікті бір-бірімен сабақтастырып, байланыстырған түркілер екі құрылымның ара салмағын теңдей дәрежеде ұстап, дамытуға тырысқан көрінеді. Кең даланың бір жағында қалалар тұрғызылып, шаһардың тіршілігіне сай ирригациялық жүйелер салынып, сауда-саттық пен қолөнер қарыштап дамып, қанатын жайып гүлденсе, екінші жағынан оның тыныс-тіршілігі, күре тамыры іспеттес өз заңдылығына ие көшпелі тайпалардың өмірі жүріп жатты. Мәселен, түркілердің отырықшы мәдениеті бағзы замандардан “түркі елі” деген ұғым қалыптаспаған кезеңнен әлдеқайда бұрынырақ кең етек алғандығын бізге бір ғана Сыр мен Әмудария өзендерінің бойынан табылған қалалар дәлел бола алады. Ғалымдар осы өңірден антикалық дәуірге ( б.з.б. I мыңыншы жылдар мен б.з. V ғасырды қамтитын кезең) жатқызатын көптеген қалалардың орнын тауып, оларды түркілердің бабалары салған деген тұжырым барын осы жерде айта кету керек [Шәлекенов 2003:93]. Талас, Шу өзендерінің бойында археологиялық деректерге сүйенсек, антикалық дәуірде салынған қалалардың қатарына Топырақ қаланы (б.з. III және IV ғғ.), Қият қаласын, Кюзалиғыр (Күзелиқыр) бекінісін, қаңлы заманына жататын антикалық Жанбасқала, Құрғаншы-қала, Базар-қала, Қой қырылған секілді тағы да басқа қалалар мен қала типтес мекендер жатқызылады. Түркілердің бабалары отырықшы өмірге бейім болып, қалалар салғандығына сонымен бірге, Сырдарияның төменгі ағысында скиф (сақ) тайпаларының мәдениетіне қатысы бар Жетіасар, Чирик-рабат, Бабши -мулла, Баланды және Барақ-там ескерткіштері де нақты дәлел бола алады деген пікірдеміз. Бұл дегеніміз қаңлы, үйсін заманы деп аталатын кезеңдердің өзінде түркілердің бабасы болып табылатын тайпалардың отырықшы қалалары мен орталықтары болған деген сөз. Мәселен, бір ғана Отырар өлкесінде археологтармен елуге жуық қалашықтар табылған көрінеді. Қалалардың өмір сүру уақыты туралы кеңестік дәуірдегі ғалым А.Н.Бернштам: “Древнейшие следы жизни в этом районе относятся к I тысячелетию до н.э. когда здесь впервые стали складываться оседлоземледельческие поселения. Много из появились к рубежу нашей эры, когда и по всей Средней Азии возникло много поселений. Это было время господства в Средней Азии величественной Кушанской империи (кушанская империя – государство Средней Азии I-IV веков н.э. Кушанское государство состояло из племен усунь

(кушан) и юечжи (тохары), согдицев и др.)”- дей келе, “Отырар деген атау түркілерге дейін пайда болған атау көрінеді” деген болжам айтады [Бернштам 1954: 290] . Түркілерге дейін пайда болған қала мен өзен –көл, тау т.б. секілді жер бедерлеріне қатысты атаулардың көптігі бізге осы өңірде мәдениеті жоғары деңгейге жеткен тайпалардың өмірі мен тарихының хабаршысы іспеттес. Мәселен, түркі тайпаларының негізін құрауға ат салысқан жергілікті тайпа - үйсіндердің ірі мемлекеті Жетісу жерінде өмір сүргендігін бізге осы өңірдегі қала, мекен, жер мен судың Үйсінтау, Мерке, Шығу секілді атаулары дәлелдей алады десек қателеспейміз. Мәселен О. Қауғабаев “Мерке” сөзі ертедегі үйсін тайпаларының бірі дейді [Қауғабаев 1997: 89].

Жалпы осы өлкеде мұндай тарихтан көрініс беретін сөздер молынан кездесетінін айта кету керек. Сондықтан мысал ретінде келтірілген тілдік деректерді бір жағынан Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу жерін қамтитын территорияда кезінде ірі мемлекеттік дәрежесі бар қаңлы, үйсін секілді тайпалардың сөзі, тілі мен жазуы болғандығын көрсететін белгілер деп қабылдағанмыз жөн. Кезінде мәдениеттің биік шыңына қол жеткізген тайпалардың белгілі бір заңдылыққа сүйеніп, жүйеге түскен тілі болған дейтұғын пікірлерді белгілі ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. Мәселен А.Н.Бернштам: Қазақстан мен Жетісу жерінде мекендеген тайпалардың бір-біріне түсінікті ортақ тілі болып, олар үндіеуропа тілінде сөйлеген дейді. Ғалым осы бағытта: “Эти люди говорили на одном из индоевропейских языков –на языке северном, иранском (по другой терминологии - на северно-восточном, иранском). Они имели свою самобытную культуру”-дей келе, түркі тілі мен жазуы Жетісу жеріне түркі тілді ғұндармен бірге келген деп тұжырымдайды [Бернштам 1954: 266]. А.Н.Бернштам бір-біріне түсінікті ортақ тілді үндіеуропа тілі деп есептегенмен, біздің ойымызша, “ортақ тіл” түркі тілі не түркі тіліне негіз болған тіл деген пікірдеміз. Ал үндіеуропа тілі Қазақстанның оңтүстігінде қаңлы, үйсін тайпалармен бірге қатар мекендеген тайпаларға қатысы бар көрінеді. Әсіресе Сыр, Арыс секілді өзендерінің бойында қаңлылармен қатар өмір сүрген тайпаларымен тікелей байланысты болса керек. Жергілікті түркі қаңлы, үйсін тайпаларының түркі тілдес ұлттар болғандығын Су Бихай өзінің еңбегінде атап өтіп, аталған тайпалар өздерінің ру таңбаларын жазудың қалыптасуына негіз ретінде алып, пайдаланған дейді. Мәселен, Су Бихай осы бағытта: “ Үйсін, Қаңлылар алғашқы дәуірден таптық қоғамға

карата ілгерілегеннен бастап- ақ, ру тайпалардың бастапқы таңбасын пайдалануды негіз етіп, бірте-бірте өздерінің жазу әрпін қалыптастырғанын аңғаруға болады”.-дейді [Су Бихай 2001:552]. Осы заманда табылған археологиялық зерттеулерге карағанда, Қазақстанның кең даласының біраз жерінде табылған тас, кірпіш, теңге ағаш тақтайшаларындағы белгілі бір түрдегі таңбаланған жазулар бізге осы жазулардың түркі жазуына қатысы бар деген ойға жетелейді. Бұл жазулар әсіресе Қазақстанның оңтүстігі мен Талас өңірінен, Арыс пен Сырдария өзенінен, Жетісудың шығыс оңтүстік аймағы мен Іле өзенінің орта бөлігінің оң жақ жағалауынан көптеп ұшырасқан. Кеңестік дәуірдің кейбір ғалымдары аталған өңірлерде табылған: Есік жазуы, Ақтастағы таңбалы тас, Қаратұма бейітіндегі тастағы жазу, Талас ескерткіштеріндегі жазуларды ежелгі көне түркі жазуы мен көне түркі тілі болуы мүмкін деп тұжырымдауда.

Біз білетіндей бұл жазбалар табылған мекендер көне сақтар мен үйсін, қаңлылардың қоныстанған жерлері болып табылады. Аталған жайдың өзі бізге, әрине, маңызды көрсеткіш. Ескерткіштердің қай тайпаға тиесілі екендігін бір табан болса да айқындап беруге жәрдем беретін көрсеткіш. Жалпы Жетісу жерінде мекендеген жергілікті түркі қаңлы, үйсін, алаң тайпалары жалпы түркі тайпаларына ортақ тіл-түркі тілінде сөйлеп, жазу сызуы дамыған, қажетті деңгейде пайдалана білгендігін бізге осы өңірінде табылып ғылымда Талас ескерткіштері деп аталып кеткен түркі жазбалары да дәлелдей алады десек қателеспейміз. Бұл жазбалардың өзі байырғы үйсін, сақ, қаңлы тайпаларының мекендеген жерінде табылғандығы өз алдына маңызды тарихи фактор болса, екінші жағынан осы тайпалардың жазуы шындалғандығын көрсететін белгі іспеттес. Жалпы осы жерде Жетісу жерінде алғашқы мәдениет бесігі болғандығын ғалымдардың тұжырымы барын да айтып кетсек артық болмас. Олардың бұл тұжырымдарының айтылуы да сақ, бертін келе үйсін, қаңлы тайпаларының мәдени қазынасына сүйенгендігінен болса керек. Мәселен, үйсін мен қаңлы заманына дейінгі сақ заманында Жетісу жерінде мәдениеті өте жоғары деңгейде дамыған тайпалар өмір сүргендігін археологтар сан рет дәлелдегеніне куә болғанымыз анық. Сондықтан олардың жазуы болуы да әрине заңды. Су Бихай бұл жазуды көне түркі жазуы деп атап: “ Мазмұны белгісіз болса да, қазақтың арғы ата- бабасы – Сақтар мен Үйсіндердің заманымыздан бұрын- ақ белгілі нұсқадағы жазуы болғандығын дәлелдейді”-дейді. Сондықтан Талас жазбаларын

осы тарихи сабақтастықтың ескерткіштері деп ұққанымыз жөн. Талас жазбаларын ғалымда сөз еткен ғалымдардың бір қатары түркі жазбалары деп танығанымен жазбаларды Енисей мен Алтайдан көшіп келген түркі тайпалармен (қырғыз, ғұн) байланыстыруы да кездеседі. Бұл біздің ойымызша, жоғарыда сілтеме жасап кеткен А.Н.Бернштамның ғылымда қалыптастырған бағытымен пайда болған тұжырым болса керек. Ғалымдардың пікірінше, бұл жазбалар Енисейдегі Минусин қойнауында өмір сүрген түркі қырғыз тайпасының Жетісуға келген көшімен тығыз байланысты болып, оны осы өлкеге көшіп келгенде пайдаланған деседі. Енисей қырғыздарының бізге белгілі алғашқы мекені Минусин қойнауының өзінде түркі таңбалары мен түркі әріптері түскен жазулар көптеп кездеседі [Евтюхова, 1954:193]. Байқағанымыздай дәл осындай жазулар мен алғашқы түркі жазуының бесігі деп айтуға тұрарлық Жетісу жерінде табылып отыр. Бұл бір. Екіншіден, Енисейден көшіп келген түркі тайпасы енисей қырғыздары мен ғұндардың Жетісу жеріне Тянь-Шаньның етегі мен Жетісу жерінде алғаш рет пайда болып, тұрақты қонысқа айналуы жөніндегі әр түрлі болжам мен пікірлер орын алуымен байланысты. Мәселен, А.Н. Бернштамның Кенқолда табылған археологиялық деректер негізінде қырғыздар алғашқы ғасырларда көшіп келген деген пікірі бар. Ал, В. Бартольд Тянь-Шаньда қырғыздарды тек ХҮІ ғасырда ғана пайда болды деп тұжырым жасайды. Белгілі ғалым Н. Аристов қарақыздарды қырғыздардың бір тармағы деп, оларды ерте дәуірлерде көшіп келген дейді. Н.А.Аристов : “нушиби были усуни и что истинное их народное имя было всегда кыргыз”-дейді. В.Бартольд Н.Аристовтың бұл болжамына күмәндана қарап, қырғыздардың Тяньшань мен Солтүстік Қырғызстанда өмір сүрген үйсіндердің арасында пайда болуын ежелде ғұн қолбасшысы-шаньюй Чжи-чжидің бағындырып алып, өзімен бірге үйсіндерге қарсы шабуылында цзянькунь тайпасы болған дейді. Цзянкунь тайпасын Чжи-чжи Тяньшаньда басып алған көрінеді деп топшылайды. Ғылыми еңбектерге сүйенетін болсақ біздің эрамызға дейінгі 47 жылы солтүстік ғұндармен бірге цзянькунь тайпасы Қырғыз Алатауының баурайына келген. Оны А.Н.Бернштам еңбегінің өзінен көре аламыз. Ғұндардың солтүстік әскери тармағын басқарған қолбасшы Чжи-чжи әскерінің құрамына қырғыздар енген. Осы тұста үйсін тайпасы туралы айтқанда ғалымдардың екі түрлі : кең және ауқымы шағын ұғымды қамтитын ескеруін қажет деген тұжырымы еске түседі. Бұл тұжырым бізге Талас



жазбаларын зерттеуге көмектесіп, түркі жазбаларын кенірек басқаша айтқанда кешенді түрде қарастыру керек деген өзекті мәселенің басын ашып береді. Өйткені осы күндері Талас жазбаларын тілдік дерек ретінде қарастыру өз алдына, аталған жазбалардың ең алдымен этникалық, жағрафиялық тұрғыдан сан сауалды туғызатын ескерткіштер екені анықтылып отыр.

#### ӘДЕБИЕТ

1. У.Шәлекенов Түріктердің отырықшы өркениеті, Алматы 2003, С.93.
2. А.Н.Бернштам В горах Памира и Тянь-Шаня. По следам древних культур, Москва 1954, С. 290 .
3. О.Қауғабаев Қарқара. “Ақиқат” журналы. 1997, № 6: 89
4. А.Н.Бернштам В горах и долинах Памира и Тянь-Шаня. По следам древних культур. 1954, С. 266.
5. Су Бихай Қазақ мәдениетінің тарихы, Алматы, 2001, С.552.
6. Л.А.Евтюхова Южная Сибирь в древности. По следам древних культур ( От Волги до Урала). 1954, С. 193 .
7. А.Н.Бернштам. В горах и долинах Памира и Тянь-Шаня. По следам древних культур, Москва, 1954, С.52 .

## XXI ҒАСЫР ТҮРКІ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы\*

### Actual problems of Turkic linguistics of XXI century

#### ABSTRACT:

The article deals with topical problems of modern Turkic linguistics using an integrated approach. The author rises and updates in Turkic continuity the problems related to the determination of the periods of the historical development of Turkic languages in the diachronic aspect, systematization of classifications in glotochronologic and glotogeneologic aspects, Turkic terminology, theory of Turan language union, Turkic lexicography, lingvoecology of small Turkic peoples as well as the development of the field linguistics of Turkic languages.

KEY WORDS: linguistic turkology, Turkic languages, glottochronology, glotogeneology, Turkic terminology, Turkic lexicography, lingvoecology.

Түркітану – адамзат өркениетіндегі түркі мәдениетінің сүбелі орнын теориялық тұрғыдан негіздейтін әлемдік гуманитарлық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлігі, батыс мәдениеті мен шығыс мәдениетін ұштастыратын айырықша сипаттағы аралық мәдениеттің ғылыми тұғыры. Түркологиялық бағыт-

\* Филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түркітану кафедрасының профессоры. E-mail: mag61103@inbox.ru

тағы ғылыми-зерттеулерді жүйелі түрде жүргізу түркі халықтарының өткені мен бүгінін қамтитын тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, басқа да рухани-мәдени және материалдық құндылықтар жүйесіне қатысты кешенді ғылыми білім жүйесін қалыптастырумен ұштасып, этно-лингво-мәдени тегі бір түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы мен рухани тұтастығын қамтамасыздандыруға бағытталған жалпытүркілік идеологияның негізін құрайды.

Түркі халықтарының жартылай көшпелі өмір салты мен саяси-әлеуметтік жағдайына байланысты XI ғасырда Махмұд Қашқари шығармашылығынан басталып, ХҮІІ ғасырға дейін классикалық араб филологиясымен сабақтастықта дамыған лингвистикалық түркітану біраз уақыт кешеуілдеп барып, жалғасын тапты. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда Еуропа мен Ресейдің саяси мүдделеріне байланысты түркі тілдерін, түркі жазба ескерткіштерін зерттеу мәселесіне мән берілгені белгілі. Түркі халықтарының негізгі бөлігі Кеңес үкіметінің құрамында болуына орай ХХ ғасырдың 20-25 жылдарынан бастап ерекше қарқынмен дамыған кеңестік түркітану (тіл білімі) үлкен ғылым саласына айналды.

Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін, түркі тілдерін, түркі жазба мұраларын зерттеу ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына дейін негізінен басқа ұлт өкілдерінің, шетел ғалымдарының үлесінде болды. Саяси-әлеуметтік жағдайларға және академиялық ғылыми дәстүрдің кешеуілдеп қалыптасуына байланысты түркі халықтары өкілдерінің өз елінің тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерттеуге мүмкіндігі аз болды (Түркия ғалымдарынан басқа). Бұл мәселе де түркі халықтарының, олардың тілдерінің табиғи болмысы мен тарихи даму жолын анықтаудағы еуроцентристік көзқарастардың қалыптасуына алып келді.

Кеңес үкіметі кезінде жаңа жазу жүйелерінің енгізілуі, соған сәйкес жаңа емлесілік ережелердің қалыптасуы, түркі халықтары тілдерінің табиғи дыбыстық жүйесіне көп өзгерістер әкеліп, кейбір тілдердің қолданыс аясын біршама тарылтқанымен, ұлттық кадрлардың қалыптасуы, әрбір түркі тілінің терең зерттелуі, түркі тіл білімінің аясында академиялық деңгейдегі салалық тіл білімдерінің (қазақ тіл білімі, өзбек тіл білімі, түркімен тіл білімі, қырғыз тіл білімі, әзірбайжан тіл білімі т.б.) қалыптасуы осы кезеңнің жемісі.

1991 жылдан кейін түркі тілдерін зерттеудің бағыт-бағдары жаңаша сипат алды. Әсіресе дербес мемлекетін құрған түркі

халықтары тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында жұмыстар жүргізіп келеді, түркі тілдерінің тарихына, көне түркі, орта ғасыр түркі жазба мұраларын зерттеуге қатысты жіберілген олқылықтар мен бұрмалаушылықтарды тарихи ақиқат тұрғысынан зерделеу қолға алынуда. Қазіргі түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтары мен ұлттық рухы ежелгі жалпытүркі әлемінің рухани құндылықтарынан бастау алатындықтан ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіріп, жалпытүркілік ұлттық сананың берік қалыптасуын қамтамасыз ету түркілік тектілден тараған ана тілдерінің тарихи даму жолын саралай білу деңгейіне байланысты. Сондықтан түркі тілдерінің тарихына, жазба мұраларына, әліпби жүйесіне, түркі тілдерінің зерттелуіне қатысты мәселелер жалпытүркілік континуумда қарастырылуда. Бұл түркі тіл білімінің проблемасы шешілді деген сөз емес екені белгілі. Ұзақ жылдар бойы басқа мәдениеттің ықпалында болып, суперэтностық тұтастығына нұқсан келген түркі халықтарының тілін зерттеуге қатысты әлі де шешімін таппаған өзекті мәселелер ХХІ ғасыр түркі лингвистикасының үлесінде. Лингвистикалық түркітанудың заманауи проблематикасы диахрониялық, синхрониялық зерттеулерді де, ғылыми-теориялық және қолданбалы-практикалық бағыттағы мәселелерді де қамтиды:

общественно-политических, экономических, культурных связей между Башкортостаном и Кыргызстаном. В августе 2014 г. состоялась встреча Президента Республики Башкортостан Р.З. Хамитова с Чрезвычайным и Полномочным Послом Кыргызской Республики в Российской Федерации Б. Джунусовым. В Доме Дружбы народов РБ были обсуждены вопросы, волнующие кыргызскую диаспору Башкортостана, а также намечены планы дальнейшего сотрудничества. С 5 по 12 сентября 2014 г. состоялся визит официальной делегации Республики Башкортостан во главе с Президентом Республики Башкортостан Р.З. Хамитовым в Кыргызскую Республику для участия в торжественных мероприятиях, посвященных открытию Всемирных игр кочевников, а также презентации Республики Башкортостан. В начале декабря 2014 г. в Уфе с ответным визитом побывал премьер-министр Кыргызстана Д. Оторбаев. Во время встречи были обсуждены вопросы, касающиеся взаимодействия в области сельского хозяйства, торговли, туризма, гуманитарной сферы и др. 3-6 марта 2015 г. в Кыргызстане прошли Дни культуры и науки Республики Башкортостан.

Таким образом, то затухая, то вновь усиливаясь в силу ряда объективных и субъективных причин, историко-культурные взаимосвязи между двумя республиками продолжают развиваться. Переходя на новый качественный уровень, такие взаимодействия призваны сыграть положительную роль в сохранении мира и согласия между народами в современном геополитическом пространстве, когда все вокруг нестабильно и хрупко.

#### ЛИТЕРАТУРА

- Абдрафикова Г.Х. Башкирско-узбекские и башкирско-киргизские литературные связи // Исторические и историко-культурные связи башкир с народами стран ШОС и БРИКС. Уфа, 2015.
- Исянгулов Ш.Н. Башкирско-киргизские этнополитические и исторические связи с древнейших времен до начала XXI в. // Исторические и историко-культурные связи башкир с народами стран ШОС и БРИКС. Уфа, 2015.
- Сабирова З.Р. Развитие башкирско-таджикских связей в XIX – начале XXI в. // Исторические и историко-культурные связи башкир с народами стран ШОС и БРИКС. Уфа, 2015.
- Абдрафикова Г.Х., Сабирова З.Р. К проблеме изучения арабиграфических письменных памятников Южного Урала об истории края // Теоретические и прикладные вопросы образования и науки: сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 31 марта 2014 г.: в 13 частях. Часть 3. Тамбов, 2014.
- Кыргызская литература. Эл. ресурс. Режим доступа: [www.kyrgyzstantravel.net/](http://www.kyrgyzstantravel.net/)

culture/literature-ru.

- Сафуанов С.Г. О взаимосвязях литератур тюркоязычных народов СССР / Взаимодействие культур народов Поволжья и Приуралья. Казань, 1976.
- Хусаинов Г.Б. Творческие связи башкирской литературы в XIII – XVIII вв. // Гуманитарий: Литература. Духовная культура. Фольклор. История. Археография / авт. вступ. статьи Г. Кунафин. Уфа: Гилем, 2008.
- Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. - 1917). М., 1986.
- Кронгардт Г.К. Население Киргизии в последней трети XIX — начале XX века. Фрунзе, 1989.
- Ярков А.П. Татары и башкиры в Кыргызстане: историко-культурный портрет. Ч. 1. Бишкек, 1996.
- Надергулов М.Х. Рафики Гали Лутфрахманович // Башкирская энциклопедия. Т. 5. П-С. Уфа: «Башкирская энциклопедия», 2009.
- Валиди Тоған З. Воспоминания: Кн. I. Уфа, 1994.
- Салихов А.Г. Научная деятельность Ахметзаки Валиди в России. Уфа, 2005.
- Инан Абдулкадир. Библиографический указатель / Сост. А.Г. Салихов. Уфа, 1996.
- Мифтахов Н.К., Шакуров Р.З. Мифтахов Каюм (Габдулкаюм) Гайнанович // Башкирская энциклопедия. Т. 4. Л–О. Уфа: «Башкирская энциклопедия», 2008.
- Документы и материалы по истории башкирского народа (1900–1940) / Сост.: М.М. Кульшарипов и др. Уфа, 2012.
- Сафуанов С.Г. Мосты духовные. Уфа, 2006. На тат. яз.
- Мокрынин В., Плоских В. Клады в Кыргызстане: мифы и реальность. Бишкек, 1992.
- Сафуанов С.Г. Киргизско-башкирские литературные связи // Тюркология-88. Тезисы докладов и сообщений V Всесоюзной тюркологической конференции (7–9 сентября 1988 года). Фрунзе: «Илим», 1988.
- Шафиков Г.Г. Айтматов Чингиз Торекулович // Башкирская энциклопедия. Т. 1. А-Б. Уфа: «Башкирская энциклопедия», 20

## АРХЕТИПИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КРАСОТЫ И МУДРОСТИ ХУМАЙ В ЭПИЧЕСКИХ СКАЗАНИЯХ

Абулгатина Зилия Ревалевна\*

### Archetypal features beauty and wisdom of Huma of the epics

#### ABSTRACT:

At all times the beauty and wisdom of women occupied the highest pedestal. Indeed, women's purpose - to illuminate the world of beauty and wisdom. In the article on the example of the image of Humay in epic tales proved the strength and nobility of the female image.

KEY WORDS: Folklore, epic, Humay, beauty, wisdom.

\* Аспирант отдела фольклористики Института истории, языка и литературы Уфимского научного центра Российской академии наук. E-mail: abulgatinaz@mail.ru



Культ женской красоты - один из основных концептов в мировоззренческой сфере народов, получивший многообразное отображение в мировом эпическом творчестве. Многовековой духовный опыт и представления о красоте традиционно передаются через образы основных героинь эпоса, обобщая эстетические, а также морально-нравственные взгляды народа. Ибо красота духовная в фольклоре всегда выражена во внешнем облике, за исключением отрицательных персонажей (оборотни, ведьмы, водяные). В «Толковом словаре современного башкирского языка» красота трактуется как 1) красивая внешность и 2) качество, дающее наслаждение душе [Хэзерге башкорт теленең аңлатмалы һүзлеге 2004: 528]. Почти в каждом из фольклорных произведений действует женщина, обладающая неотразимой красотой, занимает, наряду с основным героем, центральное место и участвует в динамике событий. Хумай, Айхылыу, Хыухылыу, Наркас, Тандыса, Мактымхылыу – это мифические героини, которых отличает, прежде всего, выдающаяся красота и обаяние.

Столь активное место красоты в фольклоре связано с древними культовыми представлениями, мифологизацией красоты как значимой и функциональной категории. Она культивируется равно недюжинной физической силе батыров, прославляется в высоком слого кубаиров, песен, сказок легенд. Известный фольклорист Р.А.Султангареева отмечает почитание высокого статуса женщины, связывает функциональную роль и место красивой женщины – как возбудителей новой жизни в весенних празднествах, обрядах. Особое внимание уделяется поклонению в лице женщины стране, родной стране – Иль [Султангареева 2012: 131]. Созвучное слово Хэлль - это культовое имя греческой богини, покровительницы страны. Именно красивая женщина имела право определять победителя основных соревнований [Лепехин 1802: 26]. Возникшие спорные вопросы о праве владения платком из рук женщины решали борьбой или состязанием лука. В этот момент «Шест с платком в руке держит женщина или девушка, славящаяся красотой, щегольством и искусством в рукоделии [Черемшанский 1859: 157]. Таким образом, в обрядовом фольклоре сохранены следы культового почитания красоты как имеющей в древности особую силу влияния и значение высокого права.

В башкирском фольклоре отразились многовековая мудрость и чаяния народа, а также ярко воплощен идеал

женской красоты [Юлдыбаева 2011: 119]. В башкирских эпических сказаниях «Урал батыр», «Акбузат» необыкновенной красотой и мудростью отличается Хумай.

Божество Хумай в разных вариантах (Умай, Убай, Ымай, Май, Юмо) широко распространено в фольклоре, языке не только тюрко-монгольских народов, но и финно-угорских, ираноязычных народов и имеет древнее происхождение. Впервые оно зафиксировано в орхоно-енисейских памятниках [Галин 1999: 31]. Божество Умай, связанный с культом плодородия и покровительницы детей, встречается в киргизском эпосе «Манас» [Галин 1999: 32]. Связь с материнским началом хорошо прослеживается и на материале монгольского языка и фольклора. Так, в монгольском языке термин умай известен в значении «утроба матери», «матка», а в эпосе Чингис-хан называется сыном Умай, чрево которой воспевается как золотое [Галин 1999: 32].

В башкирских эпических сказаниях «Урал батыр» и «Акбузат» Хумай – мифическая птица, покровительница. В эпосе «Урал батыр» примечателен эпизод, когда в облике лебедя Хумай попадает в руки Янбирде и Янбике. Когда Янбирде, опутав ноги, собирается отсечь ей голову, то она плача, знакомит себя:

Самрау тигән батшаның  
Һомай тигән кызымын;  
Алтын сәсем таркаһам,  
Нурға илде күмәмен:  
Көндөз ергә нур һибәм,  
Кисен айға нур бирәм [Урал батыр 2005: 17].  
Дочь я царя, чье имя Самрау,  
А зовут меня Хумай;  
Если волосы разовью,  
Лучами златыми всю землю залью.

Утром я тороплю зарю,  
Ночью свет я луне дарю [Башкирское народное творчество 1987: 47].

Хумай – божественная девушка. Ее красота обозначена солярными знаками. Это традиционная особенность в фольклоре, когда сила невиданной красоты соотносится с образами небожителей - Солнцем, Луной, звездами. Восторг, восхищение, сильные эмоции восприятия красоты, как наиболее поразившие воображение, позволяют охарактеризовать прекрасных женщин в ореоле небесных светил. «Хумай землю

золотыми лучами заливают, будит зарю, а вечером дарит луне свет».

Красота девушки и сила красоты даются глазами других, через восприятие двух братьев – Урала и Шульгена. Хумай восхищает Урала:

Уның усма шәлкемдәй,  
Енсегене капларзай,  
Кәйтән менән бизәлгән:  
Сәс толото һалынған;  
Озон керпеге үтә  
Кара күзе текәлгән;  
Уйнап торған кыйғас каш  
Күз өстөндә йылмайған;  
Төртәйешкән калкыу түш  
Күз алдында тулкынған;  
Бал кортондай нәзек бил:  
Борғоланып уйнаған;  
Гүйә күптәнге танышы,  
Көмөштәй саф тауышлы [Урал батыр 2005: 59].

Необъятная, как водопад,  
Сбросишь вниз – упадет до пят,  
Монетами унижена вся  
Ниспадающая коса;  
Черных глаз обжигающий взор  
Сквозь ресницы смотреть в упор;  
Над глазами парящие брови  
Улыбаются с любовью.  
А упругая грудь налитая,  
Словно волна речная, играет;  
Стан ее тонкий, как у пчелы  
Своей подвижностью удивляет;

Голос будто давно знаком –  
Переливается серебром [Башкирское народное творчество 1987: 83].

В описании дочери Солнца - Хумай отражены представления и идеалы о невиданной красоте, неотразимости. Все художественные средства, сравнения имеют особое значение и функции, обобщаются в так называемых семиотических кодах, «служащих для выявления символики, первоначальной скрытой информации» [Захарова 2004: 35]. По данному тексту описания Хумай мы выделяем энергетический код (сияющие глаза, ясный, обжигающий взор, играющие брови, извивающаяся та-

лия), звуковой код (голос переливается серебром), насекомый, птичий код (пчелиная талия), предметный код (монетами унизана коса). Такие характеристики традиционно применяются и в описании других красавиц. Сравнения, эпитеты, применяемые для создания положительного образа, отражают жизненные наблюдения, привычные картины жизни и окружения природы.

Во всех случаях первой встречи основных героев с красавицами происходит потрясение силой красоты, она привораживает, останавливает время, заставляет на время забыть героев. Этот акцент имеет функциональное значение как знак обновления, перехода героев на новый уровень восприятия жизни и подготовки к поступкам. «Приворожить можно сверхъестественным проявлением своей силы, необыкновенно красивой внешностью и даже одним лишь взглядом, волшебным словом или магическим воздействием на другого человека», отмечает С.Бадретдинов [4] Своей красотой Хумай очаровывает Урал батыра. Красота дочери Солнца становится причиной возникновения большой любви. Преимущество в женитьбе на прекрасной девушке получает Урал батыр, наделенный недюжинными способностями, и именно он удостоивается права продолжения героического рода. Так проводится идея сообразности и равноправности силы красоты и силы физической.

Хумай в силу своей красоты и качеств магических превращений (знак сверхъестественности и единства с природой) имеет влияние на мифического божественного коня Акбузата (может его позвать, поговорить, подарить, ласкать). Информативно то, что она владеет булатным мечом – это знак того, что Хумай - воительница и храбрая защитница своего пространства. Так обобщается идея красоты как знаковой силы во имя защиты добродетели и покровительства. Овладение конем и оружием – знак избранных и знак статуса высокой посвященности. Прежде чем подарить эти достояния, Хумай ставит условия, чем подвигает Урал-батыра на великие подвиги. В этом эпизоде проявляется архетип женщины-повелительницы, покровительницы и царицы.

Булат кылысын алалһаң,  
Шундай батыр булалһаң, -  
Бузым бүләк кылайым;  
Атама әйтеп туй яһаң,  
Үзеңә йәр булайым [Урал батыр 2005: 78].  
Если из ножен вынешь меч,

Притороченный к луке седла,  
Скинешь его над собой ,-тогда  
Будешь признан батыром ты,  
Перейдет к тебе конь навсегда.  
Я отцу моему скажу,

Что, мол, замуж выхожу [Башкирское народное творчество 1987: 99].

Особая красота Хумай имеет особую силу влияния и власти. Только после благословения Хумай и преподнесения знаковых даров, т.е. оказания доверия, Урал-батыр достигает решающих, дающих ему право звания Батыр, побед. Благодаря мудрости и поддержке Хумай, Урал батыр побеждает дивов. Днем и ночью он сражается с нечистью, заполнившей землю. Акбузат выносил его из битвы, когда он уставал и вихрем мчался в бой, когда Урал батыр набирался сил. Урал вдохновлен любовью богини, в руках его – не знающий поражения меч, с ним верный его друг – Акбузат.

В глазах Шульгена Хумай сравнивается с ночной светилой - Луной, отсюда в описаниях красоты превалирует лунарная символика. Символика темного времени суток отображает как время встречи, так и намерения Шульгена .

Йөзө айзай балкыған,  
Күкрәктәре кабарып,  
Һылыу булып калкыған.  
Тирә-яғы бар кыз за,  
Һарай алды бар ер зә  
Шул һылыузан йәм алған,  
Бары шунан йәнләнгән  
Һымак төслө тойолған,  
Әйтерһең дә бар донъя  
Уға карап әйелгән [Урал батыр 2005: 57].

Лицо сияло ее, как луна;  
Нежно набухшая грудь  
И округла была, и полна.  
И казалось, что все кругом –  
И подруги в платьях своих,  
И все, что окружало их, -  
Озарялось ее красотой,  
Ее целомудренной чистотой;  
Будто весь мир пред девушкой той

Голову низко к земле клонил [Башкирское народное творчество 1987: 80].

Преклонение перед красотой Хумай символично передано изображением низко склоненных голов перед Хумай. Таковая картинность отображения явлений – характерная черта в эпосотворчестве, в целом, в фольклоре.

Еще одно проявление красоты Хумай в рождении сына Иделя. Материнство мифологической женщины имеет глобальное значение в мироустройстве. Именно она продолжает род: «от батыра батыр родится, поколение таких сыновей всесильным будет в стране своей». Хумай – мать Иделя – главной реки, полноводной, сильной. Таким образом осознается магическое и божественное происхождение реки, олицетворяющей единство мужского и женского начал.

Хумай – мифическая женщина-прообраз верной завещаниям мужа супруги. После смерти Урал батыра Хумай навсегда осталась в облике птицы и покинула страну. Лишь спустя много лет, соскучившись по мужу, она прилетела на Урал, вывела птенцов, и размножилось от нее лебединое племя. Более того, сказав, «там спокойная страна», Хумай привела туда других птиц, и с тех пор Урал стал благодатным краем, полным дичи, птиц, животных. Иными словами, в эпосе «Урал батыр» Хумай выступает как родоначальница лебединого племени. «Здесь сохранился также весьма архаический мотив партогенеза, который относится к одному из древнейших мотивов: лебеди появляются из снесенных Хумай яиц, которые были оплодотворены воздухом» [Лепехин 1802: 15].

В эпосе «Акбузат» Хумай не играет активной роли. Она попадает Хаубану в облике большой птицы с ранеными крыльями и просит его о помощи. Хаубан смазывает ее крылья пеной изо рта Акбузата, и раны у птицы заживают. Далее она рассказывает Хаубану о себе, муже Урал-батыре, сыновьях. Так в сюжете «Акбузат» по рассказу Хумай дается краткое содержание эпоса «Урал батыр». В данном случае в образ Хумай вложены идеалы мудрой, верной жены Урал батыра и доброй наставницы Хаубана. В эпизоде запечатлена магическая суть поцелуя как способа перехода в новое качество и оживления. «Без алых юлдан кигэндэ барыбыз за кош булып осабыз. Килендәрем дә шулай. Ергә еткәс, ирзәребез үпһә, без үз хәлдәребезгә кайтабыз, [киренән] катын булабыз. Мин килеп еткәнсе, ирем үлгәйне, шуға мин үз хәлемә кайта алманым [Килендәремде уландарыбыз үпте – улар тағы катын хәленә инде]» [Башкорт халык ижады 1998: 174]. «Когда мы отправляемся в дальнюю дорогу, то превращаемся в птиц. И

невестки мои тоже. По возвращении их целуют мужа и они снова становятся женщинами. Пока я летела, муж мой умер, поэтому я не смогла принять прежнее обличье – птицею осталась» [Башкирское народное творчество 1987: 175].

Как известно, у красивой женщины в башкирском эпосе красивая, сильная любовь. Любовь Хумая к мужу, к сыновьям, отцу, матери и всему живому освещает и облагораживает, вдохновляет. Духовная и физическая красота Хумай является основой всех благородных начал в эпосе. Красота и мудрость Хумай в эпических сказаниях - вдохновляющая тема для создателей и носителей башкирского эпоса. Она в течение веков наполнялась новыми художественными решениями и образами. Эти описания действуют как определенные стереотипы для изображения Красоты – всесильной и могущественной силы в первотворении, эволюции человечества и приоритетах будущего.

#### ЛИТЕРАТУРА

- <http://cheloveknauka.com/otrazhenie-traditsiy-sozdaniya-semi-v-bashkirskom-folklore>
- <http://cyberleninka.ru/article/n/ideal-zhenskoy-krasoty-v-nartskom-epose-abhazoadygskih-narodov>
- <http://cyberleninka.ru/article/n/obraz-zhenschiny-v-buryatskom-geroicheskome-epose-geser>
- <http://www.vatandash.ru/?article=1924>
- Башкирский народный эпос / сост. А.С. Мирбалдаева, М.М. Сагитов, А.И. Харисов, автор предисл. А.С. Мирбалдаева; отв. Ред. Н.В. Кидайш-Покровская, М., 1997. 518 с.
- Башкирское народное творчество. Том 1. Эпос. – Башкирское книжное издательство, 1987. – 545 с.
- Башкорт халык ижады. Өсөнсө том. Эпос. – Өфө: Башкортостан “Китап” нәшриәте. 1998. – 448 бит.
- Галин С.А. Башкирский мифологический эпос: Учебное пособие / Башкирский институт развития образования. – Уфа, 1999, - 103 с.
- Захарова А.Е. Архаическая ритуально-обрядовая символика народа саха. – Новосибирск, 2004. с35.
- Лепехин И.И. Записки путешествия академика И.Лепехина по разным провинциям Российского государства в 1770 году – СПб, т4. 1802, с26.
- Мать и дитя у народов Башкортостана: Материалы межрегиональной научно-практической конференции, 30 марта 2001 г. Уфа, 2001. 364 с.
- Мирбалдаева А.С. Башкирский народный эпос. – М., 1977. – С. 23.
- Статус и роль башкирской женщины в современном мире / подлбшей ре. Р. А. Султангареевой, С.Г. Сабирьяновой, Г.Ф. Хилажевой. – Уфа: АН РБ, Гилем, 2011. – 160 с. – ISBN 978-5-7501-1274-6/.
- Султангареева Р.А. Весенне-летние обрядовые праздники // Ватандаш 2012. с 131.
- Урал батыр. Башкорт халык эпосы. – Уфа: Информреклама, 2005. – 120 б.



Хэзерге башкорт теленең анлатмалы һузлеге - Өфө, 2004. 528-се бит.  
Черемшанский В,М, Описание Оренбургской губернии в хозяйственно-статистическом , этнографическом отношениях –Уфа.1859,с157.

## «ДИУАНИ ЛУҒАТИ-Т-ТҮРК» ШЫҒАРМАСЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДА

Әлібекұлы Ақжігіт\*

### The work «Divanu lugat al-Turk» in Kazakh literary studies

#### ABSTRACT:

The article deals with translation and research on “Divanu lugati-t-Turk” in Kazakh literary studies and genealogy of M.Kashgari.

KEY WORDS: Karahanid Dynasty, dīwan, legends, songs, genre, translation.

Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашқари, Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды дарабоз ғұламалар өмір сүрген қарахандықтар дәуірі түркі өркениетінде ерекше құрметке ие. Түркі қағанатынан кейінгі қарахандықтар билігі кезінде рухани-әдеби шығармалар көптеп дүниеге келе бастады. X-XII ғасырларда Ислам дінін қабылдаған кейбір түркі тайпаларынан шыққан ақындар имандылық жолын жырлап, адамгершілікке шақырды. Осы дәуірде ауызша тараған Оғыз дастаны мен Қорқыт жайлы аңыздар хатқа түсті. Көнеден жеткен түркі жырлары Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғати-т-түрк” кітабына жинақталды. Біліктілік пен даналықты ту еткен Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білігі”, құдайды тануға үндеген Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметі”, тәлім-тәрбиеге мән беріп, ақиқатты жырлаған Ахмет Иүгінекидің “Хибат-ул-хақаиқы” ислам өркениетімен ұштасып, жаңаша леп әкелді. Тәрбиелік мәні ерекше бұл шығармалар ұзақ ғасырлар өз құнын жоғалтпады. Өлең сөзді қадір тұтқан түркі жұртына Құран қағидалары мен шариғат шарттарын, Мұхаммед пайғамбардың адамгершілік пен имандылыққа толы хадистерін таратып, түсіндіруде поэзия жетекші құралға айналды. Әдебиеттің қоғамдағы әлеуметтік-моралдық құны арта түсті.

Түркі халықтарының тіліне, тарихына, әдебиетіне,

\* М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, филол.ғ.к., доцент. alibekuly\_a@mail.ru

өнеріне, жалпы, түркі мәдениетіне қатысты жазылған Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» шығармасы түркология саласында орны ерекше. Ол түркі халықтарының әдеби, тарихи, мәдени мұрасының аса маңызды үлгісі ретінде бағаланады. Қашқаридің бұл еңбегін қарахандықтар дәуіріндегі басқа шығармалардан бөле-жара даралап қарастыруымыздың бірнеше себебі бар. Біріншіден, «Диуан» XI ғасырдағы түркі тайпаларының тілдік құрылымын, оның артықшылықтары мен ерекшеліктерін барынша нақты көрсеткен ғылыми түзілімі салмақты еңбек. Екіншіден, ол – сол дәуірдегі фольклорлық мұралар мен әдебиет үлгілерін тануда, түркі халықтарының тарихи және географиялық шеңберін анықтауда таптырмас дерек көзі. Үшіншіден, бұл еңбек арқылы ежелгі түркі тайпаларының дүниетанымы мен эстетикалық ерекшеліктері жөнінде де тұжырымдар түюге болады.

«Диуани лұғати-т-түрк» шығармасы түркі тілдерінің тілдік ерекшеліктерін, сөз жасау түзілісін, туынды және тудырушы сөздердің мән-мағнасын, қолдану аясын, бір мағыналы сөздің өзге түркі тайпаларында аталуын салыстыра қарастырған ғылыми лингвистикалық сөздік. М.Қашқари бұл еңбегінде құрғақ талдаумен ғана шектелмей әрбір сөзге түсіндірме жасағанда түркі тайпаларында қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері мен фольклорлық өлең-жырлардан дәйектер келтіріп отырады. Қашқарлық автор түрік сөздерінің жинағын құрылысы мен мазмұнына сай сегіз кітапқа бөліп, «Хамза кітабы», «Сәлим кітабы», «Мудоаф кітабы», «Мысал кітабы», «Үш әріпті сөздер кітабы», «Төрт әріпті сөздер кітабы», «Ғунналылар кітабы», «Суқунді сөздер кітабы» деп жіктеген. Десе де, кітаптың өн бойында түркі халықтарының тарихынан, мәдениетінен, әдебиетінен мағлұмат беретін деректерді көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да бұл жөнінде Х.Сүйіншәлиев: «Әсте, бұл кітапты тек тіл тарихы мүлкі деп қана ұғу жеткіліксіз. «Диуан» – сөздік қана емес, ол сонымен бірге XI ғасырдағы Орта Азия тайпалары жайлаған өлке халықтарының тарихы мен ол халықтардың әдебиеті үлгілерінен көптеген мәлімет берерлік маңызды дерек, тұңғыш әдеби жинақ. Әсіресе, мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны өзгеше. «Диуанда» халықтың мәтел сөздері барынша мол қамтылған және олардың көбі қазір қолданылып жүрген сөздер» [Сүйіншәлиев 1986: 5] – деп Қашқари еңбегінің әдебиеттанудағы орнын айшықтайды.

Махмуд Қашқаридің шығу тегі, туған жері, өскен ортасы туралы ғылымда әлі де талас көп. Кейбір ғалымдар, әсіре-

се шығыс түркістандық зерттеушілер, шығарма авторының есіміне қосылған «Қашқари (Қашқарлық)» атауына қарап, оны Қашқар қаласында немесе соның маңайындағы Опал, Адығ, Касы елді мекендерінің бірінде туып-өскен деп жорамалдайды. Бұл атау «Дианның» алғысөзінде *«Тәлиф-и Махмуд бин әл-Хусейн бин Мухаммед әл-Қашқари»* деп бір ғана жерде көрсетілген. Бірақ «Диуан» авторы Қашқари есімін өзі қолданды ма әлде бізге жеткен жалғыз шығарманы көшіруші Мухаммед бин Әбубәкір ибн Әбулфатх тарапынан алғысөзге қосылды ма бұл жағы осы уақытқа дейін белгісіз күйде қалуда. Себебі, сөздікте автор өзін әл-Қашқари деп көрсеткен емес. *Керісінше ол әкесі Барсхан қаласында туғандығын, Барсхан, Баласағұн, Шу қалалары туралы айтқанда «біздің жер», «біздің жайлау» деп жазады. Ал, Опал, Адығ, Касы туралы автор «біздің мемлекеттегі бір ауылдың атауы» деп анықтама береді.* Дегенмен ғылымда шығарма авторы Махмуд Қашқари есімімен танылды.

Махмуд Қашқари өзінің әкесі Ибраһим, атасы Мұхаммад екенін айта келіп, олардың әмір әулетінен шыққанын, ата-бабалары Саманилер жерін өз иеліктеріне қаратқанын жазып қалдырған. Қарахандықтар әулетінің тарихын зерттеушілердің соңғы пайымдарына жүгінсек, М.Қашқаридің дерегінде тарихи шындық бар екеніне көзіміз жетеді. Қағандық шежіре бойынша М.Қашқаридің арғы тегі **Білге Құл Қадыр ханға** барып тіреледі. Ол өзін қаған деп жариялап, билікті қолына алады. Білге Құл Қадыр хан өмірден озғаннан кейін балалары арасында билік үшін тартыс басталып, екі баласы негізгі күшке ие болады. **Базыр Арсылан хан** Баласағұнды, Оғылшақ Қадыр хан Таразға билік жүргізеді. Базыр Арсылан ханның баласы **Сатұқ Бұғра хан** Қарахандар әулетінің негізін салушы ретінде тарихта белгілі. Сонымен қатар ол түрік қағандарының ішінде алғаш мұсылмандықты қабылдаған және Түркістан мен Қашқар өңіріне Ислам дінін таратқан [Тәзкире-и Бұғра хан 2007: 51-56]. Сатұқ Бұғра хан қайтыс болған соң таққа ұлы Мұса отырады. Мұсадан кейін билікке оның баласы Әли Арслан хан келеді.

Сатұқ Бұғра ханның екінші ұлы **Сүлеймен хан** Мұсаның тұсында Баласағұн өңірінде билік жүргізген. Бұл жер кейін оның ұлы **Әбул Хасан (Харун) Қылыш Бұғра хан бин Сүлеймен** еншісіне өтеді. Ол тарихи еңбектерде Қылыш Бұғра хан деп те аталады. Қылыш Бұғра хан 990 жылы Исфинджабты (қазіргі Сайрам), 992 жылы саманилердің астанасы Бұхараны өзіне қаратады.

Х ғасырдың соңында Сатұқ Бұғра ханның немерелері Әли

Арслан хан мен Қылыш Бұғра хан ұрпақтарының арасы шиеленісіп, Қарахан мемлекеті шығыс қағандық және батыс қағандық болып екіге бөлінді. Туыстар арасында жерге талас, билікке ұмтылу күшейді. Қылыш Бұғра ханның баласы **Жүсіп Қадыр хан** Хотанды иеленді [Тэзкире-и Бұғра хан 2007: 77-90]. Жүсіп Қадыр ханның балалары Тоғұрыл хан мен **Мұхаммед Бұғра хан** Шығыс қағандықты он бес жыл билеген. Кейінгісінің иелігінде Тараз бен Исфинджаб қалалары болған. М.Қашқаридің тектік шежіресін түзушілер Мұхаммед Бұғра ханды ұлы ғалымның атасы деп көрсетіп, ал оның ұлы **Хусейн бин Мұхаммед Чагры Текин** Махмудтың әкесі деп дәлел келтіреді [Шюкрю Халюк Акалын 2010: 19]. Хусейн бин Мұхаммед Чагры Текин өз заманында Барсханды билеген әмір болған.

«Диуанның» қолжазбасын алғаш рет Али Амири деген түрік ғалымы Стамбулдағы «Сахафлар чаршысы» базарынан сатып алған. Кейін бұл кітапты Қиластық Рифатқа (Рифат Білгеге) тапсырады. Рифат Білге қолжазбаның беттерін ретке келтіріп, қолжазба көшірмесін жасап, алғашқы екі томын 1915 жылы, үшінші томын 1917 жылы бастырып шығады. Осы кезден бастап Махмуд Қашқари еңбегін ғылыми тұрғыда зерттеу және оны басқа тілдерге аудару ісі қолға алынады.

Бұл еңбекті алғашқы зерттеушілердің қатарында қазақ оқымыстысы Халел Досмұхамедұлы да бар. Тіпті ол неміс ғалымы Броккельман, орыс ғалымы Бартольдтан бұрын «Шолпан» журналының 1923 жылғы 7-санында «Диуани лұғати-т-түрк» атты мақала жариялап, онда Махмуд Қашқари шығармасын ғылыми тұрғыда жан-жақты талдап жазады [Досмұхамедұлы 1923: 19-23]. Бір назар аударатын жайт, бұл мақала жазылғанша Еуропа және орыс түркологтары бұл еңбек туралы ешқандай зерттеу жарияламаған. Ол туралы Х.Досмұхамедұлы: «Махмуд Қашқаридің кітабына келгенде, бұл кітап туралы әзірге біз Еуропаның түрік тілі мамандарының пікірін естігеніміз жоқ. Бұл кітаптың бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен. Бірақ, Бартольд бұл кітап туралы бір нәрсе жазған-жазбағанын білмедік» [Досмұхамедұлы 1923: 24], – деп көрсетеді.

Ташкенттен шыққан қазақ тіліндегі «Шолпан» журналының таралымы, танымалдылығы, қол жетімділігі аз болғандықтан және кеңестік империяның Алашорда зиялыларын қудалауы, олардың шығармалары мен ғылыми еңбектерін жариялауға, насихаттауға тыйым салуы кесірінен кейінгі ғалымдар тарапынан Х.Досмұхамедұлының есімі аталмай келеді.

XX ғасырда «Диуани лұғати-т-түрк» тіл, әдебиет, тарих, этно-фольклор тұрғысынан түрлі деңгейде зерттелді. К.Броккельман, Р.Данкофф, Б.Аталай, В.В.Бартольд, В.А.Гордлевский, Т.А.Боровков, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, Т.М.Гарипов, М.Ш.Шералиев, А.М.Демирчизаде, С.Г.Кляшторный, А.Б.Халидов, С.Муталлибов, В.Решатов сынды әлемге аты мәшһүр түрколог-ғалымдармен қатар қазақ зерттеушілері де тілдік, әдеби, тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырды. Қазақтың тілші-ғалымдары Н.Т.Сауранбаев, С.А.Аманжолов, А.Н.Ысқаков, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов Махмуд Қашқари еңбегін тілдік тұрғыдан зерделесе, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов. А.Егеубаев сынды белгілі әдебиеттанушы-ғалымдар М.Қашқари сөздігінің әдебиетке қатыстылығына назар аударады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Махмуд Қашқаридің «Диуанын» жан-жақты зерттеуде, оның қазақ әдебиеті тарихына қосар үлесін анықтауда ғалым Ханғали Сүйіншәлиевтің үлесі зор. Кеңестік жүйенің елуінші жылдарында-ақ әдебиет тарихын тереңнен бастаған зерттеуші «Диуанның» тарихына, зерттелуіне қысқаша шолу жасап, әдеби құндылығына баса назар аударады. Сөздікте мысалға алынған мақал-мәтелдерге, қанатты сөздерге, түрлі аңыздарға, өлең үзінділеріне, ерлік жырларына, лирикалық шумақтарға, өлең құрылысына ғылыми тұрғыдан баға береді.

Қарахандықтар кезеңіндегі әдебиетті зерттеуде өзіндік орны бар ғалым Асқар Егеубаев 1997-1998 жылдары Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» шығармасын тұңғыш рет қазақ тіліне толық аударып, ғылыми түсініктерін, зерттеуін жариялайды.

А.Егеубаев түрік халықтарының ғұлама ғалымы Қашқари еңбегіне өте тиянақты дайындықпен келді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдардың ортасында Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігін» қазақшалап, дүйім қазақ жұртының ыстық ықыласына бөленген ол 1989 жылы «Құтадғу білік» дастаны және оның қазақ әдебиетінің дамуына идеялық-көркемдік ықпалы (Дәстүр, поэтика және аударма мәселелері)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеуші-ғалым сол кездің өзінде-ақ қарахандықтар кезеңінің тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне қызығып, тарихтың терең иірімдеріндегі мәдени және әдеби жәдігерліктерді зерттеуге толық бет бұрады. Асқар Құрмашұлы Ж.Баласағұни шығармасымен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар, сол

кезеңдегі түркі халықтары туралы мол мағлұмат беретін М.Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» атты сөздігін де аударуға және ғылыми тұрғыда зерттеуге бел шеше кіріседі.

«Хант» баспасынан жарыққа шыққан 3 томдық «Диуани лұғати-т-түрк» сөздігінің қазақша аудармасынан бір жыл кейін «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірдегі көркемдік жүйесі» атты тақырыпта докторлық диссертация жазып шықты. Зерттеу нысаны – «Кұтадғу білік» пен «Диуани лұғати-т-түрк». Поэтикалық құрылымы мен ғылыми жаратылысы ерекше бұл екі туындының бітіміне ғалым аса ыждаһатпен қарайды. Сөздіктен көптеген мысалдар келтіріп, жазба мұра жалпы түрік халықтарына ортақ екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Демек, түркітанушы-ғалым А.Егеубаев қарахандықтар дәуірінде жазылған қос мұраға жан-жақты дайындықпен әрі қажыр-қайратпен келген. Бұл жөнінде атақты тілші-ғалым, академик Рабиға Сыздықова: «Бұл еңбектер – бір-бірімен сабақтас, өзектес туындылар. Әуелі, Асқар X-XII ғасырлардағы түрік дүниесінің ең үлкен ескерткіштерін ана тілімізге аударды, аудару үстінде жинақталған материалдарды негізге ала отырып, олар туралы ғылыми монографиялар мен зерттеу кітаптарын жазып жарыққа шығарды. Уақыт жағынан да, мазмұндық ауқымы жағынан да өте көлемді, салмақты дүниелер. Оның үстіне сөз қадірін түсініп, танитын жазушы адамның талантты қолынан шыққандығы көрініп тұр. Сонымен осындай сүбелі ғылыми-шығармашылық еңбектерінің нәтижесінде қазақ мәдениеті мен әдебиетінің, тарихы мен тілінің алыс ғасырлар қойнауларындағы қымбатты қасиеттерін түзіп шықты. Қазір бұл еңбектерден байқалған бай деректерді әр саладағы ғылым мамандары еркін пайдаланып, ғылыми істе қолданып жүргендігінің куәсі болып отырмыз» [Сыздықова 2001: 5], – деп риясыз ақкөңілмен ақтарыла жазады.

«Диуани лұғати-т-түрк» сөздігін қазақшалаған кейбір тәржімалардан Асқар Егеубаев аудармасының көп ерекшеліктері бар. Біріншіден, еңбек тұтас күйінде алғаш рет толық аударылды. Асқар Егеубаевқа дейін қазақ зерттеушілері аталмыш еңбекті өзге тілдегі (өзбек, орыс, түрік т.б.) тәржімалары негізінде пайдаланып, әсіресе сөздік ішінде кездесетін өлең, жыр, мақал, мәтел үлгілерін қазақшалау кезінде көп жағдайда И.В.Стеблеваның еңбегіне арқа сүйеген. Екіншіден, аудармашы сөздіктегі ғылыми-анықтамалық зерттеуге тән сипаттардың сақталуына баса назар аударған. Араб тілінде жазылған сөздердің харакаларын (асты-үсті белгілерін) толық көрсетуге,

түсіндірмелерді аударуда М.Қашқаридің өз мәнерінен (стилінен) ауытқымауға, кітаптың негізгі құрылымынан, түзілімінен, бітім-болмысынан алшақтамауға күш салған. Үшіншіден, сөздікті қазақшалау барысында ең алдымен әрбір сөздің араб әрпімен жазылған түркі тіліндегі нұсқасы берілген. «Диуани лұғатит-түрк» араб әліпбиімен жазылғандықтан негізгі тірек осы болмақ. Одан кейін латын графикасымен сөздің транскрипциясы жасалған. Сонан соң қазіргі қазақ жазуында қолданып жүрген кирилл әліпбиімен оқылуын көрсетеді. Мысалы, **اكریم** - EGRIM - ЕГРИМ: су жиылған жер. Иірім».

Десе де, сөзді транскрипциялау барысында кемшіліктер де кездеседі. Бұл әсіресе латын графикасымен транскрипциялауда анық байқалады. Мысалы, арабша жазылған **يُكْرَمَان** – деген сөзді латын әліпбиімен «JYGYRGEN» деп, қазақшалағанда «ИҮГҮРГЕН» деп жазған [Қашқари 2006: 79]. Немесе, **فَرَى** деген сөзді латын жазуымен «ҚАЗЫ» деп, қазақшада «ҚАЗЫ» деп көрсеткен [Әдеби жәдігерлер 2007: 306]. Латын әліпбиін қолдану кезінде қазіргі қазақ жазуында пайдаланатын кирилл әріптерінің қосарлана жүруі аударма жұмысына айтарлықтай нұқсан келтіріп тұр. Бұл жөнінде Асқар Құрмашұлының өзі: «Латын әліппесімен жазылатын транскрипциялық мәтінде бірнеше әріпті қазақ әліппесінің бірнеше әрпімен алмастырдық. Бұл біріншіден, қазақ әліппесінің ыңғайына қарай, қазақ тілінің ерекшелігі ескеріліп жасалды. Екіншіден, қазақ оқырмандарына оңтайлы болу жағын ойластырдық. Соған қоса, қазақ тілі мен ежелгі түрік тілінің етене үйлесімділігін сезіну үшін де көп қызмет атқаратынын жасырмаймыз. Сөйтіп, транскрипциялағанда қазақ әліппесі ерекшелігіне орай ептеп болса да үйлестіру мүмкіндігін есте ұстадық. Әрі сөздікті қазақ оқырмандарының тез түсініп, оңтайлы қолдануын ойладық» [Қашқари 2006: 25], – деген жолдармен түсіндірсе де әлем ғалымдары мойындаған, батыс ориенталистері мен түркологтары қабылдаған латынша транскрипциялау дәстүріне кирилл әріптерін енгізуі сәтті шыққан деп айта алмаймыз. Себебі, А.Егеубаев аудармасы қазақ оқырмандарына арналғанымен де түркологияға қосылған зор үлес. Бұл үлесті жалғыз қазақ қана пайдаланбайды, сонымен қатар, «Диуанды» зерттеген кез-келген шетел ғалымдары да қолдарына алып көруі бек мүмкін. Егер олар араб жазуымен жазылғанды танымаса латынша-кирилше транскрипцияны түсінуі қиынға соғары анық. Осыған байланысты біз А.Егеубаевтың ғылымдағы ізбасарларына, жолын жалғастырушыларға, ғылыми еңбектеріне жанашыр



адамдарға транскрипция мәселесіндегі олқылықтарды түзесе деген ізгі тілегімізді жеткізгіміз келеді.

### ӘДЕБИЕТ

Сүйіншәлиев Х.Ж., «Диуани лұғати ат түрік». - Алматы, Қазақ университеті, 1986. 118 б.

Тәзкіре-и Бұғра хан. Көне түркі тілінен аударған: С.Қосан. – Алматы, «Толағай», 2007. – 288 б.

Шюкрю Халюк Акалын. Махмуд Кашгари и Диван лугат ат-тюрк: Тысячу лет назад Тысячу лет спустя. // перевод – Джаштегин Тургунбаер. – Анкара, Турк Дил Курумы, 2010. С. 160.

Досмұхамедұлы Х. Диуани лұғати-т-түрк // «Шолпан» журналы, - Ташкент, 1923. - № 6-8. – б. 19-29.

Сыздықова Р. Сөз қадірі // «Алматы ақшамы» газеті, 19.05.2001 ж.

Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай.– Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. 376 бет.

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 4-т. М.Қашқари Түрік сөздігі / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубай.– Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. 608 бет.

Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай.– Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. 376 бет.

## «TURKVIZYON»: ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Алмуханова Риза Таскынғалиевна\*

«Turkvizyon»: folklore motives and national heritages

### ABSTRACT:

Project of TURKSOY organization «Turkvizyon» is a significant event for all Turkic-speaking peoples. Terms of competition foresee that only new pop songs should be performed, however it does not restrict the freedom of singers' stage costumes. It provides the participants of competition the opportunity to show attributes of national culture and national traditions. Therefore, these performances require attention because stage costumes undergo changes in relation to styling, and certain ornaments are creatively reconsidered. The proposed research sets the objective to explore ways of stylization of folklore costumes and folklore manifestation of consciousness of pop singers in XXI century.

KEY WORDS: Blessing, ornament, motive, folklore, stage.

\* Қазақ ұлттық өнер университеті Қорқыт атындағы ғылыми-зерттеу институты, бас ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының докторы.  
E-mail: riza\_almuhanova@mail.ru

«Turkvizyon» конкурсы – 2013 жылдан бері түркі әлемінің астанасы атанған қалаларда өткізіліп жүр. 2015 жылы алғаш рет «Bala Turkvizyon» ұйымдастырылды. Сонымен кәсіби әншілер конкурсының үшеуі өтті, ал балалар үшін 2015 ж. ұйымдастырылды.

Шарт бәріне ортақ: байқауда осы конкурсқа арналған жаңа авторлық әндер ғана орындалады. Бұл орынды, өйткені, мұндай шара әр халықтың фольклорының жарысына айналмауы керек. Бірақ бұл конкурстарға қатысушылардың сахналық образын өз еркінше жасауына шектеу жоқ, мұндайдың дұрыс болмайтыны да түсінікті.

Конкурс шартына сай замануи үлгіде киіну көбірек орын алатын сияқты көрінгенімен, кейбір әншілердің сахналық киімдерінің идеясы, қандай да бір киім бөліктерінің өзгеріске түсуі орын алуда.

Сонымен бірге кейбір әншілер тарапынан өздері ұсынатын шығармалардың өңдеуіне ұлттық аспаптар қатыстырып, әуендеріне халықтық, ұлттық нақыштар қосқан жағдайлар да бар. Бұл да конкурстың шартына қайшы келмейді, өйткені, «Turkvizyon» конкурсына жаңа әндер орындалуы шарт. Ал үлкен мақсаты – түркі халықтарының музыкалық мәдениетінің дамуы.

Бұл – кеңестік дәуірдегі идеологияның салқынынан бір-бірінен алшақтап қалған халықтардың бір-бірін жақын тануына және танытуына сәтті мүмкіндіктердің бірі. Осы байқауда ұлттық киіммен өнер көрсеткендер: Алина Шарипжанова (Татарстан, 2013). Фазиля Ибрагимованы (Украина, Қырым, 2013) қолдаушы биші жігіттер. Бұл жағдайлар – тарихи және патриоттық сана көріністері.

Жалпы, ұлттық киімдердің тарихын зерттеуде еңбектер бар, сондай зерттеулердің бірі – С.В.Суслованың «История костюмов тюркских народов» кітабы. Бұл еңбек, негізінен, татар халқының ұлттық киімдерінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынылған. Сонымен бірге зерттеуші татар ұлттық киімдерінің тарихи трансформациялануы туралы жазған бөлімінде төрт бағытты атаған. Оларды фольклорлық-этнографиялық, фольклористикалық, жалпыұлттық-символдық, авангардтық деп жіктеген [Суслова 2011: 207–210].

Бұларға қоса өткен ғасырдың 90-жылдарынан бергі кезеңде мұсылмандық киімнің қолданылуына берілген еркіндік ұлттық татар киімдеріне де өзгерістер енгізгенін жазған. Бұл жіктеу Кеңес Одағының құрамында болған түркі халықтарының

бәріне ортақ. Осы жіктеуді басшылыққа алғанда, қазіргі эстрада сахнасында фольклорлық-этнографиялық бағыт орын алғаны белгілі. Және олар өз алдына жеке зерттеу нысаны бола алады.

Алина Шарипжанова киген ұлттық киім үлгісінде Татарстанның туындағы түстердің семантикасы сақталған. Көйлектің ақ болуы адам көңілінің ақтығын, тазалығын паш етеді. Қамзолдың алтын түсті сары жіппен оюланып зерленуі тек эстетика үшін ғана емес, гербпен де байланыстылықты аңғартса керек. Өйткені, Татарстан туындағы үш алтын шеңбер үш деңгейді, яғни бірлік, шексіздік және жоғары жетілуді мазмұндаған. Ал алтын түс әдеміліктің, байлықтың белгісі ретінде алынған. Халықаралық конкурса қатысуға келген әншінің бұларды ескермеуі мүмкін емес, яғни бұл отансүйгіштік сезіммен бірге фольклорлық сананың да ықпалын танытады.

Эстрадалық әндер орындалса да, әншілер байырғы киім үлгілерін заманауи тұрғыда стильдендірген түрде шықты. Мәселен, Башқұртстаннан қатысқан «Заман» этнотобы жартылай финалда да, финалда да жауынгерлердің киім үлгілерін негізге алған. Қыздар белдемше (юбка) кигенімен, оның астынан шалбарланған, ал көйлек орнындағы жейделерінің үстінен «сауыт» киген. Жігіттердің үстіндегі киімдері де осылай стильденген, бірақ дәстүрлі әскери киімнің үлгісі байқалады (дизайнер – Ильдар Гатауллин). Бұл стильді образдардың идеясында башқұрт халқының мақтанышы, рухани мұрасы – «Орал батыр» эпосының мазмұны ойластырылған.

«Turkvizyon» конкурсын әншілер тек сайыс ретінде ғана қабылдамай, музыка мейрамы деп мойындайды және, сонымен бірге, осындай үлкен шара кезінде бауырластарға өз халқының тарихын, салт-дәстүрін танытудың оңтайлы мүмкіндігі ретінде де қарайды.

2014 жыл Түркі дүниесінің мәдени астанасы деп танылған себепті «Turkvizyon–2014» конкурсы Қазан қаласында өткен, сондықтан ұйымдастырушы тарап қонақ күтуші екендіктерін таныту мақсатында Айдар Сулеймановтың қойылымына сахнаға үлкен шар түсірді, ол – Жер шары, түркі әлемінің символы ретінде қолданылды және ол шар арқылы қанатты ат бейнесі қолданылды. «Қанатты аттың» бейнесін көрсетуде де мазмұн, маңыз бар, бұл, негізі, түркі халықтарына ортақ миф.

Мәселен, Алып Манаштың мифтік сипаттағы атының жұрнағы «Алпамыс батыр» жырында да сақталған. Жыр мәтініндегі:

– Айналайын, Шұбар ат,

Қолтығында бар қанат [Қазақ халық әдебиеті 1986: 167], – дегізген Байшұбарды еске түсірсек те болады.

«Атлар шаба» әнін орындаған татар әншісі Айдар Сулеймановтың (Татарстан, 2014) сахналық бейнесі – шабандоз бейнесінде сомдалған (модельер – Екатерина Борисова).

Ал Қырғызстаннан қатысқан Жидеш Идрисова киімі қырғыз батырларының киім үлгісін заманауи түрде ұсынған (дизайнер – Мээрим Оморова, былғары шебері – Жаныбек Шакиров). Соның өзінде әншінің сахналық киіміндегі қимыл-қозғалысқа еркіндік беретін кеңдік сақталған және тіршілігі табиғатпен біте қайнаған халықтың киімінің ерекшелігі – қандай жағдайда да төзімді былғарыдан қосылған бөліктер жауынгер киімінің үлгісіне сай ету ойымен қосылған. Белдік те жауынгерлік стиль үшін және оған қырғыз оюлары бағалы тастармен тігілген.

Былғарыдан тігілген қамзолды татар әншісі Айдар Сулейманов та ұсынған. Назар аударғатыны – қамзол ақ жейдемен құрамдас бөлік ретінде сахнаға лайықталып ойластырылған, яғни дәстүрлі ұғымдағы бүтін қамзол емес, ол киім бөлшегі ретінде трансформацияланған. Жидештің де киімінде осындай өзгертулер орын алған. Біріншіден, ол жауынгер киімін негізге алса да, шалбарланбаған, көйлекпен шықты, мұның да мәнісі бар. Әншіні қолдаушы бишілер тобы түгел шалбарлы, яғни әнші жауынгер басшысы ретінде өзінің әйел екендігін көрсетуі қажет болған, түркі халықтарының қай-қайсысында да батыр қыздардың аз болмағаны белгілі.

XIX ғасырдың соңында неміс ғалымы Фридрих Готтенроттың «Иллюстрированная история стиля и моды с древнейших времен» деген еңбегінде [Готтенрот 2009: 256] әлемдік өркениетке қосылған үлес ретінде әр халықтың байларының, сарайдағылардың, қалалықтардың киімдеріндегі ерекшеліктерге және стиль, мода ұғымдарының қалыптасуына мән беруі біздің де бұл тұрғыда әлі ойланатын, қолға алатын шаруалардың аз еместігін байқатады. Атап айтқанда, соның бірі – әншілердің заманауи стильге салу барысында ұлттық киімдердің қалай өзгеріске түсуін де зерттеу қажет. Әлі де болса зерттеулердің ауқымын кеңіту қажеттігі түсінікті.

Рас, ұлттық киімдерді жаңа заман талабына сай жаңғырту жолында «...сақ, ғұн, түркі, қыпшақ, қимақ, қидандардың жиырма киім коллекциясын археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінде және тарихи жазбаларды басшылыққа ала отырып, қалпына келтірген» [Қазақ халқының ұлттық

киімдері 2011: 29] кәсіпқой суретші Мүсілім Жұмағалиев, т.б. азаматтар еңбек етуде. Осындай ізденісті еңбекпен қазақтың ұлттық киімдерін қалпына келтіру үлкен шаруа, сонымен бірге ұлттық дәстүрлі киімдердің қазіргі заманауи түрленуі үдерісін саралайтын да зерттеулер керек. Тек қазақ арасында ғана емес, жалпы түркі халықтарында стильдің, сән үлгілерінің қалыптасуы, сахна иелерінің ұлттық ерекшеліктерді қолдану ерекшеліктері арнайы нысан етуді қажетсінеді.

Қазақстаннан қатысқан және «Turkvizyon–2014» конкурсының жеңімпазы Жанар Дұғалованың сахналық образы шаман бейнесі деп бағалағандар да болды. Алайда, ол орындаған «Ізін көрем» әнінің мазмұнын, мағынасын түсінген адам оның шамандыққа қатысы жоқ екенін түсінеді. Сахналық киімі де классикалық үлгідегі бақсы киіміне еш ұқсамайды. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклорды зерттеген Болатжан Абылқасымовтың жазғанындай, «Қазақ бақсының сыртқы пошымы былайғы жұрттан көп ерекшеленбейтін» деп жазып, оның дәйегін, себебін М.Ястребовтың «Киргизские шаманы» еңбегіндегі: «Қазақтың бақсылары сахалардікіндей, буряттікіндей немесе моңғолдікіндей қорқыныш не танданыс туғызатын киімдерімен ерекшеленбейді» деген сөздерімен сабақтастырып, қорытындысында «...2– 3 ғасырдан бергі өмірімізге тән күмәнсіз шындықты білдіреді» [Абылқасымов 1993: 125–126], – деп, нақты жазған. Демек, ХХІ ғасырда заманауи әнші өзге халықтардың тарихындағы бақсы киімдерінің үлгісіне қызығушылық танытты деуге болмайды.

Бірақ Жанар Дұғалова конкурс үстінде өз өнерін жоғары деңгейде таныту мақсатында берілгені сондай, оны продюсері Баян Есентаева трансқа түсті, ал мұның бір себебі музыкалық продюсер Бағым Мақсатқызының: «Жанар, сен шаман сияқты болуың керек» деген бағдар беруі әсер еткен деп есептейді. Оның үстіне әншінің өз өнеріне толық берілгендігі осындай нәтижеге жеткізген.

Ж.Дұғалованың басына кигені де оның шаман бейнесін сомдамағанын аңғартады. Жалпы, соңғы кезде қазақ сахнасында дәстүрлі ұлттық бас киімнің түрленуі орын алуда. Оны Мақпал Жүнісованың, Роза Әлқожаның сахналық киімдерінен көреміз. Дәстүрлі қазақтың менталитетінде бас киімсіз жүрмейді. Қыздар болсын, ер адамдар болсын, негізі, бас киімсіз жүрмеу жағы ескеріледі, бұл, біріншіден, шаш – магиялық орын. Қыздар тұрмысқа шыққанға дейін тақия, бөрік кесе, қалыңдық

болғанында – сәукеле, кейін ана, әже болғанында, яғни өмір жолының әр кезеңінде басына киетіні өзгеріп отыратыны белгілі. Қазақ эстрадасында да бас киімсіз тұрмаудың амалы – осындай тәж, бұл бас киімнің осылай ойластырылуын түсіндіретін болу керек.

Ж.Дұғалованың сахналық бейнесінің идеясын іздегенде, одан патшайым бейнесін көру де дұрыс болмайды. Өйткені, «Ізін көрем» әнінің мазмұны бойынша бабалардың жүріп өткен жолын, қазақтың тарихын білуге деген құлшыныс бақсы арқылы іздету қисынсыз. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның дәуірінде ұлттық тарихты зерттеудің жолы ашылуымен байланысты жас ұрпақтың айтары, іздеуі, мақсаты. Бұл үгінгі ұрпақтың атынан айтылатын, бабалардың рухына арналған, қазақ халқының тағдырын әнмен жеткізуді мақсат еткен, сондықтан мұндай әнді бұрынғы дәуірде өмір сүрген патшайымның да «айтуы» мүмкін емес. Нәтижесінде заманауи стильдегі әншінің сахналық образы деп тұжырым жасауға болады.

2015 жылы тұңғыш рет ұйымдастырылған «Bala Turkvizyon» жеңімпазы Айдын Нурдиновтың да сахналық киімі стильдендірілген, оның мазмұндық сипаты – қырғыз, өйткені, ән аты – «Қырғыз биі», ал оның өзегінде «Қара жорға» әуенінің өңделген нұсқасы байқалатыны жасырын емес.

Ал бұл конкурстың «Алтын даусы» атанған екінші орын жүлдегері қазақстандық Тұрсынхан Еркін орындаған әннің атауы – «Самға», ән мазмұны құсқа тікелей қатысы болмағанымен, «Agnaz» дизайнері Назым Қарпықова сахналық киім баланың қысылмауына, дене қимылдарын еркін жасауына кедергі жасамайтын тұрғыда ойластырған. Сонымен бірге ұлттық нақыштардың арасында белгілі дәрежеде тұрақтанып келе жатқан қошқар мүйіз оюлары қолданылған.

Ару әншілер киімдеріндегі оюлардың түрлері, атап айтқанда, қошқар мүйіз бен гүлді оюлар синкреттелген, стильденген. Мәселен, Ж.Дұғалованың көйлегіндегі оюлар қошқар мүйіз бен гүлді оюлардың синкретті түрі пайда болған.

«Turkvizyon» қатысушылары үшін бата да маңызды. Сұхбаттасқан әншілердің бәрі де бата алғандарын айтты. Мәселен, Жидеш Идрисова өз елінен жолға шығарда анасының батасын алған, қатысушылардың арасында имамның алдынан өткендері де бар екен. Сахнаға шығардың алдында Құраннан аят оқығандары да бар.

Өмірде «тілділер» мен «көзділердің» сұғынан сақтану үшін «жаман» көздерді өздерінен тайдыру үшін жылтырақтар

тағу ежелден бар. Бұл қазіргі заманда да маңызын жойған жоқ. Ал көптің алдында жүретін өнер адамдары үшін бұл аса маңызды. Сондықтан «Turkvizyon» қатысушылары – кәсіби әншілер де, өнерпаз балалар да киімдеріне осындай мақсатта жылтырақтар таққан және өздері тіл-көз тиеді дегеннің бар екенін мойындайтын болып шықты.

2014 жылы Саха эстрада театрының Еңбек сіңірген артисі Владлена Иванова (шығармашылық лақабы – Сахаайя) өз ұлтының мәдениетін көрсетуге бағытталған қойылым әзірлеген. Оның сахналық киімі саха халқының дәстүріндегі үлкен орны бар Күн символымен сабақтас ойластырылған.

Конкурсқа қатысушылар өздері орындайтын әндерімен, сахналық бейнелерімен ғана емес, халқының тарихын, оның даласының кеңдігін, сипатын жеткізуді де режиссерлік тұрғыдан ойлаған. Мәселен, Ж.Дұғалованың сахнадағы қойылымында көпті матамен «ойнаған» кейіпкер қызықтырды. Мұны бұл қойылымның режиссері Александр Фломбайм қазақ даласының кеңдігін және сол кең даладағы желді жеңіл мата арқылы жеткізгісі келген. Ендеше бұл «желдің» қызметі тағы бір қызметті атқарды, ол қазақтың кең даласында қаншама тарихи жағдайлар өтті, сол жағдайлар осынау желмен «ойнатылды». Нәтижесінде халыққа, жюри мүшелеріне әсер етті.

Ал ырымның қолданысы конкурстанттардың жеке сенімі және сахна үшін тек қолданбалы қызметте көрінген. Мәселен, Владлена Иванова –Сахаайя конкурста сахнаға шығар кезде қолына қымыз құйылған «қасиетті» кесе ұстап, дұғасын айтты. Бұл Күнге табынған халықтың мәдениетінен хабар беру болып табылады. Шамандар ғұрыптарды өткізерде халық алдында осылайша «қасиетті» кесеге қымыз құйып, Құдайға жалбарынғандары белгілі.

Тауды құрметтеу дәстүрінде Алтай тауының алар орны ерекше. Түріктердің шығу тегі туралы нарративтік дерекерде Алтай тауы «Отан», «ата жұрт» ұғымымен мағыналас келеді. «Тун дьянь» жылнамасының 197-тарауында кездесетін аңыздардың біріне назар аударалық: «Көк түркітер әуелден Пин-лианды мекендеген Хулардың бірі еді. Олар негізінде ғұндардың бір бұтағы болатын. Арғы тектері – Ашина. Кейін Вей (заманында) Тай-ву патшаның Чие-чу әулетін талқандауы нәтижесінде. Ашина бес жүз отбасымен жужандарға қашып келіп, олар сол жерде Алтай тауын (Цзиншан) мекен етті. Бұл таудың пішіні дулығаға ұқсас болғандықтан, оларды өздерінің тілдерінде дулыға мағынасына саятын Түчүе деп атадық» [Тағағұл 2012: 95]. Біз үшін бұл аңыздың маңыздылығы – Алтай тауының түріктердің панасы болуы мен олардың этнос ретінде қалыптасу тарихына қатыстылығы. Алғашқы Түрік Елі да осы Алтайда бой көтерді. Ел орталығы кейін Мұқан қағанның билігі тұсында Өтүкенге көшірілсе де, Алтай өңірі әкімшілік аймақ болып қала берді. Міне, осындай қарапайым мысалдардан «Алтай – тұтас түріктің алтын бесігі» деген қанатты сөздің тамыры тереңде екенін көреміз.

Тәңірдің құт дарытқан мекені, түріктің отаны ретінде кие санаған Алтай тауы әдеби үдеріс заңдылығына сай, әдебиетте де жалғасы үзілмеген көне тақырыптардың бірі болып, зор құрметке бөленген көркем бейне ретінде барлық түрік халықтарының әдеби шығармаларынан орын алды. Түрік фольклорында Алтай тәңірдің тұрағы, батырдың әкесі, алыптардың тірегі ретінде суреттеледі. Мысалы, Алтайлық көне эпостық сарындарда батырлар тау рухы мен өзен-анадан немесе тау-әке мен су-анадан туады:

Қара тайқаны атам дегем

Қату ярды энем теген... [Алтайские героические сказания 1997: 12]

«Очы бала» аңызынан алынған бұл үзінді тармақтарының

мағынасы «қара тауды әкем дегем, мөлдір өзенді анам дегем» мазмұнына саяды. «Кан Алтын» аңызының қаһарманының дүниеге келуі де тау культімен байланысты:

Пүткен-чыккан алтайы –

Алты талалу

Ақ Сүмер-тайка адалу эмтир.

Алты коолду

Ақ сүт-көл энелу эмтир [Алтайские героические сказания 1997: 12].

Аудармасы:

Ол туған Алтай

Алты тарапты тау еді

Ақ Сүмер тау еді әкесі.

Алты торапты

Ақ сүт көл оның анасы еді.

Ал кейде тау мифологиялық анаға айналады. Мысалы «Маадай-Кара» аңызындағы Маадай және оның ұлы Мерген тау рухынан туылады [Маадай-Кара 1973: 460].

Қырғыз түріктерінің аңыздарында да Алтай құтты мекен ретінде танылғандығы көрінеді. Мысалы «Аю батыр» аңызын келтіруге болады. Аңыз бойынша: ертеде Алтай тауларын түрк жұрты мекендепті. Бір жылы қатты қыс болып, ел жұтқа ұшырап мал-жанның бәрі қырылыпты. Алайда Тәңірдің құдіретімен сол елден тек Аю батыр ғана аман қалыпты. Бір күні Аю батыр келе жатып, бөрілердің қар астынан қызды сүйрелеп шығарып жатқанын байқап қалып, ол қызды аман алып қалыпты. Бір қызығы қыздың денесінің еш жеріне бөрілер зиян тигізбепті. Аю батыр ес-түссіз жатқан қызды алып сол маңдағы үңгірге келіпті. Қыздың аты Айсұлу екен. Сол кезде оларға екі құс ұшып келіп, ақ және қызыл тас тастап кетіпті. Содан от шығарып, Айсұлуды жылытып, тірілтіп алыпты. Бір күні сол үңгірге құс қайта ұшып келіпті де сол сәтте ақ шашты анаға айналыпты. Ол Ұмай ана екен. Ұмай екі жасқа бақыт тілеп, Айсұлудың маңдайынан сипап қайта ұшып кетіпті. Айсұлу мерзімі жетіп босанарда От енесі Ұмайға сиынып, атын атап шақырыпты. Сол кезде Ұмай құс болып ұшып келіп оны босандырған екен. Айсұлу бір ұл, бір қыз тауыпты. Ұмай балалардың кіндігін кесіп, анасының құшағына тапсырып, қайтадан ғайып болыпты. Аю батырдан тараған ұрпақ көбейіп түрк жұртын құрапты. [Ыбыраев 2002: 24]. Бұл аңызда түріктер үшін киелі болған төрт ұғымды көреміз, олар: от, бөрі, ұмай және үңгір. Бұл аталғандардың бәрі түріктер үшін жоғары қасиетке ие ұғымдар болған. Алтай тауын

мекен еткен Аю батыр мен Айсұлудан түрік жұрты тарайды. Бұл аңызда да түріктердің шығу мотиві бар және «ата жұрт» Алтай тауы болып көрініс тапқан.

Алтай тауына қатысты айтылатын аңыздар өте көп. Оларды бір мақала шеңберіне сыйдыру мүмкін емес. Біз аталмыш тақырыптың ғасырлар бойы жалғасып, өзектілігін жоғалтпағанын кейбір мысалдар арқылы көрсетуді мақсат еттік. Сондықтан да отаршылдық заманындағы әдебиеттен де мысалдар келтірейік.

Отаршылдарға қарсы күрескен алаш қаламгерлері шығармаларында ұлттың санасын оятып, жігерлендіру мұратымен «Алтай», «Түркістан» атауларын жиі қолданды. Отаршылдыққа қарсы әдебиеттегі Түркістан, Алтай түсініктері «тұтастырушы, біріктіруші» ұғымы мен нақты «Отан» мағынасына саяды. Оның әдеби мұралардағы рәміздік мәнін Қошке Кемеңгерұлы тілімен айтар болсақ, «Түріктің алтын бесігі – Алтай, ер жетіп, өсіп өнген ордасы – Түркістан». Сондай-ақ Х. Болғанбай да бұл тақырыпты проза жанрына арқау етіп, «Алтын көл» әңгімесін жазды. Бұл әңгіменің хикаясы опасыз алтын жайлы болғанымен, Алтайдың берекесіз тұрмысының суреттеліп, жұрттағы жұттың тауқыметімен, ағайынды елдердің бірлігінің жоқтығын аңғартса керек. Мысал ретінде қысқа ғана үзінді келтірейік: ««Бұрын-бұрын заманда, ұлт аймақ аманда әлдеқалай тәңірінің тарлығы ұстап, Алтай елі бір әйдік жұтқа ұрынды» [Жалмырза 2013: 148]. Жазушы ата жұрт Алтайда аштық жайлап, тұрмыстың қуаң тартуын бейнелеумен сол кездегі отаршылдық жағдайындағы түрік жұртын суреттеп еді.

Мағжан Жұмабаев «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде өзінің дәстүрлі әдісімен әуелі тарихқа шегініс жасап, бір кездері Алтай-ананың ақ сүтін бірге еміп, бауырында алалы алтын сақа атысқан дәуренді сағынышпен еске алады. Ер жеткенде Ақ теңіз бен Қара теңіздің ар жағына кеткенін, ал бүгін онда жалғыз қалып, дұшпанның құрығына түскенін айта келіп:

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,

Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа

Лайық па құл боп тұру? Жүр кетелік

Алтайға, ата мирас алтын таққа, -

деп, түріктің ыстық қанын қайнатып, қайрат беретін өлеңін жазды. Мағжанның келтірілген шумағына түріктің этнос болып қалыптасқан дәуірінен отарланған XX ғасырға дейінгі бүкіл тарихы сыйып кеткендей. Ақын Кіші Азияда жау талауында болса да еркіндігі өз қолында болған жалғыз түрік еліне үн

катып, байырғы оғыз-кыпшақ бірлігі жарасқан кезеңді аңсап, қайта бірігуге үндеуде, ата мирас алтын тақ – Алтайда бас қосайық деп ашық айтады.

Алтай тақырыбы қазақ әдебиетіне жат емес. Қазақтың фольклортанушы ғалымы, академик С.Қасқабасовтың тілімен айтар болсақ, «Алтай – қазақ руханиятында, яғни әдебиетінде, өнерінде, күллі мәдениетінде зор шабытпен жырланатын тақырып. Алтай туралы бізде ән де, өлең де көп, оны асқақтата жырламаған ақын, жазушы кемде-кем. Қазіргі ақын-жазушыларды айтпай-ақ, бұрынырақта өмір сүрген классиктерді еске түсірсек те болады. Олар – Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Иса Байзақов, т.б.» [Қасқабасов 2011: 46].

Ал қазақтың сыршыл ақыны Сәкен Сейфуллин «Алтай жүрегі» атты өлеңінде:

Айбатты Алтай тауы бұлттан асқан,  
Басың қар-қысы, жазы қырау басқан.  
Айдынды Азияның қарауылы-  
Шудалы Ақбас бура көбік шашқан.  
Өр Алтай ызғарланған көкке тиіп,  
Өр кеуде ақ мамықтай төсік биік.  
Үймелеп көктен бұлттар, қоршап төніп  
Аймалап ақ төсіңді құшқан сүйіп [Қартаева 2013: 250].

Алтай табиғатының сұлулығы баланың анаға деген махабатымен суреттелген. Сәкен ақынның шумақтарынан Алтай тақырыбының лирикалық өлеңдерде де жырланғанын көреміз.

Отан мағынасына тең келетін Алтай образы отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиетінің мұғажырлық кезеңінде де жалғасын тапты. Илтер псевдонимімен жазған Салих Еркінқол есімді жас қаламгер Отаннан жырақта ұлт-азаттық күресін жүргізген мұғажыр азатшылдарға арнап жазған «Түркістан қолбасшыларына» атты өлеңінде:

Елімнің еркі үшін өлімге қол байлап,  
Арыстан ерлерге болды олар жолбасшы.  
Шаң қылған Каспий мен Алтайдың арасын,  
Түріктің ұрпағы – анамыз, жетелер жеңіске,  
Еркіндік әніміз, азаттық салтымыз, [Қыдыралиев 2007: 172 б.] - дейді.

Мұнда да түріктің түп-төркін Алтайға деген үлкен сағыныш сезімі байқалады. Стамбұлда 1953 жылы «Түркістан» атты айлық мәдени журнал шығара бастаған Шығыс Түркістанның

азатшыл мұғажыры Мехмет Емин Бұғра журналдың бірінші санының маңдайшасына:

Тәңірі таудың тартуы бұл гүлдерді,

Иіскеп бір мауқын басар жүректер... [Жалмырза 2013: 178]

- деген салмақты екі жолды жазыпты. Бұл жолдарға мұғажыр азаматтардың Алтайға, Отан гүлдеріне деген аспан сағынышы сыйып тұр.

Қорытындылай айтар болсақ, түрік халықтарында тау культі болған, оның ішінде Алтай тауы түпкі отан саналған. Мұндай дүниетанымдық сенім түріктердің мифологиялық аңыздарынан тарта, лирикалық поэзиясында, жалпы түрік сөз өнерінде түгел көрініс тапқан. Алтай тақырыбын өзек еткен шығармалар отан ұғымының типтік бейнесі ретінде түрік халықтары әдебиетіне ортақ «Алтай тауының» образын қалыптастырған.

#### ӘДЕБИЕТ

Картаева М.А. Алтай өңірінің әдеби мұрасы. «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Өскемен, 2013.

Бияров Б.Н. «Алтай» оронимінің этимологиясы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Өскемен, 2013

Ögel B. Türk Mitolojisi. II Cilt. Türk Tarih Kurumu. – Ankara, 2010.

Gömeç S.Y. Türk Kültüründe Dağ ve Altaılar. «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Өскемен, 2013.

Потапов Л.П. Культ гор на Алтае //Советская этнография, 1946. - № 2. -С. 145-160.

Бөгенбаев Н.Е. Түрк дәуіріндегі Алтай өңірі: саяси тарихы және әлеуметтік-мәдени құндылықтары. Философия докторы [PhD] ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2014.

Культура и традиции коренных народов Северного Алтая /отв. ред. А.В. Малинов. - Санкт-Петербург: Изд. Дом С.-Петерб. гос. ун-та, 2008. 400 с.

Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. 168 б.

Таşağıl A. Gök-Türkler. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 2012. I-II-III Cilt. -482 s.

Алтайские героические сказания : «Очы-Бала», «Кан-Алтын». – Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ие, 1997.

Маадай-Кара. Алтайский героический эпос. – М.: Наука, 1973. – с.465.

Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. -320 б.

Жалмырза А.А. Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті (қалыптасуы, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты) – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2013. – 202 б.

Қасқабасов С. Алтай және қазақ руханияты / Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Өскемен, 2011. –Б. 45-50

Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.

## ӨЛЕҢ АНЫҚТАМАСЫНЫҢ ӨТІМДІ ҮЛГІЛЕРІ

Жылқыбекұлы Бекқожа \*

### The main examples of lyric determinations

#### ABSTRACT:

In this article the author dwells such complex theme as the definition of Poem and analyzes the main types of them. Meanwhile, status and influence of the definitions of poems are discussed.

KEY WORDS: Poetry, definition, feelings, imagination, the structure of a poem, rhyme.

Өлең десе болды оқырман қол жетпес хор қызы сияқты бір бүтін сұлу әлемді көз алдына елестететіндігі бәрімізге белгілі. Расында да, өлең атам заманнан бері халқымыздың алтыннан да қымбатты, сұлудан да сымбатты асыл қазынасы болып келгендігінен, қара халықтың қамын жеген жеңімпаз хандарымыздың Иоллоқтегін, Жүсіп Қасажып, Асан қайғы, Бұхар жырау қатарлы әйгілі ойшылдар мен жырауларымызға ақ орданың ортасынан ойып орын бергендігінің өзі-ақ айқын дәлел бола алады. Осындай орасан қадыр-қасиетке ие болған өлең деген киелі ұғымның күні бүгінге дейін өз анықтамасын таппай отыруының өзі-ақ оның жеңіл-желпі, оңай-оспақ, үстірт анықтамаларға қанағат ете қоймайтын, өте күрделі болмыс екендігін айқындайды. Сондықтан да Белинский өлең анықтамасы жайлы айтылатын алуан түрлі көзқарасты: «Біреу өлеңді су десе, біреу от деп түсіндіреді. Мың адамның аузынан мың түрлі пікір айтылады» [У Сыжиң 1987: 3] деп тұжырымдайды. Жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарында қытайда жарық көрген «Қытай өлеңінің қолданбасы» деген еңбегінде өлең танушы Яң Хонли қытайдың әлмисактан бері өлең туралы айтылып келе жатқан қырық түрлі анықтамасын құлағынан тізіп отырып, оларға сынды көзбен қысқаша шолу жасайды. Американың көрнекті ақыны Карл Сендиберг те өзінің «Өлең анықтамасының моделі» деген еңбегінде өлең туралы отыз сегіз анықтаманы ортаға қояды [У Сыжиң 1987: 4]. Ал әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаеваның мәліметінше поэтикалық шығармашылық туралы бір ғана орыс әдебиетінің өзінен мыңнан астам анықтамалық теңеу

\* Қазақстан, Астана қ. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к bekhoja\_astana@mail.ru



табылатын көрінеді. Біз бұл арада өлең туралы айтылып жүрген барлық анықтамаларымен танысқалы отырғанымыз жоқ. Тек оның ішіндегі шындық негізі күшті, дәлел қуаты дәмді болған бірнеше анықтаманы ғана атап өтпекшіміз.

Бірінші, өлеңді ақын идеясының саяси пиғылы деп түсіну көзқарасы. Бұл көзқарас феодалдық қоғам екі мың жылдан астам уақыт құрсаулаған Қытайдың ескі жазба деректерінде жиі кездеседі. Мысалы, Қытайдың әйгілі философының бірі Жуаң Зы : «Өлең моралдық көзқарас « [У Сыжиң 1987: 4] деген пікірді ортаға қойса, тағы бір көрнекті философы Шун Зы «Өлең өзінің идеясымен құнды» деген көзқарасы арқылы өлеңге анықтама береді. Бұл пікірді социалистік реализмнің натуралист ақындары да қызу қарсы алып, тез игерді. Бұған Кеңес одағы мен Қытайдың, әсіресе, қызыл коммунистік көзқарастағы «орда ақындарының» саяси сынайдағы жадағай жырлары айқын дәлел бола алады. Олар өз кезегіндегі саяси ауқымды өлеңге өзек ету арқылы сол дәуірдің жоғын жоқтап, сойылын соқты. Расында да, нағыз өлеңнің терең тамырлы мазмұнға құрылатындығы шындық, бірақ ол жалаң саяси әуейілікпен және көркемдіксіз жалаң көзқарас-идеялармен мүлде отаса алмайды. Сондықтан бұл тұжырым өлеңнің анықтамасы болуға мүлде лайық емес.

Екінші, өлеңді ақынның тасқындаған таза сезімінің тіке туындысы деп есептейтін көзқарас. Бұл көзқарасты қытайдың өлең тану тарихында ең алғаш Батыс Жин хандығының (265-316) әйгілі ақыны Лу Жи ортаға қойған болатын. Белинский де өлең туралы жазылған еңбектерінде осы көзқарасты баса дәріптейді. Осыған орай қытайдың қазіргі заман көрнекті ақыны Го Моро да: «лирикалық өлең сезімнің тікелей қағаз бетіне түсуі» деген көзқарасты алға тартады. Бұл көзқарас өлеңнің ішкі құрылымдық ерекшелігінің ең негізгі түйінін дәп басып, айқындап бере алғандықтан, көптің көңілінен ойып орын алды. Бірақ ол өлеңнің сыртқы құрылымдық ерекшеліктерін тілге алмағандығы себепті, сыңар жақтылы пікірге айналып қалды. Сөйтіп, ол қара сөздің лирикалық жаныршасы болған шалқыма мен өлеңнің аражігін айыра білуге мүмкіндік қалдырмай, екеуін бір тұлғаға айналдырып қойды. Сондықтан да бұл көзқарастың анықтамалық дәлдігі де шамалы.

Үшінші, өлеңді ақынның асқақтаған қиялының қисынды бейнесі деп тұжырымдайтын көзқарас. Бұл көзқарас жөнінде қытайдың ертедегі «Өлеңге жалпы талдау» атты дерегінде «өлең - бір ауыз сөзбен айтқанда қиялдың тілі» деп көрсетілген. Ал Англияның әйгілі ақыны Шиллер де: «өлең - қиялдың

бейнеленуі» [У Сыжиң 1987: 5] деген тұжырымды ортаға қояды. Бұл арада өлеңге өте қажетті қиялдың өлеңді дүниеге келтірудегі рөлі ерекше ескеріліп, оның өлең жасампаздығында кем болса болмайтындығы баса дәріптелген. Расында да, өлең жасампаздығы шабытты қиялға өте зәру екендігі бізге жасырын емес. Бірақ бұл көзқарастың өтімсіздігі оның өлеңнің сыртқы құрылымы мен ішкі кейбір ерекшеліктеріне немқұрайлы карағандығының өзінен-ақ айқын көрініп тұр. Сондықтан бұл көзқарас та қол қусырып, құптайтындай анықтама емес.

Төртінші, өлең ақынның түйсігінің төте бейнеленуі дейтін көзқарас. Италияның көрнекті тарихшысы Векерн: «түбегейлі түйсіну мен жанды қиялдау алғашқы қоғамдық санадағы адамдардың өлеңі болған» деген көзқарасты ортаға қоя келіп, өлең - түйсіктің жемісі екендігін баса дәріптейді [У Сыжиң 1987: 6]. 1978 жылдан кейінгі Дың Шиаупиңнің (Дэн Сяопин) сыртқа есік ашу саясатының арқасында батыс философиясымен жан-жақтылы танысып үлгерген қытайдың жас ақындары «өлең - бір түрлі түйсік» немесе «ақын нені түйсінсе, өлеңінде соны бейнелейді» деген көзқарастар мен қуаттамаларды дәріптеді. Расында, түйсінудің өлең жасампаздығында өзіндік орны бар, жасампаздық қиялдың ұшқыр қанаты екендігін ешкім де теріске шығара алмайды. Алайда ол танымның бір ғана сезімдік басқышы болғандықтан, өлең сынды сыртқы құрылымы да ескерілмей қоймайтын күрделі құбылыстың анықтамасы бола алмайды. Өйткені түйсінудің өзі заттар мен құбылыстардың сыртқы түрінің адам миындағы бейнесі ғана екендігі кім-кімге де белгілі. Сондықтан бұл анықтаманың бойынан да өлеңнің көп қырлы, көмескі ерекшеліктерінің ескерілмей отырғандығы айқын аңғарылады.

Бесінші, өлеңді ақынның ойлау қимылының жемісі деп қарайтын көзқарас. Американың көрнекті ақыны Стивенс өзінің «Қазіргі заман өлеңдеріне талдау» атты еңбегінде «өлең - ойлау қимылының қанағат табуы» немесе «өлең қозғалыстағы ойлау» деген пікірі арқылы өзінің өлеңдік көзқарасын ортаға салады. Қытайдың көрнекті ақыны Шин Ди өлеңдегі түйсіну мен ойлау барысын өзара ұштастыра отырып, өлең анықтамасын мынадай өрнекпен өрнектейді: әсер (сезім мүшелері арқылы) + ойлау = өлең [1, 6]. Бұл көзқараста өлең жасампаздығындағы ақынның ой қорыту басқышы ерекше дәріптелген. Бірақ өлеңнің сыртқы және ішкі кейбір ерекшеліктері ескерілмей, ойдан қағыс қалған. Сол себепті бұл көзқарас та өлеңге толымды анықтама бола алмайды.

Алтыншы, өлеңді белгілі өлшемдерге бағынатын өрнекті сөз-сөйлемдердің жиынтығы деп қарайтын көзқарас. Англиялық ақын Корлеж: «өлең - өлшем арқылы әдемі орналасқан сөз-сөйлемдер» деген пікірді ортаға қойса, қытайдың оңтүстік соң (1127- 1279) дәуірінде жасаған Жиан Иі атты қаламгері: «тілдің өлшемге қатаң бағынуының өзі - өлең» [У Сыжиң 1987: 6] деген ойын өлеңге анықтама ретінде ұсынады. Ал академик Зейнолла Қабдолов: «Өлең - еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақышты сөздер тізбегі» [Қабдолов 1992: 243] деген пікірді алға тартады. Қытай қазақтарының өнертанушы ғалымы Омархан Асыллов: «Өлең - белгілі буын өлшемі бар, ырғаққа, ұйқасқа, өлшемдік өрнекке, дыбыстық үндестікке, екпін әуенділігіне құрылып жазылған шағын көлемді поэзиялық көркем шығарма» [Асыллов 1981: 90] деген өлеңдік көзқарасын ортаға қояды. Бұл көзқарас жиырмасыншы ғасырдың басына дейін қытайдың классикалық өлең тарихында өте ықпалды орынды иелеп келген болатын. Сонымен бірге ол дүние жүзіндегі өлең тарихында да өлеңді силлабикалық, тоникалық, силлаби-тоникалық өлең деп түрлерге айырып, өлеңге өлеңнің түр-түсі негізіндегі өлшемдер арқылы анықтама бергісі келетін өлеңтанушылар үшін де өте құнды қуаттама болып есептеліп келеді. Алайда бұл көзқарас өлеңтану саласында қанша ықпалды болғанымен, ол өлеңнің ішкі мәндік құрылымына және сезімдік иріміне өте селқос қарайтындығы себепті, өлең үшін өткір анықтамалық абырой тіктей алмай келеді.

Жетінші, ұйқасқа түскеннің бәрі бірдей өлең болады дейтін көзқарас. Бұл көзқарасты дәріптеушілер өлең болудың ең негізгі шарты ұйқас деп түсінеді. Олар өлеңнің ұйқасынан басқа, оның ішкі құрылымдық ерекшеліктері мен сыртқы басқа да ерекшеліктеріне немқұрайлы қарайды. Олар үшін ұйқас бар жердің тауы да, тасы да өлең болып сезіледі. Бұл көзқарас өлеңді алғаш жаза бастаған, өлеңге қызығушылар мен өлеңнің ішкі құрылымдық ерекшелігін әлі жете түсіне қоймаған, өлеңді «еріккеннің ермегі» санайтындардың арасында өте ықпалды. Сонымен бірге ұлттық тілінен лек-легімен тоқ ұйқастар табыла кететін, тіл байлығы ұйқасуға икемді сезімдік ұлттардың танымында да бұл көзқарас үстем орында тұрып келеді. Бұл топқа коммунистік тәртіп жүйесі кезінде арзан айғай-аттанға ұялы ұйқастарымызды қор қылған, қораш өлеңдік көзқарастар мен ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің аражігін

айыра білмейтін қара байыр қазақи өлеңдік түсінік те кіреді. Сондықтан бұл өлеңдік көзқарастың табан тірер тиянағы да шамалы.

Сегізінші, өлеңді бір түрлі тілдік құрылым деп қарайтын көзқарас. Ресейдің әдебиет зеріттеушісі Шлобский кезінде Петербургте өткен өлең тілін зерттеу ғылыми талқы жиналысында тіл көркемөнерінің мән-мазмұнына соқпай, оның сөз-сөйлемдерінің ішкі құрылымдық заңдылығына баса мән беріп, «Өлең - шектемелі тіл» [У Сыжиң 1987: 7] деген көзқарасты ортаға қойған болатын. Сөйтіп ол өлеңді бір түрлі тілдік құрылым деп есептеген еді. Бұл көзқарас Англиялық профессор Майкердің: «Өлеңнің анықтамасы» деген еңбегіндегі «өлеңнің түрі модельденген тіл» дейтін қуаттамасына да сәйкес келеді. Өлең туралы бұл анықтама да өлеңнің тілдік құрылымын белгілі бір өрнекке түсіріп, мәлім таңбалық жүйе ішінде өлеңге анықтама беруге тырысқандығы себепті, өлеңнің ішкі құрылымдық негізі мен басты ерекшеліктері ескерілмеген. Сондықтан бұл анықтама да біздің өлең жайлы түсінігімізді қанағаттандыра алмайды.

Тоғызыншы, өлеңді сезім мен болмыс көрінісінің өзара бір-бірімен біте қайнасып, сіңісуінің жемісі деп қарайтын көзқарас. Қытайдың әдебиеттанушысы Шие Шин: «Өлең - сезім мен болмыс көрінісін бейнелейтін құрылым, сезім сол құрылымының терең түкпірінде жарқырап жатады, көрініс - оның сыртқы құрылымын әсемдейтін әрлі бояу» дей келіп, «сезім мен болмыс көрінісі өзара біте қайнасқанда ғана ақынның атағын әйгілейтін өміршең өлеңдер дүниеге келеді» [4, 1121-1122] деген тұжырымға тоқтайды. Оның аталмыш көзқарасын құптайтын өлеңтанушылар да аз емес. Бірақ оның бұл көзқарасы өлеңнің шынайы болмыстың жалаң көшірмесі ғана емес екендігін айқындап, ақынның асқақ сезімдік дүниесі мен болмыс көрінісінің керемет келісімін өлең деп түсінген болса да, ол өлеңнің түр жақтағы құрылымына селқос қарағандығы себепті, дәлдігі әлі кемеліне келе қоймаған өлеңдік дәріптеме екендігі айқын көрініп тұр. Сондықтан бұл көзқарасты да өлең анықтамасы болуға салауаты толмайтын көзқарас деуге болады.

Өлең туралы біз жоғарыда атап өткен көзқарастар - атам заманнан бері өлеңнің мазмұндық құрылымы немесе түр жақтағы құрылымы жақтардағы бір немесе екі ерекшелігін көзде ұстай отырып, ортаға қойылып келе жатқан өзіндік негізі бар көзқарастар. Олардың көлденең тартатын дәлел-дәйектерінің өлең бойында өзіндік орындары болғандықтан, олар өз құнын

күні бүгінге дейін жоймай, өзіндік бір өлеңдік көзқарасқа айналып келеді. Алайда біз жоғарыдағы бұл анықтамалардың бойынан сыңар жақтылы, үстірт түсініктерді аңғара отырып, тегі, өлең туралы дәлдік дәйегі жан-жақтылы болған нақтылы бір анықтама бар ма деген ойға еріксіз ораламыз. Сол себепті өлеңнің жеке дара ерекшеліктеріне тістей қатып, жармасын алмай, оның ішкі және сыртқы құрылымдық ерекшеліктерін өзара ұштастыра келіп, өлең деген өнердің нендей бір шығармашылық құбылысы екендігіне жалпылық анықтама беретін түсініктемеге жүгінуге тура келеді.

Оныншы, өлеңге жалпылық анықтама беретін көзқарас. Өлеңтанушы Джорж Сандияна өзінің «Өлеңнің негізі мен міндеті» атты еңбегінде «өлең - сезімдік идея мен ақылдық идеяны ұйқас заңдылығы арқылы әсерлі болған көркем тіл әрімен бейнелеп көрсететін пайымдау» деп өлең жайлы жалпылық анықтама берген көзқарасын ортаға қойса, қытай ақыны Го Моро өлең туралы өз түсінігін мынадай өрнекпен кескіндеп көрсетеді: өлең = (түйсік+ сезім+қиял) + үйлесімді көркем тіл [У Сыжиң 1987: 9]. Қытайдың 80 жылдардағы жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келген «Әдебиет теориясы» оқулығында өлеңге «өлең - қоғамдық өмірді жинақы бейнелейтін бір түрлі әдеби жанр. Ол сұрыпталған көркем тіл мен үйлесімді музыкалық ырғақ арқылы ақынның асқақ қиялы мен терең сезімін тікелей бейнелейтін ерекшелікке ие» деген анықтама береді. Қытайдың Таң дәуіріндегі (618 – 907) әйгілі ақыны Бай Жуй өлеңнің өзіндік ерекшеліктерін образды түрде жинақтай отырып, «Өлеңнің тамыры - сезім, жапырағы - тіл, гүлі - ырғақ, жемісі - мазмұн» деп, өлеңнің тұтас тұлғасын жеміс ағашына ұқсату арқылы өлеңге анықтамасын бейнелі тілмен атап көрсетеді [Хуаң Гаң 1992: 4]. Біздің ұлы кеменгеріміз Абайдың көзқарасы бойынша, өлең - ер данасы ғана қиыннан қиыстыра алатын сөз сарасы. Ол - ойға жеңіл, жүрекке жылы тиетін, «айналасы» теп-тегіс әрі жұп-жұмыр бір тұлғалы бүтін әлем. Қытай қазақтарының әдебиеттанушы ғалымы Әуелқан Қалиұлының көзқарасында “өлең - өмірді барынша жинақтап, оны шалқыған сезіммен, шарықтаған қиялмен, көркем тілмен, ұйқас қисынымен бенелейтін әдебиеттік форма” [Қалиұлы 1981: 193]. Есмағамбет Ысмайловтың пайымдауынша, “Лирика - жеке адамның өзіндік ой, тілегін айналасындағы табиғат, адамдарға ұқсатып суреттейтін поэзия” [Ысмайлов 1940:, 83] болып келетін болса, көрнекті ақын Сырбай Мәуленовтың мәлімдеуінше, “Поэзия - халқымыздың жан-жүйесінің жарқылы, сезімінің

сырлы шектерінің пернесі, оның эстетикалық көзқарасының сәулесі, оның эстетикалық арманының айнасы.” [8, 150] немесе “Поэзия - ақынның жаны, тамырын қуалап аққан қанның ары, ақынның отан алдындағы ожданы” [Мәуленов 1973: 150]. Ал өлеңтанушы ғалым Серік Негімовтың түсінігінше, «Поэзия - қоғам, табиғат, адам, арасындағы қатынастардың тұтастығын мұқияттайтын өнер саласы, оның үстіне музыкалық әуенмен поэтикалық тіл, дыбыс пен интонация, қайталаушы түр мен ұйқас, көркем кеңістік пен көркем шындық т.б. қабаттаса, астарласа өрілген, қисынын тапса, әсем қиысатын, алуан түрлі бояулармен сәулеленетін әрі сәулеттенетін көркемөнердің өзгеше бір тарауы» [Негімов 1970: 9]. Румынияның әйгілі ақыны Лушиан Благенің (1895-1961) өлең жайлы көзқарасы тіпті де өзгеше. Оның ойынша, өлең - миф пен символ, яғни, қиял құдіреті арқылы әлемнің құпиясын ой мен логикадан да тереңірек ашу.

Жоғарыда біз құлағынан тізіп отырған өлең туралы анықтамалардың бір-бірін қайталамайтындай алуан түрлі болуының өзі-ақ “өлең деген не?” деген сұраудың оңай-оспақ жауапқа қанағат ете қоймайтын, өте күрделі түйін екендігін аңғартады. Өйткені өлеңге анықтама беру нақтылы бірыңғай білімдік мәселе емес. Ол - өлеңтанушының философиялық тереңдігі мен әлеуметтік көзқарасы және эстетикалық талғамы мен көркемөнерлік тәрбиесіне тікелей қатысты, күрделі байланыстарға құрылған бір бүтін жүйелі әлем. Сондықтан да өлеңге әркім өз өресіне қарай өзіндік анықтама бергісі келеді. Кейбіреулер өлеңнің ішкі құрылымын баса дәріптесе, енді біреулер оның сыртқы түр жақтағы ерекшелігін көкке көтереді. Біреулер өлеңнің қоғамдық рөлін негізгі қасиеті деп таныса, тағы біреулер өлеңнің эстетикалық ләззатымен ғана тілдескісі келеді. Сөйтіп осындай түрлі-түстегі анықтамалардың қарша борауының нәтижесінде, күні бүгінге дейін өлең туралы әлі бір әлемдік өредегі ортақ анықтама бір түйінге жинақталып, жүйелі бір ғылыми теориялық деңгейге көтеріле қойған жоқ.

Қытайдың көрнекті ақыны Жаң Шомиң: «Өлең деген не? Оған анықтама беруге амалсызбын» [Жаң Шомиң 1982: 92] деген пікірін өлеңнің жанын өзіндік өреде танығысы келмейтін кейбір өлеңтанушылар мен ақындарға ой тастайтын көзқарас ретінде ортаға қойған сияқты. Бұл арада біз Б. Томашевский айтқандай: «Өлең туралы ойлардың көбі даулы, сондықтан бәрі қызық» [Қабдолов 1992: 283] екен деп, етек жеңді кеңге салып, өлең туралы анықтама беруге көз жұмып отырсақ, отыра береміз. Бірақ әрсіз де арзан қолды, сапасыз өлеңдерді

көргенде мүлде төзбейміз. Сондықтан өлең өнерінің нендей бір күрделі жасампаздық құбылыс екендігі жөнінде жан-жақтылы, терең тамырлы ізденіс жасау керек болып отыр. Ол жөнінде ізденгенде өлеңтанушы ғана емес, нағыз өлең жазғысы келетін ақылды ақындар да, академик Зейнолла Қабдоловтың: «Өлең туралы сөз - үлкен сөз. Бұл мәселеге тек ақындық нәзіктікпен ғана бару керек» [Қабдолов 1992: 350] деген өлеңтану бағдарламасын негізге алуы қажет. Өйткені нағыз өлеңнің нендей өнер құбылыс екендігін жете танымай тұрып, өлең жазу, азаматтық арға ақау келтіріп, өлең сынды кіршіксіз де киелі өнердің өңіне өшпес дақ түсіреді. Сол себепті біз «қисынын келтіріп, қиялдан тудырып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді» дейтін Ахмет Байтұрсынұлының аталы тұжырымына бас иеміз. Бұл арада біз “ақындық дарыған адам” деген анықтаманың мәнін өлеңнің қандай өнер құбылыс екендігін жетік түсінген әрі өлеңнің қыры мен сырының қалтарыс, қаппар, құпияларын толық меңгерген өзгеше бір ірі тұлға деп түсінуіміз керек.

Қорытып келгенде, өлең туралы бұл көзқарастардан шығатын қорытынды қазақ өлең өнеріндегі өзекті өлшемдер тізбегін белгілі бір теориялық жүйеге айналдырудың тетігін алғашқы қадамда қолға алу жағын қарастыру болып табылады. Нақтылап айтқанда, өлеңнің өзегі не? Қазақ өлең өнерінің сапалық құнын тексеретін өзекті өлшемдер қалай болу керек? Қазақ өлең өнерінде ағымдар мен шығармашылық топтар бар ма, жоқ па? Өлең тілінің жүйелі өлшемдерін қалай қалыптастыра аламыз? “Ақылдық өлеңдер” нағыз өлең бе, жоқ ұйқасқа түскен философиялық толғам ба? Қазақ өлеңтану ғылымындағы эстетикалық талғам мәселесінен туындайтын саналық сатылардан қазақ өлеңі жайлы нендей құпияларды аңғара аламыз? Сонымен бірге осы өлең анықтамаларын пайдалана отырып, өлең өнерінің ішкі иіріміне үңіле түсуге бола ма, жоқ па? - деген мәселеге нақтылы дәйектер арқылы жан-жақтылы толғанып, тұшымды жауап іздеуге тырысу біздің алдағы өлеңтану жақтағы міндетіміз болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- У Сыжиң. Өлеңнің негізгі қағидасы. – Пекен: “Жұмысшылар баспасы”, 1987.  
Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: “Қазақ университеті”, 1992. - 352 б.  
Омарқан Асыллов. // Шұғыла. – Үрімжі, 1981. № 9  
Тарихи өлеңдер жайлы пайымдаулар. 3-бөлім. “Жұң хуа баспасы”, 1983  
Хуаң Гаң. Өлең өнері. Қытай тілінде. - Үрімжі: “Шыңжаң университеті баспасы”, 1992. - 312 б.



- Калиұлы Ә. Жазудың негізгі білімдері. – Үрімжі, 1981. - 226 б.  
Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: “Қазақ мемлекет баспасы”, 1940  
Мәуленов С. Уақыт және қаламгер. – Алматы: “Жазушы”, 1973  
Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: “Ғылым”, 1970 -136 б  
Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: “Мектеп”, 1973. - 212 б.  
Гегель. Эстетика. 3-бөлім. – Пекин: “Сауда баспасы”, 1981  
Жаң Шомиң. // Ұлы қорған журналы, 1982. № 4

## **ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ ХУДОЖЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ В ТАТАРСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ XX ВЕКА**

Загидуллина Дания Фатиховна\*

### **Existential component of art consciousness in the Tatar literature of the XX century**

#### **ABSTRACT:**

The national literatures considered in the world literary process as a certain whole being represent unique spiritual and practical formations. National traditions, characteristic of each culture, give ideas of mentality, outlook, psychological “condition” of separate ethnos. In this regard studying of those aspects of art form and content of the work in which processes of national and cultural self-identification are clear is important. One of such spheres is the existentiality. In the Tatar literature of the XX century the existential component of consciousness had the activity periods at the beginning of the XX century and in the 1960th, within vanguard searches. Studying of the main existential motives which are shown during such periods allows to make a conclusion that the existential component of consciousness in the Tatar literature was nationally oriented, and has served transformation of art culture in general.

**KEY WORDS:** Tatar literature, existential component of art consciousness, national peculiarities of art and esthetic searches, motive, concept of the person.

Литературный процесс каждого народа имеет ряд специфичных признаков, вытекающих из особенностей восприятия мира, склада мышления и т.д. Изучение их открывает перспективы для определения процессов самоидентификации национальных литературно-художественных систем. Одним из таких свойств, присущих татарской литературе, выступает, по нашему мнению, экзистенциальность, которая хранит мировоззренческие особенности народа и конститутивные черты национального художественно-эстетического сознания.

\* Доктор филологических наук, профессор, Главный ученый секретарь Академии наук Республики Татарстан. E-mail: zagik63@mail.ru

Термин «экзистенциализм» мы рассматриваем как «движение в культуре», запечатлевающее в особой форме уникальные психологические трудности, с которыми человек сталкивается [Мэй 2004: 49]. Представлять человека не как объекта или субъекта, не как когнитивный опыт, а как «существование» – в этом, по мнению американского ученого Ролло Мэя, суть экзистенциализма.

Исходя из этих позиций, мы выделяем в татарской литературе специфическое крыло, которое объединило произведения, посвященные онтологической проблематике. В них были выражены новые, непривычные для татарской литературы мотивы, однако форма их репрезентации (приемы и интонации) оказались традиционными, исконно восточными. Поэтому мы сочли необходимым назвать это течение «литературой стенания» (сызлану эдэбияты), подчеркнув нетождественность экзистенциализму [Заһидуллина 2003: 80].

Необходимо отметить, что мы не первые в этом стремлении: еще в 1930-е гг. Г. Сагди определил данное явление в национальной литературе термином “нидачылык” [Сэгъди 1930: 41]: “нида” – в значении ропота, жалобы, скорби. К сожалению, за прошедшие десятилетия данное слово полностью исчезло из лексикона татар.

В своей монографии Р. Мэй, обращая внимание на взаимосвязь между экзистенциализмом и восточной философией, пишет: «Основным предметом исследования и в восточной философии, и в экзистенциализме являются онтология и бытие. И то, и другое направление стремятся найти связь с реальностью, которая преодолела бы расщепление между субъектом и объектом. (...) Основанием этих сходств является то, что восточной философией никогда не переживалось столь серьезное расщепление между субъектом и объектом, которое было характерно для западного мышления, и эта дихотомия и является как раз тем самым, что экзистенциализм стремится побороть» [Мэй 2004: 62].

В подобном ключе экзистенциальный компонент сознания в национальной культуре рассматривался гуманитариями начала XX века. Ученые-татары отмечали, что экзистенциальные мотивы (мотивы стенания) присутствуют в татарской культуре, начиная с народных песен. В частности, Г. Сагди детерминировал их особенностями менталитета и условиями проживания тюрко-татар [Сэгъди 1912: 43-51], Гали Рахим – характером мироощущения кочевых народов [Рэхим 2008: 114].

В истории татарской литературы мы обнаруживаем несколько периодов активизации экзистенциального начала художественного сознания. Один из них приходится на начало XX века и был связан с появлением в национальной культуре романтизма европейского типа и модернизма. По нашему мнению, именно формирование экзистенциального типа сознания обеспечило сохранение восточных традиций в татарской литературе, несмотря на резкую трансформацию религиозной картины мира в светскую, и способствовало установлению диалога между восточными и западными направлениями художественных поисков.

Исследователи европейского экзистенциализма утверждают, что он возник как ответ на кризисы общества, и Первую мировую войну называют фактором, способствовавшим его формированию [Зверев 1979: 12]. Начало XX века для татарского общества так же является временем осознания глубокого национального социокультурного кризиса. Творчеству многих поэтов и прозаиков данного времени присущ пессимизм, ставший основой экзистенциального мироощущения, которое выступает как свойство сознания человека – страдающего, одинокого, чувствующего, смертного, и как характерная черта национального сообщества, вставшего на путь возрождения.

Татарская литература начала XX века часто обращается к мотиву одиночества и отчуждения, причиной подобного мироощущения, как и в мировой литературе, является несоответствие идеала и реальности, а также несовершенство бытия или человека вообще. Однако основной лейтмотив татарской литературы данного периода – судьба нации, стремление поэтов и писателей к национальному возрождению – оказал влияние и на экзистенциальность. В татарской литературе возникает целый пласт произведений, в которых национальное сообщество рисуется в «пограничной ситуации» – в процессе становления, переживания кризиса, поиска непростых решений. Общеизвестен вопрос Габдуллы Тукая: «Наша нация умерла или только спит?». Мотив непробудного сна и призыв татар к пробуждению проходит красной нитью через творчество не только Тукая, М.Гафури, С.Рамеева, Ш.Бабича, но и прозаиков Г. Исхаки, Г. Ибрагимова, Г. Рахима и др.

Экзистенциальный мотив познания человеком себя, поиск своего места, смысла бытия через тревогу, отчаяние, отчуждение проявляется, прежде всего, в произведениях, в которых описы-

ваются современные авторам национальные проблемы. Вместе с тем, появляются произведения иного плана, прежде всего, философские, затрагивающие общечеловеческие проблемы. Но на фоне основного лейтмотива татарской литературы даже подобные произведения превращаются в сложные в смысловом отношении тексты, которые могут прочитываться и с точки зрения чисто национальной проблематики [Заһидуллина 2006: 31-39].

Например, самый распространенный в татарской литературе данного периода мотив, главная идея философии вообще – поиск смысла жизни – был активно заявлен в творчестве талантливого поэта Дәрдемнда в 1904-1907 гг. Любое описание природы, одушевленной поэтом, рождало ощущение сопричастности человека к величественной красоте бытия, в то же самое время чувствовалось желание лирического героя раскрыть его тайну: *«Гомерләрдер... Өөлмәктә сагышлар... / Дәвам итмәктәдер шиддәтле кышлар... / Гавалар тын... Кыеп очкан һома юк... / Азан ишетелсә дә, кыйбла-һома юк!»* («О дни мои... Печалям нет конца.../ Все продолжается суровая зима... / Небо тихое... Не летает птица счастья... / Хотя слышен азан, нет ориентира-компыаса». – Подстр. перев. наш) [Дәрдемнд 1980: 137]. На первый взгляд, стихотворение выражает печаль романтического героя, почувствовавшего на себе бег времени. Сожаление о быстротечности молодости и сожаление о невозможности понять суть сокрытого определяют основное содержание произведения. Вместе с тем, последняя строка: «хотя и слышится азан (призыв к молитве), нет ориентира» – прочитывается в национальном ключе.

Тема поиска смысла жизни в татарской литературе начала XX века была взаимосвязана с репрезентацией нового героя – интеллигента и интеллектуала, стремившегося осознать свое место в жизни вообще и в жизни татарского общества, в частности. Поэтому во многих произведениях причиной экзистенциального стелания является состояние татарского общества. В подобных произведениях основным средством изложения философской концепции выступают символы или мифологические образы («Татарка» (1909) Ф. Амирхана и т.д.).

Некоторые экзистенциальные мотивы, проявляющиеся в татарской литературе начала XX века, противоречили традиционным для мусульманского общества взглядам. Так, бытие в мире для философии экзистенциализма отождествляется с понятием свободы, вплоть до свободы ухода из жизни. Нэсеры-

рассказы татарских прозаиков, в которых затрагивается эта непростая ситуация, воспринимаются на фоне национальной литературы как произведения, выражающие чужую идеологию.

Еще одним «чужим» мотивом становится существование человека в мире без Бога, среди иррациональности и абсурда, в состоянии страха и тревоги. Презентовавшие данный мотив произведения («Среди фиалок» (1915) Г. Рахима, «В поисках попутчика» (1916) Г. Газиза, «Откуда? Куда?» (1916) М. Ханафи и др.), в которых ярче всего проявляется как процесс секуляризации, так и разрушения традиционной мусульманской картины мира, стали наиболее заметными, как реакция на возникающие в татарском обществе новые тенденции. Эта идейно-творческая установка могла быть обусловлена художественно-содержательной спецификой перечисленных произведений, в которых структурообразующую функцию выполняют дискуссия, спор, столкновение противоположных точек зрения, в конечном счете – сторонников «западного» и «восточного» путей развития татарского общества.

Таким образом, в татарской литературе начала XX века появилось характерное для экзистенциального типа художественного сознания проективное, неоднозначное восприятие человеком самого себя и национального сообщества. Такое отношение к действительности противоречило мусульманской философии, традиционной исламской картине мира. Но оно способствовало укреплению веры в возможности человека, который предстал способным не только мыслить и осознавать свое бытие, но и быть ответственным за себя и свою нацию, за жизнь вообще, способным взять судьбу народа и человечества в свои руки.

Перемены в общественно-культурной жизни после 1917 года привели к приостановлению подобных экспериментов. Советская идеология противоречила экзистенциальной концепции, которая была объявлена буржуазной. Главные экзистенциальные мотивы потеряли актуальность в результате идеологических перемен, или самими авторами были «спрятаны» в подтекст. Например, существование человека в мире без Бога стало свершившимся фактом. В т.н. диссидентской литературе или в классической литературе – в подтексте на первый план вышел мотив разрушения или вырождения человечности из-за идеологических перекосов. Этот экзистенциальный мотив стал лейтмотивом повести Ф.Амирхана «Шафигулла агай» (1923). Он был представлен и в модернистской поэзии 1920-1930-х

гг. Например, филолог по образованию, эстет и интеллектуал Г.Кутуй создает в своих стихотворениях 1920-х гг. образ лирического героя – «представителя масс», нигилиста, который отрицает все ценности прошлого. Лирический герой, убивший своего дядю, воспитавшего его, или демонстрирующий отказ от предшествующей культуры, становится символом эпохи. В подтексте, образующем второй план содержания, трагический пафос соединяется с ироническим и становится формой репрезентации экзистенциального типа художественного сознания [Загидуллина 2013: 154-164].

Следующий этап активности экзистенциального начала приходится на середину XX века. Авангардные явления, появившиеся в татарской литературе после 1956 г., возникли как часть социально-политических изменений в обществе, и многие особенности авангардной литературы были обусловлены ограниченностью свободы художественного творчества. Однако тесная взаимосвязь татарской литературы 1960-1980-х гг. с культурой начала века, стремление татарских писателей и поэтов к возрождению национальных литературных традиций привели к тому, что авангард приобрел национальную специфику. С целью обозначить национальное своеобразие данного феномена в татарском изобразительном искусстве используется даже специальный термин – «татавангард» [Нигматуллина 2011: 10-11]. В какой-то мере термин оправдан: концепция человека, ставшая основой авангардных изменений в татарской литературе, опирается на национального героя, сына своего народа, достойного представителя сильного рода и т.д. В рамках авангарда меняется отношение к прошлому: дореволюционная действительность начинает изображаться в светлых тонах, воспеваются народная мудрость, накопленная веками, этнические особенности быта, национальные черты характера, менталитета, философии, мировоззрения и т.д. Кроме того, литература начинает уделять большое внимание проблемам и перспективам современной национальной жизни.

Ключевыми категориями авангарда в татарской поэзии середины XX века, способствовавшими созданию новых контуров самой литературы, стали «родная земля», «народ (нация)», «наше прошлое». «Культура «мы» для татарского авангарда – национальная культура, «мы» – татары, и философия коллективизма, прежде всего, нациеориентирована» [Загидуллина 2015: 9-34]. Из этого вытекает основной экзистенциальный мотив татарской литературы данного периода:

поиск этнонациональных ценностей. Появляется тревога за утрату прежних традиций, осознается необходимость сохранения исторической памяти. Результатом этого стало появление большого количества стихов о сабантуе, обрядах и обычаях, о письменности в татарской истории, писателях средневековья, отдельных исторических событиях и пр. Понятия отчизна-нация-народ воспринимаются как синонимы, и начинают использоваться в неразрывной связи. В прозе 1960-х гг., прежде всего, в творчестве А.Еники, отчетливо вырисовывается национальное начало и оно носит характер постановки актуальных проблем национальной жизни (утрата языка, обесценивание понятия «родная земля», исчезновение древних обычаев, вечных ценностей, изменение понятия красоты и т.д.). К национальным проблемам писатель приходит через мотив противоречия между поколениями. Постепенно этот мотив в его творчестве становится основной темой. В рассказах «Туган туфрак» («Родная земля», 1959), «Матурлык» («Красота», 1964) и др., повестях «Әйтелмәгән васыять» («Невысказанное завещание», 1965), «Гөләндәм туташ хатирәсе» («Вспоминая Гуляндам-туташ», 1975) и др. важным для татарского народа проблемам Еники придает общечеловеческий масштаб и экзистенциальное звучание [Заһидуллина 2015: 186-211].

Еще два экзистенциальных мотива стали структурообразующими для татарского авангарда. Прежде всего, в подтексте, при помощи приемов эзопова языка, был еще раз заявлен мотив разрушения или вырождения человечности из-за идеологических перекосов. Этот мотив в творчестве Гамиля Афзала привел к формированию новой концепции личности: трусливого, пугливого, двуликого человека как порождения тоталитарного режима [Заһидуллина 2015: 55-63]. При активном участии данного мотива были заложены основы критики тоталитаризма в творчестве А.Гилязова, Ш.Хусаинова, М.Юныса и др. Другая крайность – стремление к сохранению в человеке человеческого, его свободы как возможность ухода от любых ограничений – предстает в поэтическом творчестве Р.Файзуллина 1960-х гг. Концепция личности, привнесенная Р.Файзуллиным, была построена на пересечении двух противоположных тенденций: стеснения (в результате исчезновения свободы духа, чувства достоинства, вкуса высоты полета) и экспрессивного стремления и призыва к такой свободе [Заһидуллина 2015: 35-54].

Таким образом, в татарской литературе второй половины



XX века наблюдается активность экзистенциального типа художественного сознания в рамках авангардных экспериментов. Это явление было связано с поиском путей возвращения к художественным традициям и истокам, способствовало укреплению национальной идентичности и самосознания в литературе. Поэтому мы приходим к заключению, что экзистенциальный компонент сознания в татарской литературе, пришедший в начале XX века на смену религиозному компоненту сознания, был нациеориентирован, послужил трансформации художественной культуры в целом, и в течение всего XX века способствовал сохранению национальных особенностей мироотражения вообще и смыслопорождения в частности.

#### ЛИТЕРАТУРА

- Мэй Р. Открытие Бытия. М.: Институт Общегуманитарных Исследований, 2004. 224 с.
- Заһидуллина Д.Ф. Модернизм һәм XX йөз башы татар прозасы. Казан: Татар. кит. нәшр., 2003. 255 б.
- Сәгъди Г. Пролетариат диктатурасы дәверендә татар әдәбияты. Казан, 1930. 200 б.
- Сәгъди Г. Әдәбият ысуллары. Оренбург, 1912. 53 б.
- Рәхим Г. Халык әдәбиятына бер караш (1914) // Гали Рахим: историко-документальный, литературный и биографический сборник. / Сост. Р.Марданов, И.Хадиев. Казань: Джиен, 2008. С. 71-116.
- Зверев А.М. Модернизм в литературе США: формирование, эволюция, кризис. М.: Наука, 1979. 301 с.
- Заһидуллина Д.Ф. Дөнья сурәте үзгәрү: XX йөз башы татар әдәбиятында фәлсәфи эсәрләр: Монография. Казан: Мәгариф, 2006. 191 б.
- Дәрдемәнд. Исә жилләр. Шигырьләр. Казан: Татар. кит. нәшр., 1980. 256 б.
- Загидуллина Д.Ф. Модернизм в татарской литературе первой трети XX века: Монография. Казань: Татар. кн. изд-во, 2013. 207 с.
- Нигматуллина Ю.Г. Татавангард и современный цивилизационный процесс. Казань: Изд-во "Фэн" АН РТ, 2011. 56 с.
- Заһидуллина Д.Ф. 1960-1980 еллар татар әдәбияты: яңарыш мәйданнары һәм авангард эзләнүләр: Монография. Казан: Татар. кит. нәшр., 2015. 383 б.

## TATAR DESTANI İDEGEY'DE BOZKIR VE GÖÇEBE HAYAT

Çulpan ZARİPOVA ÇETİN\*\*

### Steppe and life of nomads in the Tatar epic İdegei

\* Türkiye Cumhuriyeti Kafkas Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Slav Dilleri ve Edebiyatları Bölümü Öğretim Üyesi, Yrd.Doç.Dr. E-mail: chulpancetin@gmail.com

ABSTRACT:

Tatar folk epic «Idegei» is a product that unites and brings together many of the Turkic peoples. These people have lived for centuries in a great state of the Golden Horde. Descriptions of the steppe and customs, beliefs, habits and way of life are an integral part of the steppe life. So naturally it is woven into the epic content. Through them we learn the history, philosophy of life, national characteristics and moral and cultural values of the people.

KEY WORDS: Tatar, Idegei, epic, steppe, nomads.

